

3+Дәріс 1.Қазақстан Республикасының құқығының негіздері» курсының пәні және жүйесі. Мемлекет теориясының негіздері.

Дәрістің мақсаты: «Құқық негіздері» пәнінің ерекшелігі түсіндіру. Құқық негіздерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік жүйесін талдай отырып мемлекет пен азаматтар арасындағы қатынастардың құқықтық сипатын анықтау. Мемлекеттің белгілері, нысаны, түрлері және оның қызметтері. Мемлекет теориясының негіздері. «Қазақстан Республикасының Құқық негіздері» пәнін бүгінгі күні оқыту себептері және қажеттілігі.

Дәріс жоспары:

- 1.Мемлекет ұғымы, түрлері, құрылымы және теориялық негіздері.
- 2.Мемлекеттің белгілері, нысаны, түрлері және оның қызметтері.
- 3.Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.
- 4.Қазақстан Республикасы- құқықтық және әлеуметтік мемлекет.

1.Құқық негіздері пәні, әдістері және жүйесі.

«Құқық негіздері» пәні қоғамдық ғылымдардың бір саласы ретінде мемлекет пен құқық құбылыстарының пайда болуын және олардың бір- бірімен байланысын, осы құбылыстардың теориялық негіздерін, құқықтың салаларын, олардың әдіс-тәсілдерін біліп түсінуге мүмкіндік беретін, пән. Сонымен қатар бұл пән қазіргі кезеңде қалыптасып келе жатқан мемлекеттің жаңа түрі құқықтық мемлекетті, оның белгілері мен ерекшеліктерін оқып түсінуге, бұндай мемлекеттік дамудың демократия мен азаматтық қоғам орнатуға алғы шарттар жасауға көмектесетінін түсіндіретін қоғамдық пәннің бір саласы.

Құқық негіздері пәнінің әдіс-тәсілдері:

- 1.Жалпылама әдістер (диалектикалық-материалистік)
 - 2.Жалпы ғылыми әдістер (талдау, жүйелеу, синтездеу)
 - 3.Жекеленген әдістер (салыстырмалы, міндеттеу, социологиялық, статистикалық т. б.)
- Жалпы заң ғылымдары жүйесі жағынан бірнеше топқа бөлінеді:
- 1.Теориялық заң ғылымдары. Оларға мемлекет және құқық теориясы жатады.
 - 2.Мемлекет пен құқық тарихы. Оларға Қазақстан Республикасы, басқа да елдердің мемлекеті мен құқығының тарихы жатады.
 - 3.Салалық заң ғылымдары (азаматтық, конституциялық, әкімшілік, қылмыстық, еңбек т.б.)
 - 4.Арнаулы заң ғылымдары (криминалистика, сот медицинасы, сот психиатриясы, экспертиза, сот статистикасы т.б.)

2.Мемлекет ұғымы, оның белгілері, түрлері, құрылымы және теориялық негіздері.

Мемлекет мәселесін қарастыруды алдымен қоғамнан бастауымыз керек **Қоғам**- адамдардың ұйымдасуы мен өмір сүруінің нысаны болып табылады. Оның шеңберінде материалдық және рухани игіліктер өндіріліп, тұтынылып айырбасталауы белгілі бір тәртіпті, адамдар арасындағы қарым-қатнастардың орнықтылығы мен тұрақтылығын нығайтуды қажет етеді. Ол үшін адамдардың мінез-құлығын басқару және реттеуді жүзеге асыратын ерекше құрал керек. Содай құрал ретінде мемлекет пайда болған. Мемлекет қоғамның негізінде пайда болады және сол қоғамның даму нәтижесі болып табылады. Адамдар алдымен қауымға, содан кейін туыстық жағынан біріккен руларға бірікті. Бірнеше рулар тайпаға айналды. Өндіргіш күштердің дамуы нәтижесінде басы артық өнім пайда болды. Соның негізінде жеке меншік шықты, әлеуметтік таптар қалыптасты. Нәтижесінде қоғамдағы қалыптасқан қайшылықтарды үйлестіріп, оны ұйымдастыратын ұйым мемлекет пайда болды. **Мемлекет** – қоғамды басқаруды жүзеге асыра отырып оның өмір сүруін қамтамасыз ететін адамзат қоғамын ұйымдастырудың айрықша формасы болып табылады. Мемлекеттің саяси ұйым ретіндегі белгілері:

1. Аумағының (территориясының) болуы. Мемлекет сол территорияда үстемдік етіп, заң шығарушы, атқарушы және сот билігін жүзеге асырады.
2. Саяси билігінің болуы. Мемлекет арнайы ұйымдар армия, сот, құқық қорғау органдары арқылы саяси билікті жүзеге асырып қоғамның тұрақтылықғы мен дамуын қамтамасыз етеді.
3. Тәуелсіздігі және егемендігі; Мемлекет өз билігін ішкі және сыртқы жағдайлардан тәуелсіз жүргізеді.
4. Мемлекеттік биліктің жариялық сипаты; Биліктің жариялылығы дегеніміз сол билікті мемлекет азаматтарының қолдап, мойындауы, биліктің заң негізінде жүзеге асырылуы
5. Заң шығару, оған бағындыруды жүзеге асыруы. Мемлекет қоғамды заңдар шығару соның негізінде қоғамдық қатнастарды реттеу арқылы басқарады. Ол үшін арнайы органдар құрады.

(сот, прокуратура құқық қорғау органдары, т.б.)

6. Халықтан салық жинау. Салық жинау арқылы мемлекет өзінің өмір сүруіне қажетті қаражатты қамтамасыз етеді. Осы мақсатта арнайы органдар құрады. Салық жинауға тек мемлекеттің ғана құқығы бар.

7. Мемлекеттік рәміздері мен мемлекеттік тілінің болуы. Мемлекеттік рәміздерге мемлекеттің жалауы, гимні, гербі жатады. Ең алғаш жалау ертедегі гректерде болған. Ал римдіктер найзаға байланған төртбұрышты матадан жасалған жалауды пайдаланды. Мемлекеттік жалау қазіргі түрде ең алғаш Данияда 1219 жылы, Швейцарияда 1229 жылы, 1785 жылы АҚШ-та, 1805 жылы Италияда шықты. Мемлекет басқару қызметін атқаратын және оның көмегімен қоғамның тіршілігін қамтамасыз ететін, оған қажетті алғышарттар жасайтын ұйым.

Мемлекеттің нысанының түрлері:

1. Басқару нысаны
2. Мемлекеттік құрылымы
3. Саяси режимі.

Басқару формасына қарай мемлекеттің екі түрі бар. Олар: монархия және республика. Монархия- мемлекеттік биліктің атадан балаға мұрагерлікпен берілуімен сипатталады. Монархия абсолютті және конституциялы болып екіге бөлінеді. Республика- мемлекеттік билікті заңмен белгіленген мерзім ішінде сайланатын бір немесе бірнеше органдардың атқаруымен сипатталады. Республиканың үш түрі бар: президенттік республика және парламенттік республика. Аумақтық құрылымы жағынан мемлекеттің үш түрі бар: унитарлы, федеративті, конфедеративті. Унитарлы мемлекет біртұтас, құрамында дербестігі бар (автономды) мемлекеттік құрылымдары жоқ, әкімшілік- аумақтық бөліністерден тұратын мемлекет. Унитарлы мемлекетте жоғарғы билік органдары, басқару, сот органдары бүкіл ел үшін біртұтас, бір конституция, бір құқықтық жүйе, бір азаматтық болады. Федеративті мемлекеттер дегеніміз құрамында екі, үш немесе одан да көп мемлекеттер немесе бірқатар дербестігі бар мемлекеттік құрылымдар кіретін мемлекет. Конфедерациялық мемлекет дегеніміз бірнеше мемлекеттердің белгілі бір мақсаттарға сәйкес бірігуі немесе одағы. Ондай мақсаттар экономикалық, әскери, дипломатиялық немесе этникалық мақсаттар болуы мүмкін. Конфедерацияға біріге отырып мемлекеттер тәуелсіздігін сақтайды. Конфедерацияға бұған дейін конфедерация болып 1781 жылдан бастап федерацияға көшкен АҚШ-ты, 1815-1848 жылдардағы швецар одағын құрған Швейцарияны жатқызуға болады. Мемлекеттің басқару түрлерін, мемлекеттің пайда болуын шартты түрде екі түрлі модельге бөліп қарастыруға болады. Олар батыстық және шығыстық модельдер. Саяси режим дегеніміз – мемлекетте саяси биліктің жүзеге асырылу әдістері мен тәсілдері. Саяси режим демократиялық және антидемократиялық болып екіге бөлінеді. Антидемократиялық режимдерге авторитарлық және тоталитарлық режимдер жатады.

Мемлекеттің пайда болуы туралы теориялар:

Мемлекеттің пайда болуы туралы теориялар:

1. Теологиялық теория мемлекет құдай әмірімен жаралды деп түсіндірді (Ф. Аквинский, А. Аврелли)
2. Патриархалдық теория мемлекеттің пайда болуын отбасының өсуімен байланыстырды, және мемлекетте болып жатқан процесстердің реттелуін отбасымен сабақтастырды (Аристотель, Платон Фильмер)
3. Органикалық теория мемлекетті тірі организмге ұқсастырады (Г. Спенсер)
4. Қоғамдық келісім теориясы. Бұл теория бойынша мемлекет адамдар арасындағы ерікті келісім нәтижесінде пайда болды. Адамдар өзінің күнделікті тіршілігінде тәртіпті сақтау үшін, әртүрлі қолсұғушылықтардан қорғану үшін мемлекетке бірігуге келіседі, және сол мемлекетке қажетті билікті береді. (Г. Гротций, Спиноза, Д. Локк, Т. Гоббс, П. Гольбах, Ж.Ж. Руссо Ш. Монтескье)
5. Күштеу теориясы. Бұл теория бойынша мемлекет бір тайпаның екінші тайпаны жаулап алып, бағындырылған тайпаны басқару үшін құрылған. (Е. Дюринг, Л. Гумплович, К. Каутский)
6. Психологиялық теорияның түсіндеруі бойынша мемлекет адамдардың бірігіп өмір сүруге психологиялық қажеттілігінен туындайды. (Петражицкий)
6. Материалистік (таптық) теория. Мемлекет таптардың арасындағы қайшылықтар нәтижесінде туындайды, мемлекет бір таптың екіншіні қанау құралы деп түсіндірді. (К. Маркс, Ф. Энгельс, В. Ленин)

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері., Алматы 2005
2. Баққұлов С.Д. Құқық негіздері., Алматы 2005
3. Оспанов К.И. Құқық негіздері, Алматы 2007
4. Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
5. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық Алматы 2005

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

1. Мемлекет дегеніміз?
 - А. заңдылықты, қоғамдық тәртіпті сақтайтын, заң шығаратын, құқықтың негізгі институты;
 - В. саяси ұйым;
 - С. құқықтық институт;
 - Д. қоғамдық бірлестік;
 - Е. бірлескен ұйым;
2. Мемлекеттің шығуын, пайда болуын тірі организм, табиғат тәрізді түсіндіретін теория:
 - А. органикалық;
 - В. теологиялық;
 - С. психологиялық;
 - Д. тарихи;
 - Е. маркстік;
3. Мемлекеттің шығуын, пайда болуын адамның психикасының ерекше қасиеттерімен түсіндіретін теория:
 - А. психологиялық;
 - В. теологиялық;
 - С. органикалық;
 - Д. тарихи;
 - Е. маркстік;

4.Мемлекеттің шығуын, пайда болуын қоғамдық еңбек бөлінісінің, отбасының, жеке меншіктің шығуымен түсіндіретін теория:

- А.маркстік;
- В. теологиялық;
- С. органикалық;
- Д. тарихи;
- Е. психологиялық;

5. Дуалистік монархияның белгілерін атаңыз?

- А. аталғандардың барлығы дұрыс;
- В. монархтың билігімен қатар парламент,үкімет сияқты жоғары мемлекеттік органдардың болуы;
- С. парламент мүшелерін монархтың тағайындауы;
- Д. үкімет мүшелерін монархтың тағайындауы;
- Е. монарх нақты мемлекет басшысы қызметін атқаруы.

6. Мемлекеттің аумақтық құрылымының пішіні:

- А. Республика,монархия;
- В. Орталық және жергілікті билік органы;
- С. Демократия,антидемократия;
- Д. әкімшілік аумақтық бірлік;
- Е. унитарлық,федерациялық,конфедерациялық;

7. Көрсетілген белгілердің қайсысы мемлекеттің белгісіне жатпайды:

- А.Азаматтық қоғам;
- В. Мемлекеттің аумағы;
- С. Салық жүйесі;
- Д. Заң;
- Е. Тәуелсіздік;

8. Мемлекеттің шығуын,пайда болуын құдайдың рекімен түсіндіретін теория:

- А.Теологиялық;
- В. Материалистік;
- С. Идеалистік;
- Д. Құдай ілімі;
- Е. Патерналистік;

9. Көрсетілген белгілердің қайсысы құқықтық мемлекет белгісіне жатпайды:

- А. мемлекет үстемдігі;
- В. құқық үстемдігі;
- С. биліктің шынай бөлінуі;
- Д. азаматтық қоғамның дамуы;
- Е. мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігі;

Дәріс 2. Құқық теориясының негіздері. Мемлекет және құқық теориясының қалыптасуы мен дамуының тарихы.

Дәрістің мақсаты: Құқық ұғымы,қызметі, қағидалары, оның теориялық негіздерін түсіндіру.Құқықтық норма,құқықтық қатынастар,құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік.Мемлекет және құқықтық қоғамның түсінігі. Кеңестік Қазақстандағы мемлекет және құқық теориясының негігі бағыттарын айқындау. Тәуелсіз Қазақстандағы мемлекет және құқық теориясының дамуын түсіндіру.

Дәріс жоспары:

- 1.Құқық ұғымы,жүйесі, оның және теориялық негіздері.
- 2.Құқықтың түсінігі, қағидалары, нормалары және оның құрылымы
- 3.Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік.
- 4.Мемлекет және құқық теориясының қалыптасуы.

1.Құқық ұғымы, оның белгілері, құрылымы, жүйесі және теориялық негіздері.Құқық дегеніміз мемлекет шығарған, бекіткен, орындалуы мемлекеттік аппараттың күшімен қамтамасыз етілетін, жалпыға бірдей міндетті, нормаларының жиынтығы. Ең алғашқы жазбаша құқықтық нормаларға ежелгі Вавилондағы (1901жылы француз археологиялық экспедициясы Сузы қаласынан тапқан) 282 баптан тұратын Хамурппи патшаның заңдарын жатқызуға болады. **Құқықтың қоғам өмірінде қызметі:** 1.Реттеушілік қызметі- қоғамдық қатнастырдың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін адамдар арасындағы, адамдар мен мемлекет арасындағы қатнастарды нақты құқықтық нормалармен реттеуінен көрінеді

2.Қорғаушылық қызметі-азаматтардың құқықтыры мен бостандықтарын қауіпті әрекеттерден қорғауда мемлекеттік органдардың қызметі нәтижесінде жүзеге асады.

3.Гуманистік қызметі- құқықтың қоғамдық әділеттілік, адамгершілік құндылықтарды насихаттауында

4.Тәрбиелік қызметі- заңды түсініп біліп, орындауға тәбиелеуінде.

5.Идеологиялық қызметі құқық белгілі бір құндылықтарды насихаттай отырып қоғамдық санаға ықпал етуінде жүзеге асады.

Құқық туралы негізгі теориялар: табиғи, тарихи, реалистік, социологиялық, нормативтік, психологиялық, материалистік теориялар.

Құқықтың белгілері: жүйелілігі, нормативті сипаты, формальді анықтылығы, мемлекеттің күшіне сүйенуі, жалпыға міндеттілігі. Құқықтың жүйелілігінің негізін конституция құрайды басқа заңдар соған сәйкес болуы керек. Құқықтың нормативтік сипаты- рұқсат етілген тыйым, салынған және атқаруға міндетті әрекеттерді нормалап анықтау арқылы қоғамдық қатнастарды реттеуінде. Құқықтың формальді анықтылығы оның қағидаларының нақтылығынан көрінеді. Заңда әрбір ұғым, әрбір сөз сол заңда көрсетіліп түсіндірілген мағынада ғана қолданылуы тиіс. Құқықтағы тұжырымдарды өздігінше өзгертуге ешкімнің құқы жоқ.. Құқық мемлекеттің күшіне сүйенеді. Мемлекет оның органдары құқықтың жүзеге асуына көмектеседі, жағдай жасайды. Құқық жалпыға бірдей міндетті, әрбір азамат заңдарды орындауға міндетті.

Құқықтық мемлекет дегеніміз бүкіл іс қимылы заң талабы шеңберінде әрекет ететін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қамтамасыз етілетін, оған кепілдіктер беретін мемлекет. Құқықтық мемлекеттің белгілері:

- 1)мемлекеттік биліктің үш тармаққа бөлінуі;
- 2)заң үстемдігі;
- 3)заң алдында адамдардың теңдігі;
- 4)мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігі;
- 5)азаматтардың құқықтық санасының және құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейде болуы;
- 6)барлық қоғам мүшелерінің заңды орындауын бақылау; дамыған азаматтық қоғам, нарықтық экономика, құқық қорғау органдарының тиімді жүресінің болуы, заңдардың халқаралық құқық нормаларға сәйкестігі т.б.

Құқықтың қайнар көздері: құқықтық әдет, құқықтық прецедент (үлгі), құқықтық нормативтік шарттар, нормативтік- құқықтық актілер. Құқықтық әдет – қоғам тарихында, мемлекеттің қалыптасу кезеңінде пайда болған халықтың әдет- ғұрпымен тығыз байланысты (Ману заңы, вараврлық правдалар, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» т.б.) Құқықтық прецедент – соттың немесе мемлекеттік органның нақты бір істі қарап, шешім қабылдаған үлгі. Құқықтық нормативтік шарттар –

қоғамдық қатнастарды реттейтін екі немесе бірнеше жақтар жасаған шарт (халқаралық шарттар, ұжымдық шарттар т.б.) Нормативті құқықтық актілер – мемлекет қабылдаған және қорғайтын құқықтың қайнар көзі. Нормативті актілер заң және заңға бағынышты актілер болып бөлінеді. Нормативті құқықтық актілерді жасау құқықтық шығармашылық (заң шығармашылық) деп аталады. Заң шығармашылық мынандай сатылардан тұрады:

- 1) Заң шығару бастамасы
- 2) Күзіретті органдардың заң жобасын дайындау туралы қаулы қабылдауы
- 3) Нормативті актінің жобасын дайындау және оны алдын ала талқылау
- 4) Парламентте талқылау
- 5) Нормативті актіні қабылдау, бекіту
- 6) Қабылданған актіні жариялау

Нормативтік- құқықтық актілерді жүйелеудің үш түрі бар: кодификация, инкорпация, консолидация.

Кодификация- нормативтік актілерді мазмұнын өзгертіп, бір-біріне сәйкестіріп жүйелеу.

Инкорпация – нормативтік актілерді мазмұнын өзгертпей сала бойынша, алфавит бойынша немесе шыққан уақытына сәйкес жүйелеу.

Консолидация – бір құқықтық саладағы нормативтік актілерді мазмұнын өзгертпей жүйелеу.

Құқықты жүзеге асырудың төмендегідей тәсілдері бар:

- құқықты сақтау (тыйым салынған әрекеттерді жасамау, одан бас тарту);
- құқықты орындау (жүктелген міндеттерді орындау үшін белсенді әрекеттер жасау);
- құқықты пайдалану (тұлғаның өзіне берілген құқықтыр мен бостандықтарды пайдалану еркі);
- құқықты қолдану (құзырлы мемлекеттік органдардың құқықты жүзеге асыруға бағытталған қызметі);

Құқықтық норма дегеніміз – қоғамдағы қатнас субъектілерінің құқықтыры мен міндеттерін реттеп, басқарып отыратын жалпыға бірдей, мемлекетпен қамтамасыз етілетін ереже.

Құқықтық норманың құрылымы үш элементтен тұрады. Олар: диспозиция, гипотеза, санкция.

1.Гипотеза құқықтық норманың жорамалы, құқықтық норманы қолдану немесе қолданбау үшін қажетті мән-жайларды көрсетеді.

2.Диспозиция мінез-құлық ережесі, яғни субъектілердің құқықтары мен міндеттері.

3.Санкция көрсетілген нақты диспозицияны орындағаны немесе орындамағаны үшін қолданылатын шара.

Құқықтық норманың түрлері:

- 1.Қоғамның әр саласына қарай өндірістік, ауыл шаруашылық, құрылыс, мәдениет, экономика, әлеуметтік т.б. бағыттағы нормалар;
2. Құқықтың әр саласына қарай конституциялық, азаматтық, қылмыстық, еңбек, отбасы, әкімшілік т.б. саладағы нормалар;
3. Атқаратын жұмысына қарай нормалар екіге бөлінеді: реттеуші және қорғаушы нормалар;
4. Мазмұнына қарай құқықтық нормалар үшке бөлінеді: міндеттеуші, тыйым салушы, ерік беруші;
- 5.Пайдаланатын тәсіліне қарай императивтік және диспозитивтік нормалар болып бөлінеді.

Құқықтық қатнастар дегеніміз – құқыққа байланысты, құқық негізінде туындайтын қатнастар.

Құқықтық қатнастардың түрлері: материалды және процессуалды

Құқықтық қатнастың құрамы: субъект, объект, субъективті құқық, заңды міндеттер

Құқықтық қатнастың субъектісі – жеке адам және заңды тұлғалар.

Құқықтық қатнастың объектісі – құқықтық қатнас бағытталған нәрсе.

Субъективтік құқық – құқықтық қатнасқа түсушілердің құқықтары

Заңды міндеттер – құқықтық қатнасқа түсушілердің міндеттері

Құқықтық қатнастардың пайда болу, өзгеру және аяқталу негіздері – заңды айғақтар болып табылады. Заңды айғақтардың түрлері: оқиғалар және әрекеттер.

Оқиғалар – адам еркіне байланысты емес өмір жағдайы. Әрекеттер – адамның еркіне байланысты пайда болатын заңды айғақтар. Әрекеттер құқыққа сай (заңды әрекет) және құқыққа қарсы (заңсыз әрекет) болып бөлінеді. Заңды әрекет – заңның талаптарына сәйкес келетін, субъектілердің құқықтарын бұзбайтын мінез- құлық. Заңсыз әрекет- заң талаптарын бұзатын, субъективтік құқықтарға нұқсан келтіретін әрекет.

Құқық бұзушылық – құқыққа қарсы, қоғамға қауіпті, кінәлі, жазаланатын әрекет немесе әрекетсіздік.

Құқық бұзушылықтың түрлері: теріс қылық және қылмыс. Теріс қылық әкімшілік, азаматтық және тәртіптік болып бөлінеді. Қылмыс теріс қылықтан шектен тыс қауіптілігімен ерекшеленеді. Сондықтан қатаң жазаланады.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1.Булгакова Д.А.Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.

2.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы:оқулық/Қ.Д.Жоламан.-Алматы:Нұр-пресс.-2007.-295 б.

3.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы .Алматы:Нұр-Пресс.-2008.-1 CD; 124 Мб.

4.Сапарғалиев Ғ.С.Мемлекет және құқық теориясы.Ғ.С.Сапарғалиев, С.А.Ибраева.- Астана:Фолиант.-2007.-336

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

1.Құқық негіздері пәнінің әдіс-тәсілдері:

А. аталғандардың барлығы дұрыс;

В. жалпылама;

С. жалпы ғылыми;

Д. жекеленген;

Е. құқық негізі пәні жүйесі;

2.Құқық нормасы құрылымының элементіне не жатады:

А. гипотеза;

В. теория;

С. дедукция;

Д. пән;

Е. институция;

3.Объективтік құқық дегеніміз:

А. қоғамдық қатынастарды реттеуші нормалық жүйе;

В. мемлекет пен құқықты оқыту пәні;

С. адам құқығы;

Д. азаматтар құқығы;

Е. адам мен азаматтар құқығы;

4.Құқықты жүзеге асырудың тәсілдеріне не жатпайды:

А. басылым;

В. сақтау;

С. атқару;

Д. пайдалану;

Е. қолдану;

4.Құқық нормасы құрылымының элементіне не жатады:

- А. гипотеза;
- В. теория;
- С. дедукция;
- Д. пән;
- Е. институция;

5.Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң күші бар нормативтік актісі?

- А. қаулы;
- В. жарлық;
- С. кодекс;
- Д. жарғы;
- Е. рекомендация;

6.Объективтік құқық дегеніміз:

- А. қоғамдық қатынастарды реттеуші нормалық жүйе;
- В. мемлекет пен құқықты оқыту пәні;
- С. адам құқығы;
- Д. азаматтар құқығы;
- Е. адам мен азаматтар құқығы;

7.Құқықты жүзеге асырудың тәсілдеріне не жатпайды:

- А.басылым;
- В. сақтау;
- С. атқару;
- Д. пайдалану;
- Е. қолдану;

8.Құқықты жүзеге асырудың тәсілдеріне не жатпайды:

- А. басылым;
- В. сақтау;
- С. атқару;
- Д. пайдалану;
- Е. қолдану;

Дәріс 3. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығының негіздері

Дәрістің мақсаты: Бұл пәнді оқытудың мақсаты конституциялық құқықтық дәрежелер мен құбылыстарды талдау, сондай-ақ Қазақстанның конституциялық даму процессін оқып үйрену болып табылады. Қазіргі мемлекеттік-құқықтық тәжірибеде қолданылатын конституциялық құқықтық институт және реттеу әдістері туралы; қоғам мен мемлекеттің негізгі заңы ретінде түсіндіру, анықтау, мазмұнын ашып көрсету. Қ.Р. конституциясының функциялары мен қағидаларының жалпы мазмұны туралы; Қ.Р. конституциясының дамуының негізгі кезеңдері туралы – көрінісболуы қажет.

Дәріс жоспары:

1. Конституциялық құқық және оның әдіс - тәсілдері мен жүйесі.
2. ҚР-ның конституциялық қоғамдық құрылымы.
- 3.Адам және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары, міндеттері.
4. Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі

1. Конституциялық құқық және оның әдіс- тәсілдері мен жүйесі.

Конституциялық құқық – Қазақстан мемлекеті мен қоғамының құрылысын, мемлекеттік билікті ұйымдастыруды, азамат пен мемлекет арасындағы қатнастарды реттейтін құқық саласы.

Конституциялық құқық нормаларымен мемлекет пен қоғам өмірінің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалары реттеледі. Конституциялық құқық Қазақстан Республикасының құқық жүйесінің жетекші саласының бірі болып табылады. Конституция деген (термин) ұғым латынның *constitutio* деген сөзінен шыққан, жарлық, жарғы деген мағынаны білдіреді. Ең алғашқы конституция 1787 жылы АҚШ-та сонан соң 1789 жылы Францияда қабылданды. Конституция қоғам мен мемлекетте ең жоғарғы заңдық күші бар негізгі заң болып табылады. Конституциялық құқықтың қайнар көздеріне ҚР Конституциясы, ҚР конституциялық заңдары, ҚР заңдары, ҚР президентінің заңдық күші бар жарлықтары, Парламент пен үкімет шығарған заңдық актілер, ҚР басқа мемлекеттермен жасалған келісімдері, жалпыға танымал халқаралық нормативтік актілер, ҚР конституциялық кеңесінің актілері, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының актілері жатады.

Конституциялық құқық төрт түрлі әдіспен реттеледі. Олар: міндеттеу, тыйым салу, рұқсат ету және тану. Конституция дегеніміз мемлекет пен азаматтардың, азаматтардың өзара қатнастарын реттейтін, мемлекеттік органдар жүйесі, қоғамдық құрылыс пен мемлекеттік құрылымды бекітетін жоғарғы заңдық күші бар нормативтік акт. Конституция мемлекеттің негізгі заңы ретінде мынандай қызметтер атқарады:

- 1) құқықтың басты қайнар көзі ретінде заңдық қызмет атқарады;
- 2) идеологиялық қызметі. Қоғамдағы ең жоғарғы құндылық адам өмірі, құқықтыры мен бостандықтарын дәріптейді;
- 3) мемлекеттік билікті жүзеге асырудың құқықтық негізін анықтайды;
- 4) экономикалық қызметі. Конституция елдегі меншіктің формалары мен меншіктік қатнастарды анықтайды;

Конституцияның басқа нормативті құқықтық актілерден бірнеше қасиеттерімен ерекшеленеді:

- 1) конституцияның үстемдігі; Ол ең жоғарғы заңдық күші бар, нормативті акті. конституцияның үстемдігін сол конституцияның өзі бекітеді.
- 2) құрылтайлық сипаты, конституция мемлекеттік құрылыс пен мемлекеттік биліктің формасын бекітеді;
- 3) конституция тура және тікелей әрекетімен сипатталады, оның нормалары заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің органдары үшін міндетті болып табылады;
- 4) конституцияны қабылдау мен өзгертудің ерекше тәртібінің болуы; конституцияны қабылдау, оған толықтырулар мен өзгертулер енгізу тек конституцияда бекітілген ерекше жолмен, оған құзіреті бар органның еркімен жүзеге асады;
- 5) конституцияны құқықтық қорғау; яғни конституциялық заңдылықты сақтау

Конституцияның негізгі қағидаттары(принциптері):

- 1) Экономикалық қағидат
- 2) Демократиялық қағидат
- 3) Билікті бөлу қағидаты
- 4) Қазақстандық патриотизм қағидаты

Қазақстан Республикасының қазіргі конституциясы бесінші ата заң болып табылады.(1926ж., 1937ж., 1978ж., 1193ж., 1995ж.) Қазіргі қолданыстағы конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдум арқылы қабылданған және оған 2007 жылы маусымда өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Конституция кіріспеден (преамбуладан), негізгі мәтіннен, қорытынды және өтпелі ережелерден тұрады. Кіріспеде Ата Заңды қабылдаудың себептері мен мақсаты айтылады. I-бөлім «Жалпы ережелер» деп аталып, Қазақстан республикасының конституциялық құрылымына жалпы сипаттама

береді. II бөлім «Адам және азамат» деп аталады. Ол Қазақстан Республикасындағы тұлғаның конституциялық мәртебесін айқындайды. « Президент» деп аталатын III бөлім мемлекет басшысының мәртебесін ашады. IV –VIII бөлімдерде мемлекеттік органдардың (Парламент, Үкімет, соттар т.б.) мәртебесі, қызметі туралы айтылады. «Қорытынды және өтпелі ережелер» деп аталатын IX бөлім жаңа Конституцияны күшіне енгізу нормаларын бекітеді. Бұрынғы конституцияның қай кезден бастап жойылғанын нақтылайды.

2.Қазақстан Республикасының конституциялық қоғамдық құрылымы.

Конституциялық құрылыс деп қоғам мен мемлекеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық ұйымын, ондағы жеке адамдардың конституция нормаларымен бекітілген қоғамдық қатнастарының жиынтығын айтамыз.

ҚР қоғамдық конституциялық құрылымы конституцияның жалпы бөлімінде айқындалған Демократиялық мемлекетте мемлекеттік құрылым үш принцип негізінде қалыптасады. Олар:

- 1) халықтың билігі, биліктің үш тармаққа бөліну принципі; 2) заң үстемдігі;
- 3) азаматтың құқықтары мен бостандықтарының мемлекет мүдделерінен басымдығы;
Қазақстан Республикасының қоғамдық құрылымының конституциялық негіздері төмендігідей :
- 1.ҚР территориясы біртұтастығы; Конституцияның 2-бабында егемендік Республикасының барлық аумағына қатысты екендігі, ҚР территориясы біртұтастығы атап көрсетілген
- 2.Республикалық басқару формасы; Конституция бойынша елде республикалық билік формасы бекітілген. Мемлекеттегі жоғарғы органдар сайлау арқылы қалыптасқан парламент қатысуымен құрылады.ҚР президенттік республика деп жарияланған. Ол президенттің мемлекеттік биліктегі бірқатар белсенділігімен қатар парламенттік республикаға тән үкімет басшысының болуы президенттің парламентті тарату құқығы және заңдарды қалыптау құқығының болуымен сипатталады.
- 3.Халық билігі; Конституция 1-бабында ҚР демократиялық мемлекет деп атап көрсетілген. ҚР халық конституцияны қабылдауға референдумға қатыса алады, мемлекет басшысы президентті парламент сайлап белгіленген уақыт өткен соң оларды қайта сайлауға құқығы бар. Мемлекет ұлтына, жынысына нәсіліне, дініне қарамастан азшылықтың мүддесі ескеріліп құқықтырын қорғауды жүзеге асырады. Азаматтарға сөз бостандығы, ар-ождан бостандығы, ұлты мен тілін таңдау, ұйымдар құру, мемлекеттік қызметке тең дәрежеде қатысуға мүмкіндік береді.
- 4.Заң үстемдігі, мемлекеттің құқықтық сипаты; Мемлекет заң үстемдігі, биліктің үш тармаққа бөлінуі, мемлекет пен азаматтардың заң алдында өзара жауапкершілігіне негізделген мемлекет құру;
- 5.Мемлекеттің зайырлылық сипаты; Діни ұйымдар мемлекеттен бөлінген бір діннен екіншіге көшуге, қалаған діндіге сенуге құқық берілген, бірақ мемлекеттік міндетті дін жоқ . Діни негізде саяси партиялар құруға, тыйым салынған;
- 6.Мемлекеттің әлеуметтік сипаты; ҚР мемлекет халыққа қызмет етеді, әлеуметтік салада білім беру, денсаулық сақтау, ғылым мен мәдениетті дамытуға, тұрмысы төмендерге әлеуметтік қамқорлық көрсетуді жүзеге асырады.
- 7.Унитарлық сипаты; ҚР унитарлы мемлекет екендігі, онда дербестігі бар территориялардың жоқтығы мен мемлекеттің біртұтастығынан көрінеді.
- 8.Саяси және идеологиялық плюрализм; Республикада идеологиялық плюрализм (әртүрлілік) танылады саяси және идеологиялық плюрализм саяси партиялар құру және саяси өмірге араласудың барлық түрлерінің болуымен анықталады.
- 9.Экономикалық плюрализм Республикада мемлекеттік және жеке тең дәрежеде танылып қорғалуымен сипатталады.(констит.5 бап)
- 10.Адам және азаматтың құқықтыры мен бостандықтарының қоғамдағы ең жоғарғы құндылық болуы. Азаматты құрметтеу, оны қорғау мемлекеттің негізгі атрибуты міндеті болып табылады

(констит.6 бап) .

11.Адам және азаматтың құқықтыры мен бостандықтарының қоғамдағы ең жоғарғы құндылық болуы;

3.Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары және міндеттері. Гуманизм - құқықтық мемлекетке тән негізгі құндылық. конституциясының 1- бабының 1- тармағында : « Адам, және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы» делінген. Ал конституцияның « Адам және азамат деп аталатын ІІ бөлімінде 12 баптың 1-тармағында ҚР адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» делінген.

1. Адамның жеке құқықтары мен бостандықтары Бұл құқықтыр мен бостандықтар адам туылғаннан бастап беріледі және олар адамның азаматтығына байланысты емес, табиғи құқықтарымен байланысты.

2.Саяси құқықтары. Бұл құқықтар мен бостандықтар адамның мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатысуына байланысты

3.Әлеуметтік- экономикалық құқықтары мен бостандықтары: Демократиялық мемлекетте азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жарияланып қана қоймай оларға кепілдіктер беріледі. Кепілдіктер экономикалық саяси әлеуметтік заңдық кепілдіктер болып бөлінеді.. Кепілдік қамтамасыз ету деген мағынаны білдіреді

Азамат- өз отанының ұлы (немесе қызы) деген ұғымды білдіреді. Мысалы заң кепілдігіне әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау, білікті заң көмегін алу құқықтары, кінәсіздік презумпциясын жатқызуға болады. ҚР азаматтарының конституциялық міндеттері:

1) ҚР конституциясы мен заңдарын сақтауға, басқа адмдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

2) өз отаны ҚР қорғауға;

3) салықтар мен алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеуге;

4) тарихи және мәдени мұралар мен ескерткіштерді қорғауға міндетті;

5) табиғатты сақтап табиғи байлықтарды ұқыпты қарауға;

6) орта білім алуға міндетті;

Азаматтық дегеніміз – азаматтың мемлекетпен өзара құқықтық саяси байланысы. Азаматтық Қазақстан Республикасының 1991жылы 20 желтоқсанда қабылданған «Азаматтық туралы» заңымен реттеледі. Заң бойынша азаматтық үш элементтен тұрады:

1)адамның мемлекетпен байланысының тұрақты болуы;

2)адамның мемлекетпен байланысының саяси құқықтық сипатта болуы;

3)мемлекет пен азаматтың арасындағы өзара құқық пен міндеттердің белгіленуі;

Қазақстан Республикасының азаматтығы мынандай төрт жағдайда беріледі:

1) туу бойынша;

2)Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылдануы нәтижесінде

3) Қазақстан Республикасы халқаралық шарттарында қарастырылған негіздер бойынша

4) Қазақстан Республикасы азаматтығы туралы заңда қарастырылған немесе өзге де негіздер бойынша

Азаматтықтан айыру:

1)басқа мемлекетте әскери қызметке, қауіпсіздік қызметіне, полиция, юстиция органдарына басқа да мемлекеттік басқару органдарына қызметке орналасуы салдарынан;

2)азаматтықты жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар арқылы алса;

3)Қазақстан Республикасының мемлекет аралық шарттарында көзделген негіздер бойынша;

4)Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрған азамат үш жылға шейін консулдық тіркелмесе;

Азаматтық мәселелері бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының Президентінің өкілеттілігіне жатады.

4.Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі

Сайлау құқығы конституциялық құқықтың құрамдас бөлігі болып табылады. ҚР сайлау құқығының қайнар көздеріне ҚР конституциясы, Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» конституциялық заңы (28.09.1995.қаб. 21.06..2007ж. өзгертіген, толықтырылған) және ҚР «Жергілікті өкілдік және атқарушы органдар туралы» (10.12.1993 ж.) заңы жатады. Қазақстан Республикасының президентін, парламент төменгі палатасы мәжіліс депутаттарын, сенат депутаттарын және жергілікті өкілдік органдар маслихаттар депутаттарын сайлау жалпыға бірдей сайлау құқығы негізінде жүзеге асырылады.

Сайлау жүйесі дегеніміз өкілетті органдарға және басқарудың әртүрлі сатыларына елде қалыптасқан заңға сәйкес азаматтардың өзі қалаған өкілдеріне дауыс беруін ұйымдастыру және өткізу жүйесі. Сайлау құқығы екі мағынада қолданылады. Объективті және субъективті. Объективті сайлау құқығы – мемлекеттік органдардың сайлауды ұйымдастыруы мен өткізу тәртібін реттейтін құқық саласы. Субъективті сайлау құқығы – азаматтардың сайлау және сайлану құқығы. Субъективті сайлау құқығының 2 екі түрге бөлінеді:

- 1) белсенді сайлау құқығы-азаматтардың сайлау құқығын білдіреді;
- 2) бәсең сайлау құқығы азаматтардың сайлану құқығын білдіреді;

Сайлау президенттік, парламенттік, жергілікті басқару органдарына сайлау болып жіктеледі. Қазақстан Республикасында сайлауды ұйымдастыру мен өткізудің негізгі принциптері: 1) сайлаудың жалпыға бірдейлік принципі сайлау мен сайлану құқығына қойылатын талаптар мен шектеулер ҚР конституциясымен анықталады; 2) Сайлауға қатысуға теңдік принципі ; әрбір сайлаушы бір дауысқа ие бола алады; 3) Тікелей сайлау құқығын жүзеге асыру принципі; ҚР президенті, мәжіліс және маслихаттар депутаттарын халық тікелей дауыс беру арқылы сайлайды. Ал сенат депутаттарын сайлау жанама сайлау негізінде жүзеге асады. 4) жасырын дауыс беру принципі; бұл принцип ҚР аумағында өткізлетін сайлаудың барлық түрлерінде сақталып қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жердегі ҚР азаматтарының сайлауға қатысуы жүзеге асырылады. 5) сайлау бостандығы принципі сайлау құқығын еркін жүзеге асыруға негізделген. Сайлауға қатысуға мәжбүрлеуге немесе азаматтың еркін шектеуге ешкімнің қақысы жоқ. Бұл принциптер ҚР аумағында өткізлетін сайлаудың барлық түрлерінде сақталып қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жердегі ҚР азаматтарының сайлауға қатысуы жүзеге асырылады.

Сайлау органдары: Сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыратын мемлекеттік органдар- сайлау комиссиялары. Сайлау комиссияларының жүйесі: 1) орталық сайлау комиссиясы; 2) аумақтық сайлау комиссиясы; 3) округтік сайлау комиссиясы; 4) учаскелік сайлау комиссияларынан тұрады. Сайлау комиссияларының өкілеттілік мерзімі 5 жыл. Аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін саяси партиялардың ұсыныстары негізінде тиісті маслихаттар сайлайды. Әрбір партия тиісті сайлау комиссиясына бір кандидат ұсына алады. Ұсынылған кандидат ұсынып отырған партияның мүшесі болмауы қажет. Сайлау комиссиясын құруға бір ай уақыт қалғанға шейінгі мерзімде саяси партиялар өз кандидаттарын ұсынбаса, маслихаттар сайлау комиссиясының мүшелерін басқа қоғамдық ұйымдардан жоғары тұрған сайлау комиссиясының ұсынысымен сайлайды. Ұсынылған кандидаттар сайлау комиссиясының жұмысына қатысатыны туралы өтініштрін қоса тапсыруы керек. Сайлау комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы оның алғашқы отырысында сайланады. Сайлау комиссиясын құру туралы шешім, оның құрамы, орналасқан жері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Сайлау комиссиясының өз құзіреті шеңберіндегі қабылдаған шешімдерін тиісті аумақтағы барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар лауазымды адамдар орындауға міндетті. Орталық сайлау комиссиясы республикалық сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне басшылық жасайтын тұрақты орган болып табылады. ОСК президенттің ұсынуы бойынша Парламент Мәжілісі сайлайды және

қызметтен босатады. ОСК төрағасын, оның орынбасарын және хатшысын мәжіліс сайлайды. ОСК аппараты құрылады. ОСК жұмысы мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады.

Орталық сайлау комиссиясының қызметі:

- 1) сайлау туралы заңның орындалуын бақылайды, бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етеді;
- 2) өз құзіреті шеңберінде Республика аумағында міндетті шешімдер қабылдайды. Президент Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын әзірлеуге, өткізуге басшылық жасайды;
- 3) парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлауға сайлау округтерін құрады, оларды нөмірлерін бекітеді, оны ақпарат құралдарында жариялайды;
- 4) сайлау науқанын өткізуге жұмсалатын шығыстардың сметасын жасап, оны ҚР үкіметіне ұсынады;
- 5) сайлау комиссияларына басшылық жасап, олардың шешімдерін жояды немесе тоқтата тұрады;
- 6) республикалық бюджеттің сайлау науқанын өткізуге арнап бөлген қаражатын сайлау комиссияларына бөледі;
- 7) аумақтық және округтік комиссиялардың шешімдері мен әрекеттеріне байланысты түскен шағымдар мен арыздарды қарайды;
- 8) саяси партиялардың өкілдерімен сайлауды ұйымдастыру мен өткізу жөнінде семинарлар өткізеді;
- 9) сайлау жүйелері саласанда халқаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 10) республика бойынша Президентті, Парламент депутаттарын сайлау қорытындыларын шығарады, оларды тіркейді, бұл туралы ақпарат құралдарында жариялайды;
- 11) Президент және Парламент депутаттарын сайлау кезінде қайта дауыс беру мен қайта сайлауды тағайындайды және өткізілуін ұйымдастырады;
- 12) Сайлау туралы конституциялық заңның бұзылуына байланысты тиісті сайлау комиссиясының қызметін тоқтату туралы өтінішпен сайлау комиссиясын құратын органға немесе сотқа жүгінеді;

Аумақтық сайлау комиссияларына- облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен республика астанасы), аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары жатады. Аумақтық сайлау комиссиялары жеті адамнан тұрады. Қызметі:

- 1) Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарын сайлауды әзірлеу мен өткізуді жүзеге асырады;
- 2) төменгі тұрған округтік және учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне басшылық жасайды, олардың шешімдерінің күшін жояды немесе тоқтата тұрады;
- 3) сенат депутаттарын сайлауда кандидаттарды тіркейді, тиісті куәліктер береді;
- 4) мәслихаттар депутаттарын сайлау жөнінде сайлау округтерін құрады, олардың тізімдерін жариялайды;
- 5) мәслихаттар депутаттарын сайлаудың қорытындысын шығарады, оларды тіркейді. Округтік және учаскелік сайлау комиссияларының әрқайсысы жеті адамнан тұрады. Округтік сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 2007ж. Қазақстан
2. Республикасының сайлау туралы ҚР конституциялық заңы Алматы, 2007ж.
3. Ғ.С.Сапарғалиев Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының негіздері
4. Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
5. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық/Қ.Д.Жоламан.-Алматы: Нұр-пресс.-2007.-295 б.

6.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы .Алматы:Нұр-Пресс.-2008.-1 CD; 124 Мб.
7.Сапарғалиев Ғ.С.Мемлекет және құқық теориясы.Ғ.С.Сапарғалиев, С.А.Ибраева.-
Астана:Фолиант.-2007.-336

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

1.Қазақстан Республикасында қолданып жүрген Конституция қандай жолмен қабылданды:

- А. жалпы халықтық референдум арқылы қабылданды;
- В.парламентпен қабылданды;
- С. конституциялық сотпен қабылданды;
- Д. президенттік жолмен;
- Е. конституциялық кеңеспен

2.Қазақстан Республикасын ҚР Конституциясының 1-бабына сәйкес:

- А. әлеуметтік,құқықтық,зайырлы,демократиялық мемлекет деп бекітеді;
- В. конституциялық мемлекет ретінде бекітеді;
- С. демократиялық құқықтық мемлекет болып табылады;
- Д. әлеуметтік мемлекет құру мақсатын қояды;
- Е. құқықтық мемлекет құру мақсатын қояды,

3.Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңес мүшелерінің өкілеттілігі неше жыл:

- А. 6 жыл;
- В. 5 жыл;
- С. 4 жыл;
- Д. 1 жыл;
- Е. 7 жыл;

4.Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының қайнар көзі болып табылады:

- А. конституция мен заңдар;
- В. соттық прецедент;
- С. құран;
- Д. конституциялық әдет –ғұрып;
- Е. федерация субъектілерінің заңдары

5.Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі:

- А. конституция нормаларына ресми түсінік береді;
- В. амнистия туралы акт шығарады;
- С. азаматтардың кешірімін жүзеге асырады;
- Д. кешірім беру туралы мәселені шешеді;
- Е.конституцияға қайшы келетін заңдарды тоқтады;

6.Конституциялық –құқықтық қатынастардың субъектілері:

- А. мемлекет,халық,заңды тұлға;
- В. территория,мемлекеттік орган;
- С. ұйымдар, меншік;
- Д. оқиғалар.субъектінің мінез-құлқы;
- Е. азаматтардың міндеттері,қажетті мінез-құлық;

7. Конституциялық –құқықтық қатынастардың объектісі болып табылады:

- А. территория және меншік;
- В. іс –әрекет еркіндігі;

- С. заңды факт;
- Д. жағдай және шарттар;
- Е. мемлекеттік меншік;

8.Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының қайнар көзі болып табылады:

- А.конституция мен заңдар;
- В. соттық прецедент;
- С. құран;
- Д. конституциялық әдет –ғұрып;
- Е. федерация субъектілерінің заңдары;

9.Конституцияның негізгі заңдық қасиеттері:

- А. жоғары заңдық күші бар;
- В. құқықтық жүйенің ядросы;
- С. ерекше қабылдау тәртібі;
- Д. құрылтайшылық сипаты;
- Е. конституцияның жоғары тұруы;

10. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі:

- А. конституция нормаларына ресми түсінік береді;
- В. амнистия туралы акт шығарады;
- С. азаматтардың кешірімін жүзеге асырады;
- Д. кешірім беру туралы мәселені шешеді;
- Е.конституцияға қайшы келетін заңдарды тоқтады;

Дәріс 4 . Қазақстан Республикасы әкімшілік құқығының негіздері

Дәрістің мақсаты: Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық заңнамасының қағидаларын түсіндіру. Әкімшілік құқық қоғамдық қатнастарды реттейтін, мемлекеттің басқару қызметін жүзеге асыруға қажет, оның бірізділік жұмысын қамтамасыз ететін құқық саласын меңгеру.

Дәріс жоспары:

- 1.Әкімшілік құқығы пәні, әдіс-тәсілдері және жүйесі
- 2.Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық
- 3.Мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары, олардың қызметі
4. Жергілікті өкілетті және атқарушы органдар.

1.Әкімшілік құқығы пәні, әдіс-тәсілдері және жүйесі

Әкімшілік құқық қоғамдық қатнастарды реттейтін, мемлекеттің басқару қызметін жүзеге асыруға қажет, оның бірізділік жұмысын қамтамасыз ететін құқық саласы болып табылады. Әкімшілік құқық азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуларының құқықтық және ұйымдық нысандарын бекітеді және өклетті органдар мен лауазымды адамдар, жеке азаматтар үшін тиісті мінез-құлық ережелерін бекітеді. Әкімшілік құқық нормалары экономика саласында (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, күрделі құрылыс, көлік пен байланыс, сауда , қызмет көрсету т. б.)әлеуметтік- мәдени салалардағы (білім, денсаулық сақтау, мәдениет, ғылым, спорт т. б.), әкімшілік саяси құрылыстағы (қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, сырқы істер, ішкі істер т. б.) мемлекеттік басқаруды ұйымдастыруға байланысты пайда болатын басқару қатнастарын реттейді. Сондықтан әкімшілік құқықтың пәнін басқарушылық қоғамдық қатнастар, яғни атқарушы билікті нақтылы

жүзеге асыруда пайдаланылатын қатнастар құрайды. Әкімшілік құқықтың мақсаты- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін, жек меншікті, қоршаған ортаны, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, мемлекеттің билікті жүзеге асыруының белгіленген тәртібін құқық бұзушылықтан қорғау. Әкімшілік құқықтың дерек көздеріне: ҚР Конституциясы, конституциялық заңдары, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі», Қазақстан Республикасы Президентінің, Праламентінің, Үкіметінің, жергілікті басқару органдарының актілері, әкімшілік соттық прецеденттер, әкімшілік шарттар т.б. жатады. Әкімшілік құқықтың пәніне:

- мемлекеттік атқарушы органдардың құрылуымен байланысты қатнастар;
- әкімшілік билікті жүзеге асыру кезіндегі мемлекеттік атқарушы органдардың азаматтармен, түрлі ұйымдармен қатнастары;
- әкімшілік құқық бұзушылық пен әкімшілік жауаптылық т.б. жатады.

Әкімшілік құқықтың әдістері; өктемдік ету, міндеттеу, мәжбүрлеу, тыйым салу, рұқсат ету.

Әкімшілік-құқықтық нормалардың түрлері:

1.Мазмұны жағынан материалды және процессуалды болып бөлінеді. Материалды нормалар - әкімшілік-құқықтық қатнаста қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, жауапкершіліктерін айқындайтын нормалар. Процессуалды нормалар – материалдық нормаларды жүзеге асырудың тәртібін айқындайды.

2.Нысаны бойынша: міндеттейтін, тыйым салатын, рұқсат ететін, ынталандыратын, ұсынылатын нормалар болып бөлінеді.

3. Кеңістіктегі ықпалы бойынша республикалық және аумақтық болып бөлінеді.

4.Салалық жағынан салааралық және салалық, локальдық нормалар болып бөлінеді.

Әкімшілік құқықтық қатнастарда бір жақтың екінші жаққа үстемдігі байқалады. Әкімшілік құқықтық қатнастар вертикальді және горизонтальді болып бөлінеді. Вертикальді қатнастарда жоғарыда айтылған әдістер қолданылса, горизонтальді құқықтық қатнастарда тараптардың теңдігі сақталады. Әкімшілік құқықтың қайнар көздеріне: Конституциясы, әкімшілік құқықтық нормалар бар заңдар, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі», басқа да салалық кодекстер Қазақстан Республикасы Президентінің, Праламентінің, Үкіметінің, жергілікті басқару органдарының актілері, әкімшілік соттық прецеденттер, әкімшілік шарттар т.б. жатады.

Әкімшілік құқықтық қатнастар - әкімшілік құқықтық нормалармен реттелетін, атқарушы биліктің аясындағы қоғамдық қатнастар.

Әкімшілік құқықтың негізгі институтының бірі – мемлекеттік басқару Мемлекеттік басқару – бұл мемлекеттік билікті, мемлекеттік өкілеттілікті жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының қызметі. Мемлекеттік басқару атқарушы биліктің тармағымен жүзеге асырылады. Атқарушы билік ұйымдастырушы-басқарушылық, атқару- үкім ету функцияларын жүзеге асырады. Іс жүзінде бұл қызметтерді тек атқарушы органдар орындайды. Атқарушы билік органдары қызметінің негізгі бағыттары: болжау, жоспарлау, басқарушы және басқарылушы жүйелерді ұйымдастыру, құқықтық реттеу, бақылау, әдістемелік басшылық жасау т.б.

Атқарушы органдардың бөлінуі:

1. Қызметінің көлемі бойынша республикалық және жергілікті болып бөлінеді
2. Қүзіретінің сипатына қарай: жалпы құзіретті, салалық құзіретті және салааралық құзіретті органдар болып бөлінеді;
3. Мәселелерді шешу тәртібі бойынша органдар алқалы және дарабасшалақ болып бөлінеді.

Әкімшілік құқықтың тағы бір институты – мемлекеттік қызмет.

Мемлекеттік қызмет –мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік органдардағы міндеттерін, қызметтірін мемлекеттік билікті жүзеге асыруға бағытталған қызметі. Мемлекеттік қызмет мәселелері Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңымен (23.07.1999 ж.) реттеледі

2.Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық.

«Мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпке, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, басқарудың белгіленген тәртібіне қиянат жасайтын, сол үшін заңдармен әкімшілік жаза көзделген заңға қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсыз) әрекет немесе әрекетсіздік әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады (ӘҚТБК 9- бабы), Әкімшілік құқық бұзушылық ҚР 2001жылы 30 қаңтарда қабылданған «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексмен» реттеледі.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері: құқыққа қарсылығы, кінәлілігі, әкімшілік жазалануы. Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі болып заңда әкімшілік теріс қылық ретінде көрсетілген әрекетті жасаған адам танылады. Әкімшілік жауаптылыққа ҚР ӘҚБтК бойынша 16 жасқа толған жеке тұлға және заңды тұлғалар: мемлекеттік және мемлекеттік емес, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар тартылады. Әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамына (элементтеріне): объект, объективті жағы, субъект, субъективті жағы жатады. Көрсетілген төрт элементтің ең болмаса біреуінің болмауы құқық бұзушыны әкімшілік жауапкершілікке тартуға мүмкіндік ермейді. Әкімшілік құқық бұзушылық әкімшілік жауаптылықты туындатады.

Әкімшілік жауаптылық- әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан қолданылатын әкімшілік-құқықтық санкцияларды қолдануы. Заң бойынша әкімшілік жауапкершіліктің мынандай түрлері белгіленген: әкімшілік, тәртіптік және материалды. Әкімшілік жауапкершіліктің белгілері:

- 1) Мемлекеттің әкімшілік құқық бұзушылыққа қарсы жауап шарасы болып табылады.
 - 2) Құқық бұзушыны тәрбиелеу шарасы болып табылады.
 - 3) Құқық бұзушының ар-намысын таптау және тән азабын тартқызу мақсатын көздемейді
- Әкімшілік жаза- заң мен уәкілеттілік берілген органдар әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Әкімшілік жазаның түрлері ӘҚБтК айқындалған.

Әкімшілік істерді мынандай органдар қарайды:

-соттар;

-кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссиялар;

-мемлекеттік инспекциялар және т.б. құзырлы органдар (өрт сөдіру қызметі, салық, қаржы полициялары т.б.)

Әкімшілік процесс немесе әкімшілік іс жүргізу- әкімшілік істерді қараудың белгіленген процессуалдық әрекеттерін, сатыларын, кезеңдерін жүйелі түрде жүзеге асыру болып табылады. Әкімшілік процесстің негізгі ұғидаттары (принциптері):

- 1) Заңдылық қағидаты, әкімшілік құқық бұзушылық үшін қолданылатын шаралар тек әкімшілік кодекспен белгіленеді;
- 2) Сот құзіретінің ерекшелігі. Әкімшілік істерді қараудағы соттың құзіреті, оның юрисдикциялық шегі, сот төрелігін жүзеге асыру тәртібі әкімшілік кодексте белгіленген, оны өз бетінше өзгертуге болмайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы қағидаттарды өзгеше бұзған жағдайда сот шешімдері заңсыз деп танылып өз күшін жояды;
- 3) Азаматтардың теңдігі. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдар тегіне, ұлтына, әлеуметтік лауазымдық және мүлктік жағдайына қарамастан әкімшілік жауаптылыққа тартылуға тиісті;
- 4) Кінәсіздік презумпциясы. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адам кінәсі дәлелденбейінше және судьяның, органның (лауазымды адамның) заңды күшіне енген қаулысымен белгіленбейінше кінәсіз деп есептеледі;
- 5) Кінә қағидаты. Тек кінәсі анықталған құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс;
- 6) Қайта әкімшілік жауаптылыққа тартуға жол бермеушілік. Бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де екі рет әкімшілік жазаға тартуға болмайды;

- 7)Ізгілік (гуманизм) қағидаты. Құқық бұзушылық жасағанға әкімшілік жаза қолданғанда адамның қадір қасиетін қорлауды жазаның мақсаты етіп қоюға болмайды;
- 8)Жеке басқа қол сұқпаушылық .Тек әкімшілік кодексте белгіленген негіздерде және көзделген тәртіппен ғана азаматтарды ұстауға, жеке заттарын тексеруге, қамауға алуға т.б. шараларды қолдануға болады.ӘҚБ туралы іске қатысушыларды қатыгездік немесе адамның қадір қасиетін қорлайтын әрекеттерге ұшыратуға ешкімнің хақысы жоқ;
- 9)Жеке бастың ар-ожданы мен қадір-қасиетін құрметтеу. Адамның жеке өмірі туралы және құпия сақталуы қажет деп есептейтін мәліметтерді әкімшілік кодексте көзделмеген мақсаттарда жинап пайдалануға жол берілмейді. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттері, адамға келтірген моральдық залал заңда белгіленген тәртіппен өтелуі тиіс;
- 10)Жеке өмірге қол сұқпаушылық. Хат жазысу, телефонмен сөлесу, поштамен телеграф арқылы және өзге де хабарлар алысу құпиясы. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуде осы құқықтарды шектеуге тек заңмен тікелей белгіленген жағдайларда, және заңда көрсетілген тәртіппен жол беріледі;
- 11)Меншікке қол сұқпаушылық. Меншікке конституциямен және заңдармен кепілдік берілген. Ешкімді сот шешімінсіз өз мүлкінен айыруға болмайды. Ол әкімшілік кодексте көзделген жағдайларда ғана жүргізілуі мүмкін;
- 12)Судьялардың тәуелсіздігі. Соттардың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да болмасын араласушылыққа жол берілмейді;
- 13)Іс жүргізу тілі. ҚР ӘҚБ туралы істер мемлекеттік тілде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады;
- 14)Қуә айғақтарын беруден босату. Ешкім өзі өзіне жұбайына және заңда көрсетілген шектегі туыстарына қарсы айғақтар беруге міндетті емес;
- 15)Білікті заң көмегін алуға құқықтарды қамтамасыз ету;
- 16)Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің жариялылығы. Соттар мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар ӘҚБ туралы істерді ашық түрде жүргізеді. Заңға сәйкес мемлекеттік құпия мәліметтерге қатысты істер және коммерциялық, отбасылық, азаматтардың жеке өмірінің құпияларын сақтауды сұрап өтініш білдіргенде ғана жабық түрде өтеді
- 17)Іс жүргізуде қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Істі жүргізуде қауіпсіздікті сақтау мақсатында оған қатысушыларды тексеру жүргізіледі;
- 18)Іс жүргізу іс әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану бостандығы. Іс жүргізу іс әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану кодексте белгіленген.Заң бойынша істі қайта қаратуға құқы бар.

19)Адамның құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сот арқылы қорғау. Әркімнің өз құқықтарын мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараудың төрт сатысы бар:

- 1)Әкімшілік тергеу жүргізу. Бұл сатыда әкімшілік құқық бұзушылық фактілері анықталады.
- 2)Істі қарау. Уәкілдігі бар орган (немесе лауазымды адам) істі қарап қаулы қабылдайды
- 3)Қаулыны қайта қарау. (факультативті саты) Қабылданған шешім бойынша азаматтың шағымы немесе прокурордың наразылығы болған жағдайда қаулыны күшінде қалдырумен, оны өзгертумен немесе бұзумен аяқталады
- 4)Қаулыны орындау. Қаулыны қабылдағаннан немесе шағым мен наразылықты қарағаннан кейін- ақ бірден басталады.

3. Мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары, олардың қызметі

Мемлекеттік билік үш тармаққа бөлінеді: заң шығарушы, атқарушы және сот билігі. Заң шығарушы биліктің жоғарғы органы - парламент, атқарушы биліктің жоғарғы органы – үкімет, және сот билігінің жоғарғы органы – жоғарғы сот. Жергілікті басқаруды жүзеге асыратындарға жататындар: 1)жергілікті өкілетті орган – маслихаттар, олар облыстық (оған теңестірілген қалалық), аудандақ(оған теңестірілген қалалық) болып бөлінеді.

2)жергілікті атқарушы органдар - әкімшіліктер, олар облыстық, аудандық, округтік (ауылдық) болып бөлінеді.

3) жергілікті сот билігін облыстық (оған теңестірілген қалалық), аудандақ (оған теңестірілген қалалық) соттар және әскери соттар құайды

Мемлекет басшысы президент биліктің үш тармағының жұмысын үйлестіре отырып басқарады.

Президенттің Үкіметке қатысты уәкілеттілігіне жататындар: 1)үкімет басшысы премьер министрді тағайындайды және жұмыстан босатады; 2)үкіметтің құқылымын анықтайды министрліктер мен ведомстволарды құру қайта құруға құқы бар, үкімет мүшелерін тағайындайды және босата алады. 3) үкімет мүшелерінің антты қабылдайды; 5)үкіметке заң жобаларын мәжіліске ұсынуды тапсырады; 6)үкіметті және оның жекеленген мүшелерін отставкаға жібереді; Президенттің ҚР жоғарғы сотына қатысты уәкілеттілігі: 1) жоғарғы сот еңсесінің ұсынуымен сенатқы жоғарғы соттың төрағасы мен судьяларын ұсынады 2) жоғарғы сот кеңесінің ұсынуымен жергілікті соттардың төрағаларын тағайындайды және жұмыстан босатады Сенаттың келісімімен 5 жылға ҚР бас прокурорын тағайындайды және босатады; ҚР орталық Сайлау комиссиясының төрағасын және екі мүшесін тағайындайды; Праламент сенатының келісімімен ҚР ұлттық банкінің төрағасын және оның көмекшілерін тағайындайды және қызметтен босатады; референдум өткізу туралы шешім қабылдайды; халыққа жыл сайын жолдау жолдайды; ҚР азаматтығына қабылдайды; азаматтарға жасаған қылмыстары үшін кешірім жасайды; ҚР бүкіл аумағында заңдық күші бар актілер қабылдайды

Қазақстан Республикасының Үкіметі—атқарушы билікті жүзеге асырады. Қызметін «Қазақстан Республикасының үкіметі туралы» конституциялық заңы негізінде атқарады. Үкіметке салалар бойынша министрліктер, комитеттер және агенттіктер қарайды. Үкіметтің қызметі президенттің уәкілетті мерзімімен белгіленеді. Үкімет қаулылары үкімет мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданып, премьер министрдің қолымен бекітіледі. Үкімет басшысы-премьер министр. Ол нұсқаулар шығарады. Үкімет қаулылары мен премьер министрдің нұсқаулары бүкіл республика аумағында орындалуға міндетті. Үкіметтің қаулысын Президент немесе Үкімет өзі күшін жоюы мүмкін. Қазақстан Республикасының үкіметі қызметінің негізгі бағыттары жоғарыда аталған конституциялық заңда айқындалған.

4. Жергілікті өкілетті және атқарушы органдар, олардың қызметі

«Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заңында: «жергілікті өкілдік органдар маслихаттар – халық сайлайтын, халықтың еркін білдіретін оны жүзеге асыру үшін шаралар белгілейтін жүзеге асырылуын бақылайтын ораган» делінген. Аталған заңда маслихаттардың қызметінің негізгі бағыттары анықталған.

Маслихаттың өз құқығы шеңберінде қабылданатын шешімдері оның актілері болып табылады. Маслихаттардың жергілікті бюджеттің кірістерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін шешімдері әкім құптаған жағдайда ғана қарауға енгізілуі мүмкін. Ал азаматтардың құқықтар мен бостандықтарына, міндеттеріне қатысты шешімдері заңға сәйкес ресми жариялануы тиіс. Маслихаттар депутаттардың жалпы санының үштен екісінің дауысымен әкімге сенімсіздік білдіруге, ҚР президентіне әкімді қызметінен босату туралы мәселе қоюға құқылы. Әкім ұсынған аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды, бюджеттің орындалуы туралы есептерді маслихаттың екі рет бекітпеуі заңға сәйкес әкімге сенімсіздік білдірудің негізі болады.

Жергілікті атқарушы органдар - әкімшіліктер әкім басқаратын өз құзіреті негізінде тиісті аумақта мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу, олардың орындалуын қамтамасыз ету, коммуналдық меншікті басқару т.б. жатады

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. Алматы, 2007ж.
- 2.Қазақстан Республикасының үкіметі туралы ҚР конституциялық заңы Алматы, 2007ж
- 3.Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. Алматы, 2007ж.
- 4.Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы заңы Алматы, 2005 ж.
- 5.Булгакова Д.А.Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
- 6.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы:оқулық/Қ.Д.Жоламан.-Алматы:Нұр-пресс.-2007.-295 б.

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

- 1.Әкімшілік құқық бұзушылыққа жатпайтын белгіні көрсетіңіз:
А. формалдылық;
В. кінәлілігі;
С. қарама-қарсылық;
Д. бұқаралық;
Е. әкімшілік жазалау;
- 2.Әкімшілік істі қарастырмайтын орган:
А.прокуратура;
В.сот;
С.ішкі істер органы;
Д.өртке қарсы қызмет органы;
Е.жасөспірімдер ісі бойынша инспектор
- 3.Әкімшілік құқықтың әдістері:
А.аталғандардың барлығы дұрыс;
В.өктемдік ету;
С.міндеттеу;
Д.мәжбүрлеу;
Е.тыйым салу;
- 4.Әкімшілік құқықтық норманың түрлері:
А.аталғандардың барлығы дұрыс;
В.мазмұны;
С.нысаны;
Д.кеңістіктегі ықпалы;
Е.саласы;
7. Мемлекеттің қай органы Үкімет мүшелерінен ант қабылдайды:
А. президент;
В. парламент;
С. мәжіліс;
Д. сенат;
Е. конституциялық кеңес;

Дәріс 5. Қазақстан Республикасының отбасы құқығының негіздері

Дәрістің мақсаты: Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасының қағидаларын түсіндіру. Отбасы және неке құқығының жалпы сипаттамасын түсіндіру арқылы тәрбиелеу. Неке шарты, некеге тұру, некені тоқтату, некені бұзу мәселелерін кодекс бойынша білу міндеттілігін қалыптастыру. Ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерін, ата- ана құқығынан айыру мәселерін талқылау.

Дәріс жоспары:

- 1.Отбасы құқығы және отбасы құқықтық қатнастары
- 2.Некеге отыру және некені тоқтату тәртібі
- 3.Ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттері. Ата- ана құқығынан айыру

1.Отбасы құқығы және отбасы құқықтық қатнастары

Отбасы құқығы некелесу, туыстық, бала асырап алу және баланы отбасында тәрбиесіне қабылдаудың басқа да нысандарына орай пайда болатын, яғни отбасы қатынастарын өзіндік және соған байланысты мүліктік қатынастарды отбасы тұрғысында реттейтін құқықтың саласы. Отбасы қатынастарын өзіндік емес және мүліктік қатынастар құрайды. Отбасы құқығының қайнар көзі ҚР «Неке және отбасы кодексі» (26.12.2011ж) болып табылады. Отбасы құқығының бастауларына ҚР үкіметі немесе әділет министрлігі бекіткен басқа да нормативтік актілер жатады (мысалы ҚР үкіметі бекіткен қорғаншылық және қамқоршылық органдар туралы ереже немесе әділет министрлігі бекіткен азаматтық хал- актілерді тіркеу туралы нұсқауы)

«Неке және отбасы кодексінің» негізгі принциптері:

- 1) еркек пен әйелдің некелік одағының еріктілігі;
- 2) ерлі- зайыптылардың отбасындағы құқықтарының теңдігі;
- 3) отбасы ісіне кімнің болса да араласуына жол бермеушілік;
- 4) отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісіммен шешу;
- 5) балаларды отбасында тәрбиелеуге басымдылық беру, олардың өсіп жетілуі мен әлауқатты болуына қамқорлық жасау;
- 6)отбасының кәмелетке толмаған және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға басымдылық беру;
- 7) отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, бұл құқықтарды сот қорғауының мүмкіндіктері т.б.

2.Некеге отыру және некені тоқтату тәртібі.

Некеге тұру үшін некеге тұрушы еркек пен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жетуі қажет. Неке жасы ерлер мен әйелдер үшін 18-жас болып белгіленген. Дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін. Неке жасын төмендетуге некеге тұруға тілек білдірушілер немесе олардың ата-аналары, не қорғаншылары бегіленген неке жасын төмендету қажеттігін туғызатын себептерді көрсеткен өтінішімен немесе келісімімен ғана рұқсат етіледі.

Некеге тұруға жол берілмейтін жағдайлар:

- 1.Біреуі болса да басқа тіркелген некеде тұрған адамдар арасында некеге тұруға жол берілмейді.
 - 2.Тікелей ата-тегі бойынша және өзінен тарайтын жақын туыстардың, ата-анасы бір, ортақ ағалы-інілер мен аплы-сіңілілердің арасында некеге тұруға жол берілмейді.
 3. Асырап алушылар мен асырап алғандардың арасында некеге тұруға жол берілмейді.
 - 4.Біреуі болса да психикалық аурудың немесе ақыл есі кемдігінің салдарынан сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың арасында некеге тұруға жол берілмейді.
- Некеге тұру некеге тұратын адамдардың тікелей қатысуымен неке мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарында қиылады. Неке қию кезінде өкіл жіберуге жол бермейді,

некені қию некеге тұруға тілек білдірушілер азаматтық хал актілерін жазу органына арыз берген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң жүргізіледі.

Неке шарты -некеге тұрушы адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі және ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім. Неке шартын ерлі зайыптылар некеге тұруды мемлекеттік тіркеуге дейін де және неке кезеңінде кез келген уақытында жасай алады. Некеге тұруды мемлекеттік тіркеуге дейін жасаған неке шарты некеге тұру мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Неке шарты жазбаша түрде жасалады және оны нотариат куәләндыруға тиіс. Неке шарты ерлі-зайыптылардың балаларға қатысты құқықтары мен міндеттерін реттей алмайды. Азаматтық хал актілерін жазу органдарында некені бұзу:

1)кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ, бір біріне мүліктік талаптар қоймайтын, некені бұзуға өзара келіскен ерлі зайыптылардың некелері АХАЖ органдарымен бұзылады;

2)балалары болуына қарамастан ерлі зайыптылардың бірінің өтініші бойынша екіншісі хабар ошарсыз кеткен деп танылса;

3)ерлі зайыптылардың біреуін сот әрекетке қабілетсіз деп таныса;

4)Ерлі зайыптылардың біреуі қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жылға бас бостандығынан айрылса;

Некені сот тәртібімен бұзу төмендегідей жағдайларда жүзеге асырылады:

1)ерлі зайыптыларды кәмелетке толмаған балаларының болуы;

2)ерлі зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған кезде;

3)егер ерлі зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығы болмағанына қарамастан өз әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен некені бұздан жалтарса;

4)ерлі зайыптылардың бір біріне мүліктік талаптары болса;

3. Ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттері. Ата- ана құқығынан айыру.

18 жасқа толмаған адам бала деп танылады. Баланың мүмкін болғанынша отбасында өмір сүруге, тәрбиеленуге, өзінің ата-анасын білуге, олардың қамқорлығын көруге және олармен бірге тұруға құқығы бар.

Ата- аналардың құқықтары мен міндеттері:

1)ата-аналар өз балаларының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті; 2)балаларының орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті;

3)ата- аналар өз балаларының заңды өкілі болып табылады, арнаулы рұқсатсыз оның құқықтары мен мүдделерін қорғай алады;

4)ата- ана құқықтарын балалардың мүддесіне қайшы жүзеге тасыруға болмайды; олай болған жағдайда ата аналар заңда белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады;

5)баласынан бөлек тұратын ата ана баласымен қарым қатнас жасауға, оны тәрбиелеуге , білім беруге қатысуға құқығы бар;

6)баласынан бөлек тұратын ата ана өз баласы туралы тәрбиелеу, емдеу мекемелерінен басқа да мекемелерден ақпарат алуға құқығы бар;

7)ата аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап бағуға міндетті; **Алимент** - отбасының кәмелетке толмаған немесе еңбекке жарамсыз мүшелерін асырап бағуға арналған міндеттеме. Отбасы мүшелерінің алименттік қатнастары

1)ата аналар ажырасқан жағдайда кәмелетке толмаған балаларын асырап бағу үшін алимент туралы келісім жасауға құқықтары бар. Келісім болмағанда сот ата-анадан ай сайын бәр балаға табысының төрттен бірін, екі балаға үштен бірін, үш немесе одан көп балаға тең жартысын төлеуді талап етеді.

2) ата аналар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларын асырап бағуға міндетті;

3) еңбекке жарамды кәмелетке толған балалар өздерінің еңбекке жарамсыз көмекке мұқтаж ата аналарын асырауға міндетті;

4)еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайын екіншісі асырауға міндетті.

Ата-аналар өз балаларына қатысты міндеттерін орындамаған жағдайда ата-ана құқығынан айырылады. Ата-ана құқығын айыру сот тәртібімен жүргізіледі.

Ата-ана құқығын айыру туралы істер ата-аналардың біреуінің кәмелетке толмаған балалардың құқтарын қорғау жөніндегі міндеттер жүктелген органдардың немесе ұйымдардың арызы бойынша, сондай-ақ прокурордың талыбы бойынша қаралады. Ата-ана құқығынан айыру туралы істер прокурор мен қорғаншы және қамқоршы органының қатысуымен қаралады. Ата-ана құқығынан айыру туралы істі қарау кезінде сот ата-ана құқығынан айырылған ата-аналардан алимент өндіріп алу туралы мәселені шешеді. Ата анасының қайтыс болуы, ата ана құқығынан айырылуы, олардың құқықтарының шектелуі, ата анасының әрекетке қабілетсіз деп талынуы т. б. жағдайларда балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау қорғаншы және қамқоршы органдарға жүктеледі. Қамқоршы және қорғаншы органдар –жергілікті атқарушы органдар, өздерінің міндеттерін осы органдар туралы ҚР Үкіметі бекіткен ереже негізінде жүзеге асырады. Қамқоршылық 14-жасқа толмаған балаларға, және психикалық ауру салдарынан немесе ақыл есі кемдігінен сот әрекетке қабәлетсіз деп таныған адамдарға белгіленеді. Қорғаншылық 14-18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балаларға және спиртті ішімдіктерге немесе есірткіге салыну салдарынан сот әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдарға белгіленеді.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы Заңы.Алматы, ҚР 26.12.2011 №518-IV Кодескі.
- 2.Т.Д. Карпушина, С.А. Интымаков. Семейное право. Алматы – 2005.
- 3.Булгакова Д.А.Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
- 4.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы:оқулық/Қ.Д.Жоламан.-Алматы:Нұр-пресс.-2007.-295 б.
- 5.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы .Алматы:Нұр-Пресс.-2008.-1 CD; 124 Мб.
- 6.Сапарғалиев Ғ.С.Мемлекет және құқық теориясы.Ғ.С.Сапарғалиев, С.А.Ибраева.-Астана:Фолиант.-2007.-336

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

1.Неке жасын кім төмендете алады:

- А.АХАЖ;
- В. ішкі істер органы;
- С. сот;
- Д. маслихат;
- Е.прокуратура;

2.Бір балаға төленетін алименттің көлемі:

- А. табысының 1/4 бөлігі;
- В. табысының 1/2 бөлігі;
- С. табысының 1/3 бөлігі;
- Д. табысының 1/5 бөлігі;
- Е. табысының 1/6 бөлігі

3.АХАЖ органдарымен неке бұзылса, некенің тоқталуы /кезеңі/ уақыты:

- А. Некені бұзу туралы арыз берген кезден бастап;
- В. әдлет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап;
- С. Сот шешімі қабылданғаннан бастап;
- Д. Некенің бұзылғаны туралы АХАЖ кітабында тіркелген кезден бастап;
- Е. Ерлі-зайыптылар некені бұзу туралы кол койған уақыттан бастап.

4. Неке бұзылғанда қандай құжат беріледі:

- A. Куәлік;
- B. Некенің тіркелгендігі туралы паспорт;
- C. Некені бұзғаны туралы куәлік;
- D. Паспорт, некенің бұзылғандығы туралы;
- E. Ерлі-зайыптылардың неке бұзу туралы жазған арыздары.

5. Сот органдарымен неке бұзылу кезеңі:

- A. Сот органдарымен шешім қабылданған;
- B. Сот органдарына арыз берген күннен бастап;
- C. Сот шешімінің заңды күшіне енген күнінен бастап;
- D. АХАЖ органдарында тіркелгеннен бастап;
- E. Некені бұзу туралы кол қойған кезден бастап.

6. Неке бұзылу тәртібінің түрлері:

- A. Атқарушы, құқықтық;
- B. Соттық, атқарушы, құқықтық;
- C. әкімшілік, соттық;
- D. Атқарушы, әкімшілік, соттық;
- E. Соттық, әкімшілік.

7. Ерлі зайыптылардың құқықтары мен мідеттерінің пайда болу кезеңі:

- A. АХАЖ органдарына арыз берген күннен бастап;
- B. Неке қиылған сәттен бастап;
- C. әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен бастап;
- D. АХАЖ кітабында мемлекеттік тіркелген кезден бастап;
- E. Неке қию туралы қол қойылған уақыттан бастап.

8. Некені қию мерзімдері:

- A. Қалыпты, қалыптан тыс, қысқартылған;
- B. Қысқартылған, жалпы, ұзартылған;
- C. Ұзартылған, қалыпты, қысқартылған;
- D. Ұзартылған жалпы;
- E. Қалыпты, қысқартылған.

9. Неке қиюдың жалпы мерзімі:

- A. 2 ай арыз берген күннен бастап;
- B. Арыз берген күннен бастап 1 ай;
- C. Арыз берген күннен бастап 1 апта;
- D. Шешім қабылдағаннан бастап 1 ай;
- E. Арыз берген күннен бастап 3 ай.

10. Ата-ана құқықтарынан айыру төмендегілердің қайсысымен жүргізіледі:

- A. АХАЖ органдарымен;
- B. Туыстарымен;
- C. Ата-аналардың өзімен;
- D. Сот органдарымен;
- E. Атқару органдарымен.

11. Егер бір жұбайын әрекетке қаблетсіз деп таныса:

- A. Ол жұбайдың келісімі қажет;

- В. Келісімі қажет емес;
- С. Ол жұбайдың жазбаша арызы қажет;
- Д. Ол жұбайдың жазбаша арызы қажет емес;
- Е. Дұрыс жауабы жоқ.

12. Тұлғаны хабар ошарсыз кетті деп жариялау:

- А. 3 ж;
- В. 2 ж;
- С. 1 ж;
- Д. 1,5 ж;
- Е. 5 ж.

Дәріс 6. Қазақстан Республикасының еңбек құқығының негіздері

Дәрістің мақсаты: Еңбек құқығының пәнін еңбекке қабілеттілікті іске асыру, жеке және ұжымдық еңбек шартын, еңбекті ұйымдастыру мен басқару жөніндегі мемлекеттік және жеке ұйымдарда азаматтардың еңбегін қолдану барысында қалыптасатын жеке және ұжымдық қатнастарды түсіндіре отырып, мазмұнын ашу. Қазақстан Республикасы еңбек кодексі бойынша ақы төлеу тәртібін, оның құқықтық реттелуін талқылап, сипаттау. Еңбек даулары, оны құқықтық реттеу.

Дәріс жоспары:

1. Еңбек құқығы, принциптері, әдіс- тәсілдері
2. Жеке және ұжымдық еңбек шарты
3. Еңбек даулары, оны құқықтық реттеу.

1. Еңбек құқығы, принциптері, әдіс-тәсілдері.

Еңбек құқығы дегеніміз – меншігі мен шаруашылық түріне байланыссыз жұмысшылардың барлық санаттарының еңбекке байланысты қоғамдық қатынастарын реттейтін құқық саласы. Еңбек қатнастарын реттейтін негізгі заң Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» (15.05.2007 ж.) Еңбек құқығының пәнін еңбекке қабілеттілікті іске асыру, еңбекті ұйымдастыру мен басқару жөніндегі мемлекеттік және жеке ұйымдарда азаматтардың еңбегін қолдану барысында қалыптасатын жеке және ұжымдық қатнастар құрайды. Еңбек құқығы 4 түрлі әдіс арқылы реттеледі:

- 1) еңбек жағдайларын орталықтан мемлекеттік реттеу;
- 2) еңбектегі құқықтық қатынастардың шартты түрде ғана пайда болуы, өзгеруі және жойылуы;
- 3) еңбек қатынастарын реттеуге еңбек ұжымдарын және кәсіподақ ұйымдарын қатыстыру;
- 4) өзара міндеттемелерді орындау мен еңбекті қорғау құқығын қамтамасыз етудің ерекше тәртібі.

Еңбек құқығының принциптері- еңбек қатнастарын және олармен тығыз байланысты қоғамдық қатнастарды реттеу кезінде басшылыққа алынатын бастапқы постулаттар. ҚР конституциясында еңбек саласындағы қатнастарды құқықтық реттеудің мынандай принциптері белгіленген: еңбек бостандығы және өзінің еңбекке қабілеттілігіне еркін билік ету; қызмет пен кәсіп түрін таңдау мүмкіндігі; мәжбүрлі еңбекке тыйым салу және жұмыссыздықты қорғау (Конст.24 бап); денсаулықты қорғау құқығы (Конст.29 бап), құқықтар мен бостандықтарды заңмен тыйым салынбаған барлық әдістермен қорғау құқығы, еңбегі үшін ешқандай кемітушіліксіз, жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес сыйақы алу құқығы (Конст. 24, 28 баптар), демалу құқығы (Конст.24-бап) т. б. Осы конституциялық принциптермен қатар ҚР «Еңбек кодексінде» еңбек құқығының төмендегідей принциптері айқындалған :

- 1) адам мен азаматтың еңбек саласындағы құқықтарының шектелуіне жол бермеу;

- 2) еңбек бостандығы;
- 3) кемсітушілікке, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу;
- 4) қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықты қамтамасыз ету;
- 5) өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты алғанда қызметкердің өмірі мен денсаулығының басымдығы;
- 6) еңбегі үшін жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес, әділетті сыйақыға құқығын қамтамасыз ету;
- 7) тынығу құқығын қамтамасыз ету;
- 8) қызметкерлердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі;
- 9) қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өздерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін бірігу құқығын қамтамасыз ету;
- 10) әлеуметтік әріптестік;
- 11) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеу;
- 12) қызметкерлер өкілдерінің Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру құқығын қамтамасыз ету болып табылады. Еңбек құқығының субъектілері жұмысшы мен жұмыс беруші. Бұлардың арасындағы қарым-қатынас келісімдік-шарттық негізінде құрылады. Мысалы, жұмысшы (қызметкер) еңбегі үшін шартта алдын ала келісілген жалақы алады немесе сол ұйымның тапқан пайдасының белгілі бір мөлшеріне ие болады. Еңбек құқығының негізгі институттарына жеке және ұжымдық еңбек шарты жатады. Жеке және ұжымдық еңбек шартына жеке тұлғалар мен ұжым қатысады. Бұлардың арасындағы қарым-қатынас келісім-шарттық негізінде құрылады, мысалға алатын болсақ, жұмысшы (қызметкер) еңбегі үшін шартта алдын ала келісілген жалақы алады немесе сол ұйымның тапқан пайдасының белгілі бір мөлшеріне ие болады. Еңбектік құқық қатынастарының өзіне тән мынадай белгілері болады: біріншіден, бұл қатынастар сол кәсіпорын, мекеме, ұйымның ішкі тәртібінің шегінде жүреді; екіншіден, бұл қатынастар тек қана жұмысшы (қызметкер) белгілі бір еңбек ұйымына кірген кезде ғана пайда болады; үшіншіден, жұмысшының (қызметкердің) еңбек ұжымына кіруі нақты заңды деректермен белгіленеді (жеке еңбек шартына тұрады, қызметкердің жұмысқа тұруы жөнінде бұйрыққа шығарылады); төртіншіден, еңбек қатынастары сол жұмысшының белгілі бір мамандық, біліктілік немесе қызмет бойынша жұмыс атқаратынын, ал кәсіпорын әкімшілігі аталған жұмыстың орындалуы үшін қажетті жағдай жасауын міндетіне алғандығын білдіреді. Жеке еңбекке негізделген еңбек түрлері, яғни меншік иесінің еңбегі, суретші, ғалым, жазушылардың еңбегі еңбек құқығының нормаларымен реттелмейді. Алайда бұлар белгілі бір еңбек ұғымында қызмет істесе, онда олардың еңбегі еңбектік құқықтық қатынастарға жатады. Сонымен, **еңбектік құқықтық қатынастар дегеніміз** – азамат бекітілген ішкі еңбек тәртібіне бағына отырып, белгілі бір жұмысты атқару үшін еңбек ұжымына кірген кезде пайда болатын өндірістік қатынастардың бір түрі. Демек, еңбектік қатынастарға жалданып еңбек етуге байланысты қатынастардың барлығы және сондай қатынастар, солардан пайда болатын басқа да қатынастар болады. Жұмыс берушілер мен барлық жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек қатынастарын реттейтін негізгі заң Қазақстан Республикасының «Еңбек кодксі» (15.05.2007 ж.)

2. Жеке еңбек шарты мен ұжымдық еңбек шарты және оның мазмұны

Жалпы еңбек шарты деген түсінікті 3 түрлі мағынада қарастыруға болады: біріншіден, еңбек шарты дегеніміз – азаматтардың еңбек ету құқығын жүзеге асыру жолы ретінде; екіншіден, еңбек шарты еңбек құқық қатынастарының пайда болу негізі болып табылады; үшіншіден, еңбек шарты - азаматтарды жұмысқа қабылдау, басқа жұмысқа ауыстыру және жұмыстан босатуды реттейтін нормаларды біріктіретін еңбек құқығының институты. Сондай-ақ, еңбек шартының заңдық маңызы ол еңбек қатынастарының пайда болуына ғана емес, оның өзгеруіне, жайылуына себепкер болады. **Жеке еңбек шарты** дегеніміз –

қызметкер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша нысанда жасалатын екі жақты келісім, ол келісімге сәйкес қызметкер жұмыс берушіге белгілі бір мамандық, біліктілік немесе кәсіп түрі бойынша жұмысты орындауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші қызметкерге еңбек ақысын және заңдар мен тараптардың келісімінде көзделген басқа да ақшалай төлемдерді уақытында және толық көлемде төлеуге, еңбек туралы заңдар мен ұжымдық шартта көзделген еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге міндеттенеді. (ЕК 24-бап) Еңбек шартын жасасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін бұзуға тыйым салынады. Жүктілік, үш жасқа дейінгі балаларының болуы, кәмелетке толмағандық, мүгедектік еңбек шартын жасасу құқығын шектей алмайды. жұмыс беруші еңбек жасаудан бас тартқан жағдайда, оның себебін аталған адамдар санатының талабы бойынша жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Еңбек шартын жасасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігінің бұзылу фактісі анықталған жағдайда, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады. (ЕК 24-бап) ҚР Еңбек кодексінің 28 бабында жеке **еңбек шартының мазмұны** анықталған. Онда: 1) екі жақтың реквизиттері (жұмысшының аты жөні тұрғылықты жері, құжаттары негізінде; жұмыс берушінің атауы, орналасқан жері, мекен жайы, мемлекеттік тіркелу нөмірі т.б.) жазылады; 2) жұмысшының мамандығы, кәсібі, қызметі; 3) жұмыс орыны; 4) жеке еңбек шартының мерзімі; 5) жұмыс уақыты мен демалыс уақыты; 6) жалақы мөлшері; 7) еңбек жағдайларына сипаттама; егер жұмыс ауыр немесе қауіпті болса кепілдіктер мен жеңілдіктер, 8) жұмысшының құқықтары мен міндеттері; 9) жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері; 10) кепілдіктер мен компенсациялық төлемдер, оларды төлеу тәртібі; 11) Еңбек шартына байланысты екі жақтың жауапкершілігі; **Еңбек шартының мерзіміне** қарай 1) белгілі мерзімге; 2) белгілі бір жұмысты орындауға; 3) негізгі жұмысшының орнын уақытша ауыстыруға; 4) мерзімдік жұмыстарға; 5) мерзімсіз (егер жасалу мерзімі көрсетілмесе); Жеке еңбек шартын 16 жасқа толған адамдармен жасасуға жол беріледі. Жеке еңбек шартының міндетіне сол шарттың мазмұнын құрайтын еңбек жағдайлары, еңбек орны, қызмет түрі, жұмыстың басталу және аяқталу уақыты, жұмысшының еңбек ақысы жатады. Ал қосымша жағдайларға қызметкер иен жұмыс берушінің қосымша тілектерінен туындаған жағдайлар жатқызылады. Мысалға сынақ мерзімін тағайындау немесе коммерциялық құпияны сақтау міндеті. Еңбек шартында қызметкердің тапсырылатын жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатымен сынақ мерзімі туралы талап белгіленуі мүмкін. Бұл талап еңбек шартында болмаса, қызметкер жұмысқа сынақ мерзімінсіз қабылданды деп есептеледі. Сынақ мерзімі қызметкердің жұмыс стажына қосылады және үш айдан аспауға тиіс. Жеке еңбек шартын жасасу барысында жұмыс беруші қызметкерден еңбек қатынасын, жеке басының куәлігін, білімі немесе кәсіби даярлығы туралы құжаттарын талап етуге құқылы. Ал жеке еңбек шартын тараптардың еркіне байланысты емес, мынадай мән-жайларда бұзуы ҚР ЕК 59 бабында көрсетілген: 1) қызметкерді әскери қызметке шақырған кезде немесе құжатын көрсеткенде; қызметкер жазаға тартылған сот үкімі заңды күшіне енген жағдайда бұрынғы жұмысты жалғастыру мүмкіндігі болмағанда; 2) қызметкер қайтыс болған жағдайда, сондай-ақ сот қызметкерді қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кетті деп таныған жағдайда; 3) сот қызметкерді әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі, соның салдарынан қызметкердің бұрынғы жұмысын жалғастыруға мүмкіндігі жоқ деп таныған жағдайда тоқтатылуы тиіс. Жеке еңбек шарты жұмыс берушінің бастамасы бойынша Еңбек кодексінің 54-бабында көрсетілгендей мынадай жағдайларда бұзылуы мүмкін:

- 1) жұмыс беруші - заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған кезде;
- 2) қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған;
- 3) біліктілігінің жетіспеуі салдарынан қызметкер атқарып жүрген лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеген;
- 4) өзінің жұмысын жалғастыруына денсаулық жағдайының кедергі келтіруі салдарынан қызметкер атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеген;
- 5) сынақ мерзімі кезеңінде жұмыс нәтижесі дұрыс болмаған;

6) қызметкер бір жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішінде дәлелді себепсіз үш және одан да көп сағат бойы жұмыста болмаған;

7) қызметкер жұмыста алкогольдік, нашақорлық, психотроптық, уытқұмарлық масандық (соларға ұқсас) жағдайында болған, оның ішінде жұмыс күні ішінде алкогольдік, нашақорлық, уытқұмарлық масандық (соларға ұқсас) жағдай туғызатын заттарды пайдаланған;

8) қызметкер, жарақаттар мен аварияларды қоса алғанда, ауыр зардаптарға әкеп соққан немесе соғуы мүмкін, еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі не көліктегі жүру қауіпсіздігі ережелерін бұзған;

9) қызметкердің жұмыс орнында басқаның мүлкін ұрлау (оның ішінде ұсақ ұрлық), оны қасақана жою немесе бүлдіру әрекеті заңды күшіне енген сот үкімімен немесе қаулысымен анықталған;

10) ақшалай немесе тауарлық құндылықтарға қызмет көрсететін қызметкердің кінәлі әрекеттер жасауы немесе әрекетсіздігі, егер бұл әрекеттер немесе әрекетсіздік жұмыс берушінің тарапынан оған деген сенімнің жоғалуына негіз болса;

11) тәрбиелік функциялар атқаратын қызметкер осы жұмысын жалғастырумен сыйыспайтын, адамгершілікке жат қылықтар жасаған;

12) қызметкер еңбек міндеттерін атқаруға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткен;

13) егер тәртіптік жазасы бар қызметкер еңбек міндеттерін дәлелді себепсіз қайталап орындамаған немесе тиісінше орындамаған; Өндірістік жарақат алуына немесе кәсіптік ауруға шалдығуына байланысты еңбекке қабілеттілігінен айрылған қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) еңбекке қабілеттілігі қалпына келгенге дейін немесе мүгедектік белгіленгенге дейін сақталады

Жеке еңбек шартының бекітілу мерзімі: 1) белгілі мерзімге; 2) белгісіз мерзімге; 3) белгілі бір жұмысты орындау уақытына немесе жұмыста уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына жасалады

Жұмыс уақыты дегеніміз - қызметкердің еңбек міндеттерін орындау барысындағы уақыты. Еңбек заңына сәйкес жұмыс уақыты қалыпты қысқартылған және мерзімінен тыс жұмыс уақыттары болып үш түрге бөлінеді. ЕК 76- бабына сәйкес қызметкердің жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс. 14- жастан 16 жасқа дейінгі қызметкерлер үшін аптасына 24 сағаттан, 16 жастан 18 жасқа дейінгілер үшін 36 сағаттан аспайтын, және ауыр дене жұмыстарында, зиянды жұмыстарда істейтіндер үшін аптасына 36 сағат жұмыс уақыты белгіленген. **Демалыс уақыт** дегеніміз - қызметкердің еңбек міндеттерін орындаудан босатылған өз еркімен пайдаланылатын күн сайынғы уақыты. Заңмен демалыс уақытының мынандай түрлері белгіленген: 1) жұмыс кезіндегі үзіліс (бір сағаттан аспайтын болмауы тиіс) 2) күн сайынғы демалыс; (жұмыс біткеннен келесі күнгі жұмысқа шейін 12 сағаттан кем болмауы керек) 3) апта сайынғы демалыс; 4) мерекелік күндер; 5) ақы төленетін жыл сайынғы демалыс; 6) жалақы сақталмайтын демалыстар; 6) жүктілігі мен босануға байланысты демалыс; 8) бір жарым жасқа дейінгі балалары бар аналар үшін жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс (ЕК 92 б.); 9) оқу демалысы Ақылы демалыс 24 календарлық күнен кем болмауы керек. (ЕК 101 –бабы)

Жалақы жеке еңбек шартының негізінде орындалған қызметкердің еңбегі үшін төленетін міндетті ақы (ҚР ЕК 120-бабы) Жалақы мөлшері заңда көрсетілген ең төмен жалақыдан кем болмауы тиіс (ҚР ЕК 121 бабы) ең төмен жалақының мөлшері, сыйақы, қосымша төлемдерді қоспағанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен кем болмауы керек. Ең төменгі жалақы және күнкөріс деңгейін ҚБюджеті туралы жыл сайынғы заңымен белгіленеді (ҚР ЕК 122 бабы) **Еңбекке ақы төлеудің** негізгі жүйесі бар. Олар: мерзімді және кесімді жалақы. Еңбекке мерзімді жалақы төлеу іс жүзінде жұмыс істелген уақыт пен оның тарифтік ставкасына (айлық ақысына) байланысты болады. Тарифтік ставкалар, кестелер, тарифтік біліктілік анықтамалары тарифтік жүйенің элементтерін құрайды. Кесімді жалақы-

дайындалған бұйымдар немесе жасалған операциялар санына сәйкес кесімді бағалар бойынша қызметкердің жұмысына ақы төлеу жүйесі. Еңбекақы төлеудің мерзімді және кесімді жүйелері еңбектің сыйлықақы жүйесімен толықтырылуы мүмкін. Ол ынталандырушы роль атқарады.

3.Еңбек даулары, оны құқықтық реттеу.

Еңбек даулары-еңбек жағдайларын белгілеу, еңбек шартын жасау,еңбек заңдары нормаларын қолдану мәселелері бойынша еңбек құқығы субъектілерінің арасындағы келіспеушіліктер туғызатын даулар. Жеке еңбек дауларын келісім комиссиялары және (немесе) соттар қарайды. Жеке еңбек дауларын еңбек дауы тараптарының өтініші бойынша келісім комиссиясы қарайды. Еңбек шартының тараптары жеке еңбек дауын шешу үшін өз қалауы бойынша тікелей сотқа жүгіне алады.(ЕК 170-бап).Келісу комиссиясы тепе-теңдік негізінде жұмыс берушінің және қызметкерлердің өкілдерінің бірдей санынан құрылады. Келісу комиссиясының сандық құрамы, оның жұмыс істеу тәртібі және келісім комиссиясы өкілеттігінің мерзімі жұмыс беруші мен қызметкерлердің арасындағы келісім бойынша қызметкерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) белгіленеді (ЕК171-бап).Комиссия арыз берушінің өтінішін үш күн мерзім ішінде қарап шешім қабылдайды. Шешім қабылданғаннан бастап үш күн ішінде орындалуы керек. Еңбек дауларын сотта қарау ҚР заңдарымен белгіленеді. Ұжымдық келіссөздер жүргізу және ұжымдық шарттың жобасын әзірлеу үшін тараптар тепе-тең негізде комиссия құрады. Комиссия мүшелерінің саны, оның жеке құрамы, жобаны әзірлеу және ұжымдық шарт жасасу мерзімдері тараптар келісімімен айқындалады.Жұмыс беруші тараптардың келісімі бойынша ұжымдық шартты әзірлеу мен жасасу үшін қажетті жағдай жасауды қамтамасыз етеді.(ЕК 282- бап). Ұжымдық шарт тараптар айқындайтын мерзімге жасалады. 284-бабында. Ұжымдық шарттың мазмұны мен құрылымы айқындалған тараптар айқындалған.Ұжымдық шартқа:

1)еңбекке ақы төлеуді нормалау, оның нысандары, жүйелері, қызметкерлерге, оның ішінде ауыр жұмыстарда, зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарда істейтін қызметкерлерге тарифтік ставкалар мен жалақылар, үстемақылар мен қосымша ақылар мөлшері туралы;
2) еңбекке ақы төлеуді индекстеу туралы, жәрдемақылар мен өтемақы төлемдерін төлеу туралы, оның ішінде жазатайым оқиғалар кезіндегі қосымша өтемақылар туралы;
3) тиісті мамандықтың, ұйымдағы лауазымның ең жоғары және ең төменгі жалақысы мөлшерлерінің арасындағы жол берілетін арақатынас туралы;
4) разрядаралық коэффициенттерді белгілеу туралы;5) жұмыс уақыты мен тынығу уақытының ұзақтығы, еңбек демалыстары туралы; 6) салауатты және қауіпсіз еңбек пен тұрмыс жағдайларын жасау туралы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау денсаулық сақтауды жақсарту туралы, қызметкерлерді және олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру кепілдіктері туралы, қоршаған ортаны қорғау туралы;
7) тиісті саланың разрядаралық коэффициенттерін белгілеу туралы ережелер енгізілуге тиіс.

Ұжымдықшартқа: 1) еңбекті ұйымдастыруды жақсарту және өндіріс тиімділігін арттыру туралы;

2)еңбек тәртіптемесі мен еңбек тәртібін реттеу туралы;
3) босатылатын қызметкерлердің жұмыспен қамтылуын, оларды даярлауды, біліктілігін арттыруды, қайта даярлауды және жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету туралы;
4) жұмысты оқумен қоса атқаратын қызметкерлерге берілетін кепілдіктер мен жеңілдіктер туралы;
5) қызметкерлердің тұрғын үй және тұрмыстық жағдайларын жақсарту туралы;
6) қызметкерлерді сауықтыру, санаторий-курорттық емдеу және олардың тынығуы туралы;
7) кәсіподақ мүшелері болып табылатын қызметкерлермен еңбек шартын бұзған кезде ұйымның кәсіподақ органының дәлелді пікірін ескерудің тәртібі туралы;8) кәсіподақ

- органына сайланған қызметкерлерге берілетін кепілдіктер туралы;
- 9) қызметкерлердің өкілдері қызметін жүзеге асыруға арналған талаптар туралы;
- 10) кәсіподақ қызметі үшін жағдай жасау туралы;
- 11) қызметкерлерді сақтандыру туралы;
- 12) ұжымдық шарттың орындалуын бақылау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі туралы;
- 13) еңбек шарттарын ереуілді желеу етіп жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуды болдырмау туралы;
- 14) қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өздері келтірген залал үшін жауаптылығы туралы;
- 15) тараптардың ұжымдық шартты орындауға жауаптылығы туралы;
- 16) ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары туралы;
- 17) тараптар айқындаған басқа да мәселелер бойынша қызметкерлер мен жұмыс берушінің өзара міндеттемелері енгізілуі мүмкін.

Ұжымдық еңбек даулары бітімгерлік рәсімдер тәртібімен және (немесе) сот тәртібімен шешіледі. Жұмыс беруші қызметкерлердің қойған талаптарын алған күннен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей қарауға және оларды шешу үшін шаралар қолдануға, ал шешуге мүмкіндік болмаған кезде туындаған келіспеушіліктерді одан әрі қарау үшін өз өкілдерін көрсете отырып, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын аталған мерзім ішінде қызметкерлерге жазбаша түрде жеткізуге міндетті. (ЕК 290-бап)

1) Ұжымдық еңбек дауларын бітімгерлік комиссияда қарау. Бітімгерлік комиссиясын тараптар жұмыс беруші, жұмыс берушілердің бірлестігі (олардың өкілдері) өз шешімін қызметкерлерге (олардың өкілдеріне) хабарлаған не хабарламаған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде құрады. Бітімгерлік комиссиясы ұжымдық еңбек дауы тараптары өкілдерінен тепе-тең негізде құрылады. Бітімгерлік комиссиясын құру туралы шешім жұмыс берушінің актісімен және қызметкерлер өкілдерінің шешімімен ресімделеді. Бітімгерлік комиссиясы құрылған күнінен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей қызметкерлердің (олардың өкілдерінің) талаптарын қарайды. Комиссияның шешімі тараптар келісімінің негізінде қабылданады, тараптардың өкілдері қол қоятын хаттамамен ресімделеді және оның тараптар үшін міндетті күші болады. (292 бап)

Бітімгерлік комиссиясында келісімге қол жеткізілмегенде, оның жұмысы тоқтатылады, ал дауды шешу үшін еңбек арбитражы құрылады.

2) Еңбек дауын еңбек арбитражында қарау. Ұжымдық Еңбек арбитражын ұжымдық еңбек дауының тараптары бітімгерлік комиссиясының жұмысы тоқтатылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық, салалық немесе өңірлік комиссия мүшелерінің қатысуымен құрады. Еңбек арбитражы мүшелерінің саны, оның дербес құрамы, еңбек дауын қараудың тәртібі тараптардың келісімімен белгіленеді. Еңбек арбитражы кемінде бес адамнан құрылуға тиіс. Еңбек арбитражының құрамына қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, мемлекеттік еңбек инспекторы, мамандар, сарапшылар мен басқа да адамдар енгізіледі. Еңбек арбитражының төрағасын тараптар арбитраж мүшелері қатарынан сайлайды. Еңбек арбитражы ұжымдық еңбек дауын ұжымдық еңбек дауы тараптары өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен, ал қажет болғанда басқа да мүдделі адамдар өкілдерінің де қатысуымен қарайды. Дауды қарау рәсімін еңбек арбитражы белгілейді және ұжымдық еңбек дауы тараптарының назарына жеткізеді. Еңбек арбитражының шешімі құрылған күнінен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірілмей арбитраж мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Еңбек арбитражы мүшелерінің дауыстары тең бөлінген кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Шешім дәлелді әрі жазбаша түрде болуға және оған арбитраж мүшелерінің барлығы қол қоюға тиіс. Бітімгерлік комиссиясында ұжымдық еңбек дауы тараптарының келісіміне қол жеткізілмеген кезде, заң бойынша ереуілдер өткізу тыйым салынған немесе шектелген ұйымдарда, еңбек

арбитражы міндетті түрде құрылуға тиіс.Ұжымдық еңбек дауының тараптары еңбек арбитражының шешімін орындауға міндетті болады.(ЕК 293 бап).

3)Ұжымдық еңбек дауын делдалдың қатысуымен қарау .Тараптар өздеріне қатысты тәуелсіз ұйымдар мен тұлғаларды делдал ретінде белгілейді. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық, салалық, өңірлік комиссиялар ұжымдық еңбек дауы тараптарының келісімімен ұжымдық еңбек дауларын реттеу жөніндегі жұмысқа орталық және жергілікті атқарушы органдардың, қауымдастықтардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің басшылары мен қызметкерлерін, жұмыс берушілерді, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды тарта алады. Делдалды таңдау жағдайларының бәрінде олардан делдалдық етуге жазбаша келісім алынуға тиіс. Ұжымдық еңбек дауының тараптары арасында дауды делдалдың қатысуымен немесе онсыз шешу туралы келісімге қол жеткізілген барлық жағдайларда аяқталмай қалған бітімгерлік рәсімдері тоқтатылады, ал тараптар арасындағы келісімнің талаптары дауды шешудің талаптары деп есептеледі.Ұжымдық еңбек дауының тараптары қол жеткізген келісімдер жазбаша түрде рәсімделеді. Тараптар арасында даудың шешілуі туралы келісімге қол жеткізу, егер ереуіл жарияланған болса, оның тоқтатылуына әкеп соғады.(ЕК 295 бап) Егер бітімгерлік рәсімдер арқылы ұжымдық еңбек дауын шешуге қол жеткізілмесе, сондай-ақ жұмыс беруші бітімгерлік рәсімдерден жалтарған не ұжымдық еңбек дауын шешу барысында қол жеткізілген келісімді орындамаған жағдайларда қызметкерлер ереуіл өткізу туралы шешім қабылдай алады.(298 бап). Ереуіл өткізу жөніндегі шешім қызметкерлердің (олардың өкілдерінің) жиналысында (конференциясында) ұйым қызметкерлері жалпы санының кемінде жартысы болғанда қабылданады және жиналысқа (конференцияға) қатысушылардың кемінде үштен екісі сол үшін дауыс берген жағдайда қабылданды деп есептеледі. Ереуілді қызметкерлер (олардың өкілдері) уәкілеттік берген орган (ереуіл комитеті) басқарады.Ереуілге қатысу ерікті болып табылады. Ешкімді ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеуге болмайды. Қызметкерлерді ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлейтін тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады. қызметкерлердің ереуіл кезіндегі жалақысы сақталмайды. Ереуіл өткізу кезеңінде ұжымдық еңбек дауының тараптары осы дауды бітімгерлік рәсімдер жүргізу жолымен шешуді жалғастыруға міндетті.(ЕК 301 бап).

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 2007ж.Қазақстан
- 2.Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі.Алматы 2007
- 3.Ғ.С.СапарғалиевҚазақстан Республикасының конституциялық құқығының негіздері
- 4.Булгакова Д.А.Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
- 5.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы:оқулық/Қ.Д.Жоламан.-Алматы:Нұр-пресс.-2007.-295 б.
- 6.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы .Алматы:Нұр-Пресс.-2008.-1 CD; 124 Мб.
- 7.Сапарғалиев Ғ.С.Мемлекет және құқық теориясы.Ғ.С.Сапарғалиев, С.А.Ибраева.-Астана:Фолиант.-2007.-336

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

1. Келісу комиссиясы еңбек дауын өтініш берілген күннен бастап неше күнде қарауға міндетті:
А. 7 күн;
В. 5 күн;
С. 3 күн;
Д. 1 күн;

Е. 10 күн;

2. Азаматтарды еңбек заңына сәйкес жұмысқа қабылдауға рұқсат берілетін жас:

А. 14 жастан;

В. 15 жастан;

С. 16 жастан;

Д. 17 жастан;

Е. 13 жастан;

3. Жұмыс уақытының ең жоғарғы ұзақтығы аптасына қанша сағатты құрайды:

А. 40 сағат;

В. 30 сағат;

С. 35 сағат;

Д. 45 сағат;

Е. 50 сағат;

4. Еңбек кодексі қандай қатынастарды реттейді?

А. аталғандардың барлығы дұрыс;

В. еңбек қатынастарын;

С. еңбек қатынастарына тікелей байланысты қатынастарды;

Д. әлеуметтік әріптестікті;

Е. еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды;

5. Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына:

А. 40 сағаттан аспауы тиіс;

В. 45 сағаттан аспауы тиіс;

С. 30 сағаттан аспауы тиіс;

Д. 35 сағаттан аспауы тиіс;

Е. 47 сағаттан аспауы тиіс;

Дәріс 7. Қазақстан Республикасы азаматтық құқығының негіздері

Дәрістің мақсаты: Қазақстан Республикасының азаматтық құқық заңнамасының қағидаларын түсіндіру. Азаматтық құқықтың қайнар көздері және жүйесін сипаттау. Азаматтық құқықтық қатынастар түсінігін, азаматтық құқықтық жауапкершілік, азаматтық құқықтағы мәміле, меншік, шарт мәселелерін қарастыру.

Дәріс жоспары:

1. Азаматтық құқық және азаматтық құқықтық қатнастар туралы түсінік

2. Мәміле, оның түрлері

3. Меншік және зияткерлік меншік құқығы. Міндеттемелік құқық.

1. Азаматтық құқық және азаматтық құқықтық қатнастар туралы түсінік

Азаматтық құқық дегеніміз – бір тараптың екінші тарапқа бағынбауына, қатысушылардың теңдігіне негізделген тауар-ақша қатынастарын және өзге де мүліктік қатынастарды, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы. Азаматтық құқықпен реттелінетін қатынастарға мүліктік және мүліктік емес қатынастар жатады. Азаматтық құқықтың қайнар көздері: Қазақстан Республикасының «Азаматтық кодексі». Ол екі бөлімнен тұрады. Олар: жалпы бөлім және ерекше бөлім. «Азаматтық кодексі» жалпы бөлім (27.12.1994ж.) Азаматтық кодекстің ерекше бөлімі (01.07.1999ж.) қабылданды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарынан, Қазақстан Республикасының президентінің заң күші бар

жарлықтарынан, парламенттің қаулыларынан, парламенттің сенаты мен мәжілісінің қаулыларынан тұрады. Азаматтық құқық қатынастар мынадай түрлерге бөлінеді: меншік құқығы, зияткерлік меншік құқығы, мәміле, міндеттемелік құқық, мұрагерлік құқық. Кез келген құқық қатынас оның субъективтік құқықтар мен міндеттерді таратушылар ретіндегі қатысушылардың құқықтық байланысы болып табылады. Субъективтік құқықтар мен міндеттер азаматтық құқық қатынасының мазмұны болып табылады. Субъективтік құқықтық мазмұнын субъектіге берілген немесе заңмен рұқсат етілген мүмкіндіктер құрайды. Мысалы, меншік құқығы белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін меншік иесіне тиесілі мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету мүмкіндігін береді. Екіншіден, басқа адамдардың бәрінен сол мүмкіндіктерді жүзеге асыруға кедергі жасамауын талап етеді. Үшіндіден, меншік құқығы бұзылған жағдайда құқық бұзушылықты жою үшін сотқа жүгінуге дейінгі құқық қорғау тәртібін пайдалану мүмкіндігін қамтиды. **Жеке тұлға** Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа елдердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар. Азаматтық құқық қатынастарының объектілері деп аталған құқық қатынасы бағытталған және белгілі бір ықпал жасайтын нәрсе түсініледі. Адамдар арасындағы олардың өзара іс-қимыл нәтижесінде белгіленетін қоғамдық байланыс ретінде азаматтық құқық қатынасы адамның мінез-құлығына ғана ықпал етеді. Сондықтан азаматтық құқық қатынастарының объектісін оның субъектілерінің алуан түрлі материалдық игіліктері мен материалдық емес игіліктері жатады. Мысалы, азаматтық кодекстің 115-бабында атап көрсетілгендей **азаматтық құқық объектілеріне**: заттар, ақша оның ішінде шетелдік валюта, қоғамдық қағаздар, жұмыс, көрсетілген қызмет, шығармашылық, жеке қызметтің объектілендірілген нәтижелері және фирма атаулары, тауар белгілері және бұйымдарды дараландырудың өзге де құралдары мен мүліктік және мүліктік емес құқықтар жатады.

Азаматтық құқықтың субъектілері: жеке тұлғалар заңды тұлғалар, мемлекет әкімшілік-аумақтық бірлілестіктер. Олардың құқықтық қатынастары тең құқықты, бір-бірінен тәуелсіз, заңда көсетілген немесе көрсетілмеген негіздерде туындауы мүмкін, көбінесе өзара келісім негізінде жүзеге асады; Мүліктік жеке игіліктерге жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, ар-ождан, атақ, абырой, жеке және отбасылық құпиясы мен авторлық құқықтар жатады. Мүліктік емес жеке құқықтар адамның жеке басымен тығыз байланысты. Азаматтардың құқықтық жағдайы олардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі арқылы сипатталады. **Азаматтық құқық қабілеттілігі** дегеніміз – азаматтардың азаматтық құқықтарға ие болу және азаматтық міндеттерді атқару қабілетін айтамыз. Азаматтық құқық қабілеттілігі баршаға бірдей болғандықтан оған шек қоюға болмайды. Шек тек азамат қылмыс істеген және сол үшін жаза алған жағдайда ғана қойылуы мүмкін. **Азаматтардың әрекет қабілеттілігі** азаматтың өз әрікеттері мен азаматтық құқықтарға ие болу және оларды жүзеге асыру. Өзі үшін міндеттер туғызу және оларды орындау қабілеттілігі. Азаматтың толық әрекет қабілеттілігі кәмелеттік жасқа толғаннан кейін, яғни 18 жасқа келген кезден бастап пайда болады. Сондай-ақ заң құжаттарында 18 жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап, толық көлемде әрекет қабілеттілігіне ие болады. Әрекет қабілеттілігі екі түрлі жағдайда шектеледі: біріншіден, табиғи түрде шектеу, екіншіден, сот органдарының шешімі негізінде шектеу. Сондай-ақ 6- жастан 14-жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың жартылай әрекет қабілеттілігі болады. Ал 14-жастан 18-жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың толық емес әрекет қабілеттілігі болады. Азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болу негіздері- заңды фактілердің туындауы: 1) Келісімдер мен мәмілелердің жасалуы; 2) Әкімшілік актілердің шығуы; 3) Сот шешімі бойынша; 4) Мүліктік құқықтардың пайда болуы мен өзгеруі 5) Әдеби және ғылыми шығармалар, өндірістік үлгілер т.б. шығару; 6) Басқа да жеке және заңды тұлғаларға мүліктік шығын келтіру; 7) Азаматтық құқықтық жауапкершілікке тартылу; **Заңды тұлға** дегеніміз – меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы өзіндік оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен

міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта жауапкер және талапкер бола алатын ұйым. Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы және оның атауы жазылған мөрі болады. Заңды тұлғаның құқық субъектілігі дегеніміз – онда құқық субъектісінің қасиеті болуы, яғни құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі болуы. Азаматтық құқық қатынастарын реттеу төмендегідей тәсілдерге сүйенеді: 1) азаматтық құқықтық қатынаста қатысушылардың заңдық теңдігі; 2) жеке және заңды тұлғалар азаматтық құқық пен азаматтық міндетті өз ниеттерінің негізінде жүзеге асыруы; 3) азаматтық құқықтық қатынастарды жүзеге асыру мүмкіншілігінің теңдігі;

2. Мәміле, оның түрлері.

Азаматтық құқықтың негізгі ұғымдарының бірі - мәміле. ***Мәмілелер*** деп жеке және заңды тұлғалардың өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, тудыруға, өзгертуге, тоқтатуға бағытталған әрекеттерді айтамыз Мәмілелердің түрлері:

1) мәмілелер нысанына қарай: ауызша және жазбаша болып бөлінеді. Егер мәміле ешбір құжатсыз адамның тікелей қабылдауы арқылы жасалса ол ауызша нысанда жасалған болады. Жазбаша нысанның жай және нотариалды түрлері болады. Нотариус арқылы бекітілген мәміле нотариалды жазбаша түрге жатады.

2) тараптардың санына қарай бір жақты және екі немесе көпжақты болады. Жасалуы үшін қатысушы бір тараптың ерік білдіруі қажет және жергілікті болатын мәміле біржақты деп аталады. Біржақты мәмілеге сыйға беру, мұраға қалдыру мәмілелері жатады. Жасалуы үшін екі немесе бірнеше тараптың ерік қажет ететін мәміле екі немесе көпжақты мәміле болып саналады. Оған мысал: сатып алу-сату немесе бірлескен туралы мәмілелер. Екі немесе көпжақты мәмілелер шарттар деп аталады.

3) ақылы және ақысыз болып бөлінеді. Тараптар өз міндеттерін орындағаны үшін ақы немесе өтеуіне өзге нәрсе алуға тиіс болатын мәміле ақылы мәміле болып табылады. Бір тарап екінші тарапқа ақы немесе өтеуге өзге де нәрсе алмай беруге міндеттенетін мәміле ақысыз мәміле деп танылады. Ақысыз мәмілеге мүлікті тегін пайдалану немесе сыйға беру мәмілелері жатады.

4) жасалған деп саналатын уақыт мәніне қарай мәмілелер нақты және консенсуалды болып бөлінеді. Мәміле жасалған деп саналатын уақыт мәніне қарай мәмілелер нақты және консенсуалды болып бөлінеді. Консенсуалды мәміленің пайда болуы үшін мәміле жасау туралы келісімге қол жеткізу жеткілікті. Нақты мәміле жасалған деп есептелу үшін бір тараптың белгіленген іс-әрекет жасау қажет. Нақты мәмілеге жүк тасымалдау шартын жатқызуға болады. Бұл мәміле жасалды деп есептелуі үшін жүк жөнелтушінің жүкті тасымалдаушыға беруді қажет етеді.

5) негідемесіне байланысты каузалды және абстрактілі мәмілелер болып бөлінеді. Каузалдық мәміленің заңды күші оның негіздемеге толығымен байланысты болады. Абстрактілі мәміленің заңды күші оның негідемесіне байланысты болмайды.

6) жасалған кезде қойылған шарттарға байланысты шартты және фидуциарды мәмілелер болып бөлінеді. Жасалған кезде қандай да бір шарт қойылатын мәміле шартты деп аталады. Мысалы: бір тарап екінші тарапқа пәтерді жалға беру мәселесін жасайды. Бірақ жалға берушінің баласы басқа қаладан келсе, жалға алушы пәтерді босатып беруге міндетті екені мәміледе көрсетіледі. Бір адамның сенім арқылы басқа бір адам үшін жасайтын мәмілелері – фидуциарлы мәмілелер деп аталады.

3. Меншік және зияткерлік меншік құқығы. Міндеттемелік құқық.

Меншік құқығы дегеніміз – субъектінің заңды актілермен белгіленген және қорғалатын мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқығы. Иелену құқығы дегеніміз – мүліктің жүзінде заң жүзінде қамтамасыз етудің мүмкіндігі. Пайдалану құқығы дегеніміз – мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілген мүмкіндігі. Билік ету құқығы – мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі. Заңға сәйкес меншіктің келесі нысандары бар: жеке және мемлекеттік. Жеке меншік азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігі ретінде қарастырылады. Мемлекеттік меншік

республикалық және коммуналды болып екіге бөлінеді. Республикалық меншік республикалық қазынадан және республикалық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады. Республикалық қазынаға: республикалық бюджет қаражаттары, алтын-валюта қоры, алмас қоры, жер, оның қойнауы, су, өсімдіктер және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар жатады. Коммуналды меншік жергілікті қазынадан және коммуналды заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады. Екі немесе бірнеше тұлғаның бір мүлікке меншік құқығы ортақ меншік болып табылады. Заң ортақ меншіктің екі түрін анықтайды: үлестік және бірлескен ортақ меншік. Егер мүлікке меншік иелерінің әрқайсысының нақты үлестері белгілі болса және көрсетілсе, онда ортақ меншік үлестік болып табылады. Ортақ бірлескен меншікте нақты үлестер белгіленбейді және қатысушылардың үлестері тең деп есептеледі. Меншік құқығының пайда болу негіздерінің бастапқы және туынды тәсілдері бар. Бастапқы тәсіл негізінде меншік құқығы бірінші рет пайда болады, яғни бұрын мүлік ешкімнің де иелену, пайдалану және билік ету құқығында болмаған. Бастапқы тәсілге жаңадан жасалған затқа меншік құқығын жатқызуға болады. Туынды тәсіл – мүліктің бір тұлғадан екінші тұлғаға өту нәтижесінде пайда болатын меншік құқығын алу тәсілі (сатып алу-сату). Меншік құқығын қорғаудың негізгі тәсілдері: виндикациялық және негаторлық тараптар. Виндикациялық талап – меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап ету. Негаторлық талап – меншік иесінің құқықтарын иеліктен айырумен ұштаспаған бұзушылықтан қорғау талабы. Бұл талап меншік иесінің өз мүлкін пайдалану және билік ету құқығына нұқсан келтірген кезде қойылады.

Зияткерлік меншік дегеніміз азаматтың немесе заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметінің нәтижелеріне, заңды тұлғалардың дараландыру құралдарына, жеке немесе заңды тұлғаның өз өнімдеріне (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі т.б.) ерекше құқығы. Зияткерлік құқықтың объектілеріне:

- 1) шығармашылық қызметтің нәтижелері;
- 2) азаматтық айналымға қатысушылардың тауарларды, қызметтерді, дараландыру құралдары жатады

Зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелеріне:

- 1) ғылым, әдебиет және өнер туындылары;
- 2) орындау, фонограмма, хабар таратуды ұйымдастыру;
- 3) өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер;
- 4) селекциялық жетістіктер;
- 5) интегралдық микросызба топологиялары;
- 6) ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары;
- 7) интеллектуалдық шығармашылық қызметтің басқа да нәтижелері; Азаматтық айналымға қатысушылардың тауарларды, қызметтерді, дараландыру құралдарына: 1) фирмалық атаулар; 2) тауарлық белгілер; 3) тауар шығарылған жерлерді атау (шығарған жерін көрсету); 4) заңда көрсетілген басқа да даралану құралдары

Авторлық құқық дегеніміз – автордың мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтары. Автор шығармашылық еңбегімен туынды жазған тұлға. Авторлық құқықты иеліктен айыруға немесе басқа адамға беруге болмайды. Егер екі немесе бірнеше адамның авторлығымен жасалса, олар тең авторлар болып табылады. Авторлық құқық автордың өмірі бойына және қайтыс болғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды. Сабақтас құқықтар қойылымдарға, орындаушылықтарға, фонограммаларға, эфирлік және кабельдік хабар таратушы ұйымдардың хабарларына қолданылады. Сабақтас құқықтардың пайда болуы мен жүзеге асырылуы үшін қандай да болсын формальділікті сақтау талап етілмейді.

Азаматтық құқықтық қатынастардың арасында көп кездесетін негіздердің бірі – **міндеттемелер**. Міндеттемеге сәйкес бір тұлға (борышкер) басқа тұлғаның (несие берушінің) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және т.б. әрекеттер жасауға немесе белгілі бір әрекетті жасаудан бас тартуға міндетті, ал несие беруші борышқордан өз міндеттерін орындауды талап етуге құқылы. Міндеттеменің орындалуын

қамтамасыз ету тәсілдері: айып төлеу, кепіл, кепіл болушылық, кепілдік, кепілпұл және т.б. Айып төлеу (айыппұл, өсім) – борышқор міндеттемесін орындамаған кезде немесе тиісінше орындамаған кезде несие берушіге төлеуге міндетті заңмен немесе шартпен берілген ақша сомасы. Кепіл – міндеттемені орындауды қамтамасыз ету тәсілі ретінде борышқордың белгілі бір мүлігі несие берушінің уақытша иелігіне өтуі. Кепілдің екі түрі бар: ипотека және кепілзат. Ипотека – кепілге салынған борышқордың (кепіл берушінің) иелігінде және пайдалнуында қала беретін кепіл түрі. Кепілзат – кепілге салынған мүлік несие берушінің (кепіл ұстаушы) иелігіне өтетін кепіл түрі. Кепілдік – кепілдік болуының басқа жақтың (борышқордың) несие берушісінің алдында міндеттемесін толық немесе борышқормен ортақтасып ішінара орындауы үшін жауап беруі. Кепіл болушылық бойынша кепіл болушы басқа жақтың (борышқордың) несие берушісі алдында міндеттемесін толық немесе ішінара субсидиялық орындалуына жауап беруге міндетті. Кепілпұл – келісуші шарттардың беруінің екінші жаққа шарт жасау мен орындалуын қамтамасыз етуге берілетін ақша сомасы.

Мұрагерлік құқық – қайтыс болған адамның мүлігін мұраға қалдыру және мұраны қабылдау міселелерін реттейтін құқық институты. Мұраға қалдыру екі жолмен өтеді: заң бойынша және өсиет бойынша. Өсиет міндетті түрде нотариалды бекітілген жазбаша нысанда жасалуы тиіс. Егер қайтыс болған адам өсиет қалдырмаса онда мүлік заңмен белгіленген ретте туыстарының арасында бөлінеді.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі. Алматы, 2007ж.
2. Қазақстан Республикасының авторлық құқықты қорғау туралы заңы. Алматы, 2005ж.
3. Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері., Алматы 2005
4. Баққұлов С.Д. Құқық негіздері., Алматы 2005
5. Оспанов К.И. Құқық негіздері, Алматы 2007
6. Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
7. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық Алматы 2005

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

1. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілерін атаңыз?
А. аталғандардың барлығы дұрыс;
В. жеке тұлғалар;
С. заңды тұлғалар;
Д. мемлекет;
Е. әкімшілік-аумақтық бөліністер;
2. Азаматтық құқықтың ерекше бөлімінің институттары мен нормаларын атаңыз?
А. аталғандардың барлығы дұрыс;
В. міндеттеменің жекелеген түрлері;
С. зияткерлік меншік құқығы;
Д. мұрагерлік құқық;
Е. халықаралық жеке құқық;
3. Мәміле дегеніміз?
А. азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеті;
В. екі жақты келісім;
С. тараптардың жазбаша келісімі;
Д. нотариуспен кәулөндрылған келісім;

Е. жазбаша екі жақты келісім;

4. Мәміленің белгілерін атаңыз?

А. аталғандардың барлығы дұрыс;

В. тұлғаның еркін білдіретін ерікті әрекет;

С. мәміле заңмен мақұлданған, құқыққа сәйкес әрекет;

Д. мәміле тек азаматтық құқықтық қатынастарды тудыруға, өзгертуге және тоқтатуға бағытталған әрекет;

Е. мәміле азаматтық заңнамалардың нормалар әрекеті;

5. Авторлық құқық дегеніміз:

А. автордың мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтары;

В. мүліктік құқықтары;

С. мүліктік емес жеке құқықтары;

Д. автордың туындысы;

Е. автордың өнертабысы;

6. Мәмілені бекітудің қандай пішіні жоқ?

А. шартты;

В. ауызша;

С. конклюденттік;

Д. жазбаша;

Е. нотариалдық;

7. Азаматтың әрекет қабілеттілігіне не жатады:

А. азаматтардың әрекет қабілеттілігі өз әрекеттерімен азаматтық құқықтар мен міндеттерге ие болып, қолдануы мен оны жүзеге асыруы;

В. азаматтардың әрекет қабілеттілігі өз құқықтарын, қорғауы мен оны жүзеге асыруы;

С. азаматтардың әрекеттілігі азаматтардың өз міндеттерін жүзеге асыруы;

Д. азаматтық әрекет қабілеттілігі өз ісіне есеп беруі;

Е. азаматтардың әрекет қабілеттілігі азаматтық ұстанымға ие;

8. Сенім немесе тапсырыс бойынша жасалатын мәміле:

А. фидуциарлы;

В. каузальды;

С. шынайы;

Д. абстрактылы;

Е. келісілген;

9. Міндеттемені қамтамасыз етудің тәсіліне не жатпайды:

А. аванс;

В. аманат;

С. кепіл пұл;

Д. айып төлеу;

Е. кепіл;

10. Бір балаға төленетін алименттің көлемі:

А. табысының 1/4 бөлігі;

В. табысының 1/2 бөлігі;

С. табысының 1/3 бөлігі;

Д. табысының 1/5 бөлігі;

Е. табысының 1/6 бөлігі;

Дәріс 8. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы

Дәрістің мақсаты: Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық заңнамасының қағидаларын түсіндіру. Қылмыстық (қылмыстық кінәлі әрекеттің) түсінігі мен белгілерін саралау. Қылмыстың жауапкершілік, оның пайда болу негіздерін қарастыру. Іс-әрекеттің қылмыс екенін жоятын мән-жайларды талқылау. Жаза, оның мақсаты мен түрлерін, қылмыстық-құқықтық нормаларын меңгеру.

Дәріс жоспары:

1. Қылмыстық құқық пәні, міндеттері, принциптері.
2. Қылмыс ұғымы, белгілері, түрлері, құрамы
3. Іс-әрекеттің қылмыс екенін жоятын мән-жайлар
4. Жаза, оның мақсаты, түрлері, жаза тағайындау және жазадан босату.

1. Қылмыстық құқық пәні, міндеттері, принциптері.

Қылмыстық құқық - іс-әрекеттің қылмыс екендігін айқындайтын, оны істегені үшін жаза тағайындау тәртібін, жаза түрлерін және жауапкершіліктен босату себептерін белгілейтін құқықтық нормалар жиынтығы. Қылмыстық құқықтың қайнар көзі - Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі (16.07.1997). Қылмыстық құқықтың пәні мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау барысында туындайтын қоғамдық қатнастар. Қылмыстық құқықтың міндеттеріне : азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, ҚР конституциялық құрылымы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғажатады.; Қылмыстық заңның міндеттері: 1) қылмыстан қорғау; 2) қылмыстың алдын алу; 3) қылмыс жасамауға тәрбиелеу;

Қылмыстық құқықтың принциптері:

1) Заңдылық принципі. Ол қылмыспен күресуді заң шеңберінде және оның талаптарын мүлтіксіз орындай отырып жүргізуді көрсетеді. 2) Заң алдында азаматтардың теңдігі принципі. Ол адамның тегіне, әлеуметтік, лауазымдық, мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, тұрғылықты жеріне қарамастан қылмыстық заңның алдында бірдей жауап беретінін көрсетеді. 3) Қылмыстық жауапкершіліктің тумамай қоймайтындығы принципі. Әрбір қылмыс жасаушы қолымен істегенді мойнымен көтеретінін біліп жүруі тиіс. 4) Жеке жауапкершілік принципі. Қылмыс жасағаны үшін заңды тұлғалардың емес, тек жеке тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын көрсетеді. 5) Айыпты жауаптылық принципі. Қылмыстық әрекет үшін басқа адамдардың (ата-анасы, баласы) емес нақ сол қылмысты жасаушы адамды жауапқа тарту, сонымен қоса айыпты түрде жасаған адам айыпты екенін көрсетеді. 6) Әділдік принципі. Объективті, жеткілікті, заңға сәйкес мәліметтерге сүйеніп қана қылмыстық жауапқа тартуға болатынын, айыптының жасаған ісі мен тартқан жазасының сәйкес болуы, бір қылмыс үшін қайталап жазаға тартуға жол берілмейтінін көрсетеді. 7) Демократизм принципі. Сот төрелігін жүзеге асыру кезінде істі қатысушылар білетін тілде жүргізу, сотталушы қажет етсе аудармашымен қамтамасыз етуді көрсетеді. 8) Гуманизм принципі. Кішігірім

қылмыстарды алғаш рет жасаған адамдарға кешіріммен қарап, жеңіл жаза пайдаланып, керісінше ауыр қылмыс жасағандарға, бауқеспелерге, ұйымдасқан қылмыстық құрылымдардың мүшелеріне неғұрлым ауыр жаза қолдануды көрсетеді. 9) Қылмыстық қудалау шараларын орынды қолдану принципі. Мемлекет қылмыстық қудалауды қылмыс жасаушыны түзеудің басқа жолдары қалмағанда қолдануға болатынын көрсетеді. 10) Интернационализм принципі. Ұлттық теңдікті бұзғаны үшін, басқа мемлекет мүддесіне, халықаралық қауіпсіздікке, ұлттар арасындағы бейбітшілікке қарсы қылмыстар үшін жауапкершілікті белгілейтін нормаларда көрініс табады.

2. Қылмыс ұғымы, белгілері, түрлері және құрамы

Қылмыс дегеніміз - қылмыстық заңмен жазалау қауімімен тиым салынған кінәлі, қоғамдық қауіпті іс-әрекет немесе әрекетсіздік. Қылмыс белгілері: заңға қайшылық, қоғамға қауіптілік, кінәлілік, жазаланушылық. **Қылмыстың түрлері**; 1) онша ауыр емес, орташа ауыр, ауыр, аса ауыр қылмыстар. Онша ауыр емес қылмыстар-жасалғаны үшін

ең ауыр жаза екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін ең ауыр жаза бес жылдан асатын мерзімге бас бостандығынан айыру көзделетін абайсызда жасалған әрекет. 2) Ауырлығы орташа қылмыстарға жасалғаны үшін ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін ең ауыр жаза бес жылдан асатын мерзімге бас бостандығынан айыру көзделетін абайсызда жасалған әрекеттер жатады. Сонымен қатар, бас бостандығынан айыру жазасы он жылдан аспайтын абайсызда жасалған қылмыстар жатады. 3) Ауыр қылмыстарға жасалғаны үшін ең ауыр жаза он екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана әрекеттер жатады; 4) Аса ауыр қылмыстарға жасалғаны үшін он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе өлім жазасы көзделген қасақана қылмыстар жатады;

Қылмыстың құрамы дегеніміз - әрекеттің қылмыс ретінде қоғамға қауіптілігін сипаттайтын объективтік және субъективтік белгілердің жиынтығы. Қылмыс құрамының элементтері- объектісі, субъектісі, объективті жағы, субъективті жағы. Қылмыс объектісі- қылмыс бағытталған және қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар. Қылмыс субъектісі- қылмыс істеген адам. Қылмыс субъектісі болып тек 16 жасқа толған, ақыл – есі дұрыс адам бола алады. Кейбір ауыр қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталады. Қылмыстың объективті жағы қылмыстың сыртқы жағын бейнелейді. Қылмыстың объективті жағына жататын элементтер, қылмыскердің қоғамға қауіпті іс- әрекеті немесе әрекетсіздігі, сол іс- әрекет немесе әрекетсіздіктен туындаған қоғамға қауіпті нәтиже, іс- әрекет немесе әрекетсіздік және одан туған қоғамға қауіпті нәтиже арасында себепті байланыс, тағы басқа қылмыстың сыртқы жағын сипаттайтын белгілер (қылмыстың жасалу орны, уақыты, құралдары т.б.). Қылмыстың субъективті жағына қылмыстың ішкі жағы жатады.

Қылмыстың субъективті жағына адамның істеген қоғамға қауіпті іс-әрекеті немесе әрекетсіздігіне және одан туындайтын қауіпті нәтижеге психикалық қатнасы. Қылмыстың субъективті жағының элементтері: кінә, ниет (мотив), мақсат. Кінә екі нысанада көрінеді, қасақана және абайсызда жасалған қылмыстар. Қасақана кінәнің өзі тиісінше, тікелей қасақаналық және жанама қасақаналық болып бөлінеді. Тікелей қасақаналық дегеніміз адам өз әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынып, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болуының мүмкіндігін немесе болмай қоймайтындығының алдын ала біліп және осы зардаптардың тікелей тілеп жасауы. Жанама қасақаналық кезінде адам өз әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынып, оның қоғамға қауіптілігін ұғынып, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болу мүмкіндігін біліп, оны тікелей қаламаса да оған саналы түрде жол береді немесе немқұрайлы қарайды. Абайсыздық екіге бөлінеді, менмендік және немқұрайлылық. Егер адам- өз әрекетінің қоғамға қауіп туғызу мүмкіндігін білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерді жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе, қылмыс менмендікпен жасалды деп танылды. Егер адам өз әрекетінің қоғамдық қауіпті зардаптарының болуын болжап

білмесе, бірақ қажетті ұқыптылық пен сақтылық болғанда ол бұл зардаптарды болжап біле алатын болса, қылмыс немқұрайлылықпен жасалған болып танылады. Қылмыс ниеті(мотиві)-субъектінің қылмыс жасау кезінде басшылыққа алған ішкі ниеті, қозғаушы күші. Қылмыс мақсаты-субъект қылмыс жасай отырып ұмтылған нәтиже. Қылмысты жасау сатылары: қылмысқа дайындалу, қылмысқа оқталу, аяқталған қылмыс. Қылмысқа дайындалу тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу, бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға келісу немесе қылмыс жасау үшін өзгеде қасақана жағдайлар жасауды айтамыз. Қылмысқа қатысу деп- екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға бірлесіп қатысуын айтамыз. **Қылмысқа қатысушылардың түрлері:** қылмысты орындаушы, ұйымдастырушы айдап салушы, көмектесуші. 1) Қылмысты тікелей жасаған немесе оны жасауға басқа адамдармен (қоса орындаушылармен) бірге тікелей қатысқан адам қылмысты орындаушы деп танылады. 2) Қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастық құрған не оларға басшылық еткен адам, сондай-ақ ұйымасқан қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдыстық құрған не оларға басшылық еткен адам ұйымдастырушы деп танылады. 3) Басқа адамды азғыру, сатып алу, қорқыту немесе басқа жолдармен қылмыс жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады. 4) Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпаратпен, қылмысты жасайтын қару немесе құралдар берумен немесе қаламысты жасауға кедергіледі жоюмен қылмыстың жасалуына жәрдемдескен адам, сондай-ақ қылмыскерді, қаруды, қылмыс іздерін немесе қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыруға, сол сияқты сол заттарды сатып алуға немесе өткізіп беруге күні бұрын уәде берген адам көмектесуші деп танылады.

3. Іс-әрекеттің қылмыс екенін жоятын мән-жайлар

Іс-әрекеттің қылмыс еместігін айқындайтын мән-жайлар:

- 1) қажетті қорғану;
- 2) аса мәжбүрлі қажеттілік;
- 3) қылмыскерді ұстау кезінде зиян келтіру;
- 4) жедел-іздестіру шараларын жүзеге асыру;
- 5) орынды тәуекел;
- 6) күштеу немесе психикалық мәжбүрлеу;
- 7) бұйрықты немесе өкімді орындау

4. Жаз түсінігі, мақсаты, түрлері, жаза тағайындау мен жазадан босату. Қылмыстық жаза соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Қылмыстық жазаның мақсаты - құқықтық әділдікті орнына келтіру, қылмыстың алдын алу, қылмыскерді тәрбиелеу. Қылмыскерді тән азабына салу және оның ар-намысын қорлау қылмыстық жазаның мақсатына жатпайды. Қылмыстық жаза түрлері негізгі және қосымша болып бөлінеді. **Негізгі жаза түрлері:** айыппұл салу; белгілі бір лауазым атқару немесе қызметпен айналасу құқығынан айыру; қоғамдық жұмыстарға тарту; түзеу жұмыстары; әскери қызметтен шектеу; қамауға алу; тәртіптік әскери бөлімде ұстау; бас бостандығын шектеу; бас бостандығынан айыру; өлім жазасы. Қосымша жаза түрлері: айыппұл; арнаулы әскери атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру; мүлкін тәркілеу. Негізгі де, қосымша жаза да бола алатын жаза түрлері: айыппұл салу; белгілі бір лауазым атқару немесе қызметпен айналасу құқығынан айыру. Айыппұл - Қылмыстық кодексте көзделген шекте, заңмен бейгіленген және жаза тағайындау сәтінде қолдалынып жүрген айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде немесе сотталған адамның жалақысының немесе басқада табыс көзінің мөлшерінде тағайындалатын ақша өндіріп алу. Белгілі бір лауазымды аттқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында белгілі бір лауазымды аттқаруға, немесе белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салудан тұрады. Бұл жаза негізгі жаза

ретінде 1 жылдан 5 жылға дейін, ал қосымша жаза ретінде 6 айдан 3 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Қоғамдық жұмыстарға тарту сотталушының негізгі жұмыснан немесе оқуынан бос уақытында тегін қоғамдық жұмыстарды орындауынан тұрады, жұмыстардың түрлерін жергілікті артқарушы немесе өзін-өзі басқару органдары белгілейді. Қоғамдық жұмыстар 60 сағаттан 240 сағатқа дейін белгіленеді және күніне 4 сағаттан аспайтын уақытқа өтеледі. Түзеу жұмыстары сотталушының негізгі жұмыс орны бойынша өтеледі және табыстың 5 процентен 25 процентке дейінгі шекте мемлекеттік кірісіне ұстап қалынады. Түзеу жұмыстары 2 айдан 2 жылға дейін тағайындалады. Әскери қызмет бойынша шеттеу - келісім шат бойынша әскери қызметін өтеп жүрген әскери қызметшілердің, сондай ақ шақыру бойынша әскери қызметін өтеп жүрген офицерлердің үлес қаражатынан 20 процентен аспайтын мөлшерде мемлекет кірісіне ақша ұсталып қалынады және осы мерзім ішінде сотталғандардың әскери шені және лауазымы көтерілмейді. Бас бостандығынан шеттеу сотталған адамды қоғамнан оқшауламай арнулы мекемеде 1 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге оны қадағалау жағдайында ұстаудан тұрады. Қамау сотталған адамы тағайындалған жазанын бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайында ұстау болып табылады. Ол 1 айдан 6 айға дейінгі мерзімге тағайындалады. тәртіптік әскери бөлімде ұстау шақыру бойынша тағайындалады. Бас бостандығынан айыру сотталушының колония - қонысқа жіберу, жалпы, қатаң, ерекше режимдегі түзеу колонияларына отыпғызу жолымен оқшаулаудан тұрады. Кәмелетке толмағандар бас бостандығынан айыруға кесілсе жалпы немесе ерекше режимдегі тәрбиелеу колонияларына орналастырылады. Бас бостандығынан айыру 6 айдан өмір бойы мерзімге дейін белгіленеді. Өмір бойына бас бостандығынан айыру өмірге қастандық жасалынатын аса ауыр қылмыстар үшін берілетін өлім жасасына балама ретінде беріледі. Ол әйелдерге, 18 жасқа толмаған және 65 жасқа толған еркектерге тағайындалмайды. Арнаулы әскери атағынан , сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін қосымша жаза ретінде белгіленуі мүмкін. Мүлікті тәркілеу дегеніміз сотталған адамның меншігі болып табылатын мүліктің бәрін немесе бір бөлігін мемлекеттің меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алу.ҚР Қылмыстық кодексінің 49- бабын сәйкес **өлім жазасы-ату жазасы** адамөміріне қол сұғатын аса ауыр қылмыстар үшін, соғыс кезінде немесе ұрыс жағдайында мемлекеттік сатқындық, әскери қылмыстар жасағаны үшін аса ауыр жаза ретінде қолданылады.Өлім жазасы әйелдерге, он сегіз жасқа толмаған қылмыскерлерге, және сот үкімі шыққан кезде 65- жасқа толған еркектерге тағайындалмайды.Қазақстанда өлім жазасы әзірге жаза ретінде қолданылады, әрі тағайындалады. Бірақ, ҚР Президентінің 2003ж.17 желтоқсандағы жарлығымен өлім жазасын орындауға мараторий енгізілді. Сондықтан өлім жазасы туралы үкімді орындау мараторий қолданылған уақытта тоқтатыла тұрады, яғни мараторий өлім жазасын тағайындауға емес, оны орындауға жарияланған. ҚР Қылмыстық Кодексінде **Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатудың** бес негізі қарастырылған: 1) шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Қылымыс жасаған адам айыбын мойындап құқық қорғау органдарына келсе,қылмысты ашуға көмектессе, немесе келтірген зиянды өзгеше қалпына келтіргенде (65-бап); 2)қажетті қорғану кезінде шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату.Қылмыстанболған үрейлену,қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғану шегінен асқанда соттың шешімімен (66-бап); 3)жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату ауыр емес, орташа ауыр қылмыстарда қолданылады (67-бап); 4)жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Сот қараған кезде жағдайдың өзгеруіне байланысты жасалған әрекет қоғамға қауіпті емес деп танылса (68-бап); 5)ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату; Егер қылмыс жасағаннан бастап мынандай мерзімдер өтсе қылмыстық жауаптылықтан босатылады:1)кішігірім қылмыс жасағаннан кейін екі жыл; 2) орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаннан кейін бес жыл;3) ауыр қылмыс жасағаннан кейін он жыл; 4)аса ауыр

қылмыс жасағаннан кейін он бес жыл; (69-бап);**Рақымшылық(амнистия) жасау** жөніндегі актіні ҚР Парламенті шығарады. Актінің негізінде сотталған адамдаржазадан босатылуы,жазаның қысқартылуы немесе неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін. Және жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін.жазадан босатылғандардың соттылығы да алынып тасталады. Мысалы 2006 жылы 9 қаңтарда ҚР Парламенті «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты рақымшылық жасау туралы» заңын қабылдады. Заңның орындалуын құқық қорғау органдары 6-ай ішінде қамтамасыз етуге тиісті болды. Жеке адамға, ол жөніндегі айыптау үкімі күшіне енген жағдайда **кешірім жасау туралы** актіні ҚР Президенті шығарады. Соттылық Сотталушы адам үкім заңды күшіне енген сәтінен бастап сотталғандықты жойғанға немесе алып тастағанға дейін сотталған болып есептеледі. Сотталғандық келесі мерзімде жойылады:1)шартты түрде сотталған адамдар бойынша--сынақ мерзімі өтуі бойынша; 2) онша ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар бойынша жазасын өтегеннен кейін үш жыл өтуі бойынша; 3)ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жазасын өтегеннен кейін алты жыл өткеннен кейін; 4) аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға жазасын өтегеннен кейін сегіз жыл өткеннен кейін;

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Алматы, 2007ж.
- 2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексі Алматы 2005
- 3.Қазақстан Республикасының Азаматтық істерді жүргізу кодексі Алматы, 2006
- 4.Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері,. Алматы 2005
- 5.Баққұлов С.Д. Құқық негіздері,. Алматы 2005
- 6.Оспанов К.И. Құық негіздері, Алматы 2007
- 7.Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
- 8.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы:оқулықАлматы 2005

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

1.Қылмыстық кодексте көзделген әрекеттер сипатына және қауіптілік дәрежесіне қарай қылмыс қаншаға бөлінеді ?

- А. аталғандардың барлығы дұрыс;
- В. аса ауыр емес қылмыстар;
- С. ауырлығы орташа қылмыстар;
- Д. ауыр қылмыстар;
- Е. аса ауыр қылмыстар;

2. Жаза дегеніміз:

- А. өзіндік ерекшеліктері мен алдына қойған мақсаттары бар,мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы;
- В. қылмыстық жазалау шарасы;
- С. мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы;
- Д. кінәсі үшін берілетін айып түрі;
- Е. кінәсі үшін тағайындалатын шара;

3.Қылмыстың белгілерін атаңыз?

- А. аталғандардың барлығы дұрыс;
- В. қоғамдық қауіптілігі;

- Д. құқыққа қарама –қайшылығы;
- С. кінәлілігі;
- Е. қылмыстық жауаптылығы;

4.Мына элементтердің қайсысы қылмыстың объективтік жағына жатпайды:

- А. қылмыстық жаза;
- В. іс әрекет немесе әрекетсіздік;
- С. зиянды зардаптар;
- Д. қылмыс уақыты;
- Е. қылмыс болған орны;

5. Көрсетілген қылмыстық жазалардың қай түрі негізгі және қосымша жазға жатады:

- А. айып төлеу;
- В. мүлікті тәркілеу;
- С. бас бостандығын шектеу;
- Д. өлім жазасы;
- Е. бас бостандығынан айыру;

6. Қылмыс құрамының бөлшектерін атаңыз?

- А. аталғандардың барлығы дұрыс;
- В. қылмыстың объектісі;
- С. қылмыстың объективті жағы;
- Д. қылмыстың субъектісі;
- Е. қылмыстың субъективті жағы;

Дәріс 9.Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу азаматтық іс жүргізу құқықтарының негіздері

Дәрістің мақсаты: Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексі және Қазақстан Республикасының Азаматтық істерді жүргізу кодексі қағидаларын түсіндіру. Ұлттық құқық жүйесіндегі орны мен маңызы. Қылмыстық істерді жүргізу және азаматтық іс жүргізу құқығының әдісін, жүйесін, принциптерін талқылау. Азаматтық іс жүргізу құқығының субъектілері. Азаматтық істерді соттық талқылау.

Дәріс жоспары:

1. Іс жүргізу құқығының жалпы сипаттамасы
2. Қылмыстық және азаматтық процесс: субъектілері, сатылары, дәлелдер, бұлтартпау шаралары
3. Іс жүргізудегі бақылау және құзырлы органдардың жауапкершілігі

1.Іс жүргізу құқығының жалпы сипаттамасы

Қоғам мен азаматтардың мүдделерін қылмыстық қиянаттардан қорғау және құқықтық тәртіпті нығайту үшін мемлекет жүзеге асыратын шараларды орындауда басты роль атқаратын құқық қорғау органдары және сот. Заңмен бекітілген тәртіп бойынша алдын-ала тергеу жұмысы аяқталған соң қылмыстық іс заңдылықтың сақталуын қадағалайтын прокурорға жіберіледі, онда тексерілгеннен кейін қылмыстық істі жүргізу сотта қарап шешумен аяқталады. Сот төрелігі дегеніміз – соттың қылмыстық істермен қатар басқа да (азаматтық) істерді қарап шешу үшін мемлекет атынан атқаратын қызметі.

Істерді жүргізу сотқа дейінгі және сотта өтетін кезеңдерден тұрады. Қылмыстық іс жүргізу-заңмен реттелген құқық қорғау органдарының қоғам мен азаматтардың мүдделерін қылмыстық қиянаттан қорғауды орындау мақсатында жеке тұлғаларды

қатыстыра отырып атқаратын қызметі және осы салада туындайтын құқықтық қатынастар жүйесі.

2.Қылмыстық және азаматтық процесс: субъектілері, сатылары, дәлелдер,бұлтартпау шаралары

Қылмыстық іс жүргізу сатылары:

- 1.Қылмыстық істі қозғау ;
- 2.Қылмысты алдын-ала тергеу (анықтау немесе алдын-ала тергеу жүргізу);
- 3.Басты сот талқылауын тағайындау;
- 4.Басты сот талқылауы;
- 5.Апелляциялық саты бойынша сотта іс жүргізу;
- 6.Сот үкімін орындау.

Қылмыстық іс жүргізу субъектілері,яғни қылмыстық іске қатысушылар үш топқа бөлінеді.

1) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары жатады: сот,судья,прокурор,тергеуші, тергеу бөлімінің бастығы,анықтау органдары, анықтаушы, анықтау органның бастығы.Бұл топтың субъектілеріне тән жағдай-олар қылмыстық істерді жүргізу мемлекеттік органдар рөлін атқарады.

2) өз құқықтары мен мүдделерін немесе басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғап процеске қатысушылар. Олар: сезікті, айыпталушы, қорғаушы, жәбірленуші, жеке айыптаушы, азаматтық талапкер,азаматтық жауапкер және олардың өкілдері.

3)өзге де іске қатысушылар жатады. Олар: эксперт, маман, аудармашы, куә, сот отырысының хатшысы,сот приставы. Бұлар қылмыстық іс жүргізудің міндеттерін орындауда қамтамасыз ететін субъектілер.

Азаматтық іс жүргізу құқығы –азаматтық істерді қарау және шешу тәртібі және онымен байланысты қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы. Азаматтық істерге азаматтық, отбасылық,еңбек,тұрғын үй, экологиялық,қаржы, салық және ведомстволық бағынышты соттардың қарауына жатқызылатын даулар жатады.Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көзі-1999 жылы 13 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі».Азаматтық іске қатысушы субъектілерге: мемлекеттік органдар, сот, жеке тұлға, куәгер, сарапшы т.б. Азаматтық істерді жүргізу құқығын реттеу әддісі императивті- диспозитивті сипатта болады. Соттық істі жүргізу әрекеттері (императивті) шешімдер, ұйғарымдар, нұсқаулар билік сипатында жасалады, оны мемлекеттік билік органдары шығарады. Ол мәжбүрлеу күші бар құқық нормасына негізделген.Ал іске қатысушы (тараптар) тұлғалар іс жүргізу ірекеттері диспозитивті сипатта болады. Яғни іс талап етушінің талап- арыздан бас тартуы бойынша немесе тараптардың келісімге келуіне байланысты қысқартылуы мүмкін. Азаматтық іс жүргізудің басқа іс жүргізуден айырмашылығы осында. Азаматтық іс жүргізу сатылары:

- 1.Сотта азаматтық істің қозғалуы;
- 2.Істі сотта қарауға әзірлеу;
- 3.Істі бірінші сатыдағы сотта мәні бойынша қарау;
- 4.Істі апелляциялық тәртіппен қарау;
- 5.Заңды күшіне енген сот шешімдерін,ұйғарымдарын,қаулыларын қадағалау тәртібі бойынша қайта қарау;
- 6.Заңды күшіне енген сот шешімдерін, ұйғарымдарын,қаулыларын жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау;
- 7.Атқару ісін жүргізу.

Сотта азаматтық іс :

- 1)өзінің құқығын немесе заңды мүддесін қорғау үшін өтініш жасаған тұлғаның талап арызы бойынша;
- 2).прокурордың арызы бойынша;

3)заң бойынша басқа тұлғалардың құқықтарымен мүдделерерін қорғау үшін сотқа жүгіне алатын мемлекеттік басқару,жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ,кәсіподақтарының ,мекемелердің,ұйымдардың және азаматтардың мәлімдеуі бойынша қозғалады.Істі сотта қарауға әзірлеу 7 күн ішінде жүргізіледі.Күрделі істер бойынша судья мынадай міндеттерді шешеді:

- 1)дәлелдеу нысанасы,яғни істі сот отырысында қарау кезінде сот нақтылауға тиіс заңдық фактілер шеберін дұрыс анықтау;
- 2).тараптардың арасындағы құқықтық қатынасты анықтайтын қандай басшылыққа алатынын шешу;
- 3)іске қатысатын тұлғалардың құрамын анықтау;
- 4) іске қажетті барлық айғақтардың бәрін шоғырландыру.

Сот отырысы төрт бөлімнен тұрады:

- 1) дайындық;
- 2) істі мән-жайы бойынша қарау;
- 3) сот жарыссөздері;
- 4)сот шешімін шығару және хабарлау; Шешімге қанағаттанбағандар шешім шыққыннан кейін бес күн ішінде апелляциялық шағым беруге құқы бар.

3. Іс жүргізудегі бақылау және құзырлы органдардың жауапкершілігі

Іс жүргізу барысында азаматтар мен заңды тұлғалардың , мемлекеттің құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін толық қорғап жан-жақта қамтамасыз ету үшін процеске қатысушылардың барлығы заңда көрсетілген барлық талаптарға сай әрекет етуі қажет.Осы мақсатта заңда бірқатар кепілдіктер беру қарастырылған. Олар:

- 1)конституциялық кепілдіктер (барлық адамдардың заң мен сот алдында теңдігі, соттардың тәуелсіздігі, т.б.),
- 2)сотта айыпталушының (қорғаушы алуға құқығы, кінәсіздік презумпциясы т.б.) құқықтырын қорғауға кепілдіктер. Бұл жағдайда процессуалды қатнастар екіжақта сияпта болады, бір жақтың құқықтарын қорғау екінші жақта міндеттерін орындау арқылы қамтамасыз етіледі.Сондықтанмемлекет заңда азаматтардың құқықтарын бекіте отырып оны нақты қамтамасыз етуге міндеттенеді. Ол үшін осы қызметтерді атқаратын құқық қорғау органдарының іс жүргізу қызметін бақылау маңызды роль атқарады.

Іс жүргізудегі бақылау:

1. Сот істі бірінші инстанция сотында қарамас бұрын өзіне дейін істі жүргізген, тексерген, органдардың шешімдеріне сүйене тоырып үкім шығарады.
2. Азаматтар іс жүргізген мемлекеттік орген немесе лауазымды тұлғаның заңды бұзған шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағымдануға құқығы бар.
- 3.Соттың шығарған шешім мен үкіміне қарсы прокурордың адвокаттың айыпталушының, жәбірленушінің т.б. шағымдану құқығы
4. Іс жүргізудегі прокурорлық бақылау: 1) Прокурор жедел іздестіру, істі тексеру, анықтау жұмыстарын бақылайды; 2)Әкімшілік істерді жүргізудібақылауға құқығы бар; 3)Сот шешімдеріне наразылық білдіруге құқылы, ондай жағдайда прокурордың шағымы жоғары тұрған сотта қаралады; Іс жүргізудегі бақылаудың тағы бір түрі – ведомстволық бақылау. Ведомстволық бақылауға ішкі істер органының басшысының істерді тексеру, анықтаумен, әкімшілік істерді жүргізумен айналысатындардың жұмысын бақылауынжатқызуға болады. Бақылаудың келесі бір түріне - іс жүргізуге қатысушылардың құқық қолданатын органдардың қызметін бақылап, олардың заңсыз әрекеттеріне шағымдануын жатқызуға болады.Сонымен қатар ҚР Конституциялық кеңесінің шешімі бойынша әркімнің өз құқығын қорғауға, соның ішінде сот арқылы қорғауға мүмкіндігі бар

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексі Алматы 2005
- 2.Қазақстан Республикасының Азаматтық істерді жүргізу кодексі Алматы, 2006
- 3.Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері,. Алматы 2005

- 4.Баққұлов С.Д. Құқық негіздері., Алматы 2005
- 5.Оспанов К.И. Құық негіздері, Алматы 2007
- 6.Оспанов К.И. Қылмыстық құқық Алматы 2007
- 7.Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
- 8.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы:оқулықАлматы 2005

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

- 1.Азаматтық іс жүргізу құқығы
А.азаматтық істерді қарау
В.қылмыстық істерді қарау
С.қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар
Д.қылмыстық істі жүргізу
Е.қылмыстық істерді жүргізу.
- 2.Азаматтық іс жүргізу сатылары:
А. аталғандардың барлығы
В.сотта азаматтық істің қозғалуы,қарау
С.істі сотта қарауға әзірлеу, жүргізу
Д.істі бірінші сатыдағы сотта мәні бойынша қарау;
Е.істі апелляциялық тәртіппен қарау,сот шешімі
- 3.Қылмыстық іс жүргізу
А.заңмен реттелген құқық қорғау
В.дайындық
С.істі мән-жайы бойынша қарау
Д.сот жарыссөздері
Е.сот шешімін шығару
- 4.Қылмыстық іс жүргізу сатылары:
А. аталғандардың барлығы
В.қылмыстық істі қозғау, тергеу
С. Сот үкімін орындау.
Д.басты сот талқылауын тағайындау;
Е.Апелляциялық саты бойынша сотта іс жүргізу;
- 5.Қылмыс құрамының бөлшектерін атаңыз?
А.аталғандардың барлығы дұрыс;
В. қылмыстың объектісі;
С. қылмыстың объективті жағы;
Д. қылмыстың субъектісі;
Е. қылмыстың субъективті жағы;
- 6.Қылмыстың белгілерін атаңыз?
А. аталғандардың барлығы дұрыс;
В. қоғамдық қауіптілігі;
С. құқыққа қарама –қайшылығы;
Д. кінәлілігі;
Е. қылмыстық жауаптылық

Дәріс 10. Қазақстан Республикасының сот жүйесі және құқық қорғау органдары

Дәрістің мақсаты: Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының жүйесінің ерекшелігін түсіндіру. Қазақстан Республикасындағы сот және сот өкілдігі туралы сипаттау. Соттың мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны, рөлін және маңызын анықтау, мазмұнын ашып көрсету. Сот жүйесін дамыту мен жетілдіру жолдарын, пәндік ерекшелігі түсіндіру, анықтау, мазмұнын ашып көрсету. Соттар қызметінің негізгі принциптерінің мазмұнын ашып көрсету.

Дәріс жоспары:

1. Қазақстан Республикасындағы сот және соттар жүйесі.
2. Құқық қорғау органдары, олардың қызметі

1. Қазақстан Республикасындағы сот және соттар жүйесі.

Соттарды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының конституциясы және «Соттар жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» конституциялық заңымен (25.12.2000 ж.) ал олардың қызметі сот істерін жүргізу заңдарымен, азаматтық істерді жүргізу кодексі және қылмыстық істерді жүргізу кодексімен реттеледі. Заң бойынша Қазақстан территориясында мамандандырылған соттар (шаруашылық, салықтық, отбасы, соттары, кәмелетке толмағандардың істерін қарайтын соттар т. б.) құруға болады. Бұндай соттардың мәртебесі аудандық (қалалық) соттармен тең. Сонымен қатар округтік сотар құруға болады. Аталған соттар бір-бірімен соттың әртүрлі звеносы ретінде байланысады. Мәртебесі тең соттар сот жүйесінің бір қатарын (звеносын) құрайды. Қазақстан Республикасының сот жүйесі үш қатардың тұрады: аудандық (қалалық), облыстық, жоғарғы сот.

Соттар қызметінің негізгі принциптері:

- 1) заңдылық;
- 2) соттардың тәуелсіздігі,
- 3) азаматтардың заң және сот алдындағы теңдігі;
- 4) тараптардың теңдігі мен өзара бәсекелестігіне негізделу;
- 5) кінәсіздік презумпциясы;
- 6) істерді соттық талқылаудың жариялылығы принципі;

Инстанция-соттық істерді қарау мен тексерудің ретін көрсетеді. Қазақстан Республикасында төрт инстанциядан тұратын сот жүйесі бар.

- 1) Бірінші инстанция соттары қылмыстық істерді нақты қарайды; 2) апелляциялық соттар-екінші инстанция соттары бірінші инстанция соттың әлі күшіне енген шешіміне апелляциялық шағымдарды қарайды;
- 3) кассациялық соттар-үшінші инстанция соттары, әлі күшіне енген бірінші инстанция соттарының шешімдеріне және апелляциялық соттар шешіміне кассациялық шағымдарды қарайды;
- 4) қадағалау инстанциясында соттар әлі күшіне енген өзіне дейінгі соттардың шешімдері мен үкімдеріне шағымдар мен қарсылықтардың негізінде істерді қарайды;

2. Құқық қорғау органдары, олардың қызметі

Елімізде заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар құқық қорғау органдары деп аталады. Құқық қорғау органдарының қызметіне:

- 1) конституциялық бақылау;
 - 2) сот істерін жүргізуді ұйымдастыру;
 - 3) әділ сот төрелігін жүзеге асыру;
 - 4) прокурорлық бақылау;
 - 5) қылмысты істерді ашу мен тексеру;
 - 6) іс жүргізу барысында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін заңдық көмек көрсету жатады. Құқық қорғау қызметінің принциптері:
1. Құқықтық заңдылық принципі;

2. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы;
 3. Азаматтар мен заңды тұлғалардың заң алдында теңдігі;
 4. Жариялылық принципі;
 5. Жан- жақтылық, толықтық, дәлелдік принципі;
 6. Әркімнің білікті заңгерлік көмек алуға және қорғану құқығына кепілдік принципі;
- Прокуратура ҚР конституциясының 83 бабы және «ҚР прокуратурасы туралы» 12.12.1995 ж заңы бойынша ҚР Президентіне бағынышты және оған есеп беретін мемлекеттік орган.

Прокурорлық қызметтің мақсаты- заңдылықтың сақталуын, заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың, ұйымдар мен бірлестіктердің, жалпы мемлекеттің экономикалық- әлеуметтік, саяси құқықтырын қорғауды қамтамасыз ету.

Ішкі істер органдары ҚР президентінің заңдық күші бар « ҚР ішкі істер органдары туралы» жарлығына сәйкес (21.12.1995ж қабылданып 09.12.1998ж түзетулер енгізілген) ішкі істер органдары анықтау, алдын ала тергеу және жедел іздестіруді жүзеге асыратын, қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ететін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін қылмыстық істерді тауып, тексеретін, қылмыстармен күресетін, оларды болдырмау үшін бақылау, қадағалау, тексеру, анықтау, тәрбиелеу жұмыстарын жүргізетін органдар болып табылады.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті ҚР президентінің заңдық күші бар « ҚР ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» (12.12.1995 ж.) жарлығына сәйкес тікелей президентке бағынатын мемлекет пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін республиканың конституциялық құрылымын, суверенитетін, территориялық тұтастығын, экономикалық, ғылыми техникалық және қорғаныс потенциалын қорғауды жүзеге асыратын арнайы органдар болып табылады.

Адвокаттар алқасы конституцияның 13 бабы бойынша әрбір азамат сотта өз құқықатыр мен бостандықтарын қорғау үшін білікті заңдық көмек, адвокаттық көмек алуға құқығы бар деп көрсетілген. «Адвокаттық қызмет туралы» (05.12.1997 ж.) заңда адвокатура заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істірді жүргізгенде заңды көмек көсететін ұйым деп атап көрсетіледі. Адвокаттар алқасы - тәуелсіз, өзін-өзі қаржыландыратын, коммерциялық емес мемлекеттік ұйым.

Нотариат нотариаттық қызмет Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» (14.07.1997 ж.) заңы бойынша жүзеге асырылады. Нотариустар нотариалдық әрекеттер жасау арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғайды. Нотариус төмендегідей қызмет атқарады:

- 1) мәмілелерді заңдастырады;
- 2) шаруашылық құжаттарды заңдастырады;
- 3) мұрагерлікке қалған мүлікті қорғайды;
- 4) мүлікке мұрагерлік құқық беретін құжаттарды береді;
- 5) ортақ мүліктеі әркімнің үлесі туралы куәлік береді;
- 6) мүлікті иелену мен пайдалану құқығынан айырады және иелену мен пайдалану құқығын қайтарады;
- 7) құжаттардың көшірмелерін заңдастырады;
- 8) құжаттарды басқа тілге аударғанда оның көшірмесінің заңды екенін куәландырады;
- 9) құжаттарды сақтайды; т.б. нотариаттық әрекеттер жасайды.

Әділет органдары Қазақстан Республикасының «Әділет органдары туралы» (18.03.2002 ж.) заңы негізінде өз құзреті шеңберінде мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет атқарушы лауазымды адамдардың қызметінде заңдылықтың сақталуын қадағалай отырып жеке азаматтар мен ұйымдардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын атқарушы орган болып табылады. Әділет органдарының қызметі жоғарыда аталған заңда нақтыланған

Салық және кеден органдары ҚР Президентінің 22 қаңтар 2001жылы шыққан «Құқық қорғау қызметін жетілдіру шаралары туралы» жарлығына сәйкес бұғанға дейінгі мемлекеттік салық полициясы үкімет құрамына кірмейтін Қазақстан Республикасының қаржы полициясы болып құрылды. Бұл органға экономика және қаржы саласындағы құқық бұзушылықпен күресу жүктелді. Қаржы полициясының департаменті қаржы саласындағы құқық бұзушылықты тауып, жедел іздестіру, анықтау және алдын-ала тексеру жұмыстарын жүргізуге құқылы. Департамент өз мүлкі, символдары, мөрі, банкте есеп шоты бар заңды тұлға болып табылады. 2003 жылғы 23 желтоқсандағы ҚР президентінің жарлығы бойынша Қаржы департаменті ҚР экономикалық қылмыстар және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі агенттік болып өзгертілді. Агенттікке экономикалық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстарды анықтау, жедел іздестіру, алдын-ала тергеу жұмыстары жүктелді. Агенттіктің құзреті мен мақсат- міндеттері ҚР үкімет інің 29 қаңтар 2004 жылы шыққан ережесінде нақтыланған. Агенттіктің қызметі:

- 1) елдегі кримиогендік жағдайға, экономикалық қылмыстарды туғызатын жағдайларды анықтап, оған талдау жасау;
- 2)салық полициясы органдарының жұмысының негізгі бағыттарын анықтау;
- 3) Өте күрделі салықтық және экономикалық қылмыстарды тексеру; т.б.

Кеден ісінің міндеті - ҚР кедендік шекара арқылы елдің территориясына келетін товарлар мен транспортқа кедендік салық мөшерін белгілеу, салықты жинау, кедендік құжаттарды беріп кедендік бақылауды жүзеге асыру. Кеден ісі Қазақстан Республикасындағы «Кеден ісі туралы» заңымен айқындалады.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының сот жүйесі туралы конституциялық заңы 25.12.2005 ж.ҚР конституциялық заңдары Алматы 2005ж.
- 2.Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызмет туралы заңы Алматы, 2006ж
- 3.Қазақстан Республикасының Соттар және сот мәртебесі туралы ҚР Президентінің заңдық күші бар жарлығы Алматы, 2005ж
- 4.Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы ҚР Президентінің заңдық күші бар жарлығы Алматы, 2007ж
- 5.Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы ҚР Президентінің заңдық күші бар жарлығы
- 6.Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңы Алматы, 2007ж
- 7.Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызмет туралы заңы Алматы, 2006ж
- 8.Қазақстан Республикасындағы Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы ҚР Президентінің заң күші бар жарлығы Алматы, 2005ж
- 9.Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері,. Алматы 2005
- 10.Баққұлов С.Д. Құқық негіздері., Алматы 2005
- 11.Оспанов К.И. Құқық негіздері, Алматы 2007
- 12.Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
- 13.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы:оқулықАлматы 2005

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

- 1.Қазақстан Республикасының сот төрелігін жүзеге асыратын ең жоғарғы өкілді орган:
А. сот;
В. парламент;
С. жергілікті атқару органдары;
Д. үкімет;

Е. жергілікті өзін-өзі басқару органдары;

2.Құқық қорғау органдары

А.аталғандардың барлығы

В.Ішкі істер органдары

С.Прокуратура

Д.Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Е.Адвокат, нотариат

3.Құқықтық норманың күшіне енуі үшін қажетті жағдайды анықтайтын элементті атаныз.

А.дипозиция

В.гипотеза

С.санкция

Д.функция

Е.презумпция

4.Құқық қорғау органдарының қызметіне:

А.аталғандардың барлығы

В.конституциялық бақылау, прокурорлық бақылау

С.сот істерін жүргізуді ұйымдастыру

Д.әділ сот төрелігін жүзеге асыру

С.іс жүргізу барысында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау

Е.қылмысты істерді ашу мен тексеру;

5.Құқық қорғау қызметінің принциптері:

А.аталғандардың барлығы

В.Құқықтық заңдылық принципі, жариялылық принципі;

С.Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы;

Д.Азаматтар мен заңды тұлғалардың заң алдында теңдігі;

Е.Жан- жақтылық, толықтық, дәлелдік принципі;

Ж.Әркімнің білікті заңгерлік көмек алуға және қорғану құқығына кепілдік принципі;

Дәріс 11. Қазақстан Республикасының қаржы құқығының негіздері

Дәрістің мақсаты: Қазақстан Республикасының қаржы құқық заңнамасының қағидаларын түсіндіру. Қаржы құқығының қоғамдық қатнастарды құқықтық реттеу. Мемлекеттің қаржылар саласындағы басқару қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде: түсінігі, маңызы, нормативтік-құқықтық базасы. Ақша жүйесінің элементтерін түсіндіру.

Дәріс жоспары:

1.Қаржы құқығы және қаржы құқықтық қатнастары

2.Мемлекеттік ақша жүйесі.

3.Бюджет құқығы және мемлекеттік бюджет

1.Қаржы құқығы және қаржы құқықтық қатнастары

Қаржы құқығы дегеніміз- мемлекеттің ақшалай қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылады.

Мемлекеттің қаржы жүйесінің экономикалық негізін мемлекеттік қаржылық қатынастар, ал нормативтік құқықтық базасын қаржылық заңдар құрайды.

Мемлекеттің қаржылық қызметі үш түрлі әдіс арқылы реттеледі:

1 Ақшалай қорларды қалыптастыру.

2 Ақшалай қорларды бөлу.

3 Ақшалай қорларды пайдалануды ұйымдастыру.

Ақшалай қорларды бөлу әдістері: ақша қаражаттарын бюджеттен біржола, ақысыз беру, несие беру, ақша қаражаттарын қайтарымды, ақылы негізде белгілі мерзімге уақытша пайдалануға беру сияқты несиешілердің мемлекеттік өз қаржылық міндеттемесін орындаумен жүзеге асырылады. Қаржылық құқықта пайдаланылатын құқықтық реттеу әдістеріне императивтік мемлекеттік өктем билік әдісі мен депозитивтік қаржылық шартты әдіс жатады. Қаржылық құқық жүйесі екі бөлімнен тұрады. Олар жалпы және ерекше бөлім. Жалпы бөлім: мемлекеттің қаржылық құрылысының құқықтық негіздері, ақша жүйесінің құқықтық негіздері, мемлекеттік қаржылар саласын басқару, қаржылық жоспарлаудың құқықтық негіздері және басқа да институттардан тұрады. Ерекше бөлім: бюджет құқығы, қаржылық банктік құқық, қаржылық сақтандыру құқығы, қаржылық шаруашылық құқығы сияқты бөлімдерден тұрады. Мемлекеттің қаржы құрайтын қаржылық экономикалық институттар: бюджет жүйесі (олар: республикалық және жергілікті бюджеттер) бюджеттен тыс мақсаты қорлар, мемлекеттік сақтандыру қаржылары, мемлекеттік банктердің қаржылары, мемлекеттік кәсіпорындары мен мекемелердің және мемлекеттік басқару органдарының қаржылары. Мемлекеттің қаржылық құрылымы өзара байланған мынанадай жүйелерден тұрады: 1. тиісті қаржылық экономикалық институттармен көрсетілген мемлекеттің ақшалай қорларының жиынтығы түріндегі жүйесінен. 2. Мемлекетін қаржылық органдарының жүйесінен. 3. Мемлекеттік қаржылық реттеуден тұрады. Мемлекетін қаржылық жүйесін құрайтын қаржылық – экономикалық институттар :

1. Бюджет жүйесі (республикалық және жергіліктер бюджеттер)

2. Бюджеттен тыс қорлар;

3. Мемлекеттік сақтандыру қаржылары;

4. Мемлекеттік қаржылары;

5. Мемлекеттік кәсіпорындармен мекемелердің және мемлекеттік басқару органдардың қаржылары. Мемлекеттік қаржылық реттеу – мемлекеттің қаржы жүйесінің ойдағыдай қызмет атқаруын, сондай-ақ оның құрылымдық бөлімдерінің өзара қарым-қатынасын айтарлықтай деңгейде қамтамасыз ету мақсатында қаржылық жүйеге ұйымдастыру сипатында және бағытталған түрде ықпал ету болып саналады.

Мемлекеттің қаржылық құрылымын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар:

1. Қаржы министірлігі.

2. Қаржы министірлігінің салық комитеті т.б. комитеттер.

3. Қаржы министірлігінің құзырындағы аудандық қаржы бөлімдері мен облыстық қаржылық басқармалары.

4. Қ.Р.- ның ұлттық банкі және т.б. да банктік депортаменттер...

5. ҚР – ның экономика және бюджеттік жоспарлау министірлігі.

2. Мемлекеттік ақша жүйесі.

Ақша жүйесінен құқықтық негіздері еліміздің ақша жүйесінің, соның ішінде ұлттық валюта жүйесін белгілейтін, сондай – ақ оның қоғам мемлекет мүделеріне сай тиісінше қызмет атқару қамтамасыз ететін қаржылық құқықтың институты болып табылады. **Ақша жүйесі** деп, тарихи қалыптасқан және ұлттық заңдармен бекітілген еліміздегі ақша айналымын ұйымдастыру нысанын айтамыз. Ақша бірлігі еліміздегі барлық тауарлардың бағасын өлшеу қызметін атқаратын және ұлттық валютаның аталымын көрсететін мемлекет таррапынан белгіленген ақша. Қазақстан республикасының ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі болып табылады. Ақшалар қағаз ақшалар және металл ақшалар болып бөлінеді. Мемлекетіміздегі алтынмен қамтамасыз етілмеген банкноттарды және

ұсақтаушы монеталарды мемлекет атынан шығаратын орталық - Қазақстанның ұлттық банкі. Ақша айналымын тұрақтандыру реформаларын жүргізу арқылы жүзеге асырады. Ақша реформаларын жүргізу әдістеріне: нуллификация, деноминация, девальютсия, ревальвация жатады. Нуллификация - құны жойылған ақшаларды алып тастап, оның орнына жаңа валюта енгізу. Деноминация - ақша айналымдағы ақшаларды белгілі бір арақатынасынан қолдана отырып жаңа шығарылған ақшаларға айырбастау арқылы ақшаның құнын өзгерту және массасын өзгерту.

Девальвация ұлттық валюта курсы, басқа елдердің ресми түрде төмендету. Ревальвация – девальвация қарама қарсы әдіс, яғни айналымдағы ұлттық валюта курсы, басқа елдерінің валютасымен салыстырғанда ресми түрде жоғарлату. Ақша жүйесінің құрамдас бөлігіне ұлттық валюта жүйесі жатады. Ұлттық валюта жүйесі дегеніміз - халықаралық валюталық құқық нормаларын еске ала отырып ұлттық валюталық заңдармен бекітілген валюталық қатнастарды ұйымдастыру және реттеу формасы. Ұлттық валюта жүйесі халықаралық валюта жүйесімен тығыз қарым-қатнаста болады., себебі еліміздің экономикасы сыртқы экономикалық байланыстарға тәуелді. Халықаралық валюталық жүйелердің тарихи дамуы мынандай түрлерге бөлінеді:

1. Париж валюталық жүйесі (1867)
2. Генуя валюталық жүйесі (1922ж)
3. Бредтон–Вуд валюталық жүйесі (1944ж.)
4. Ямаика валюталық жүйесі (1976-1978ж.)
5. Еуропа валюталық жүйесі (1977 ж)

Валюта айналымына және шетелдік валюталарға қатысты мемлекет тарапынан белгіленіп қойылған шектеулер валюта айналымының режимі деп аталады. Валюталар толығымен айналыста болатын, жартылай айналатын және айналысқа түспейтін валюталар болып бөлінеді. Қазақстан тенгесі жартылай айналыста болатын валюталар қатарына жатады. Қаржылық банктік қызмет деп қоғамдық, мемлекеттік, материалдық, мүдделер мен мұқтаждықтарды қамтамсыз ету үшін. Қазақстанның ұлттық банкі мен басқа да мемлекеттік несиелік ұйымдардың мемлекеттің банк жүйесін жетілдіруге, мемлекеттік банкілердің ақшалай ресурстарын қалыптастыруға және оларды мемлекеттің орталықтандырылған саудалық қорлары ретінде пайдалануға бағытталған, сондай- ақ банктік заңдармен көзделген банктік операциялар мен мәліметтерді жүзеге асыру жөніндегі қызметтерін айтамыз.

Қаржылық сақтандыру қызметі мемлекеттің сақтандыру жүйесіндегі алдын- алу және қалпына келтіру шараларын жүзеге асыру, сақтандыру жағдайларының туындауына орай заңды және жеке тұлғаларға келтірілген залал- зардаптардың орнын толтыру мақсатында арнайы ақшалай қорларды қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру ұйымдардың іс – қимылын айтамыз.

Қаржылық құқықтық қатынастар деп мемлекеттің қаржылық қызметінің барысында, қаржылық құқықтық нормалардың негізінде туындайтын қоғамдық қатынастарды, яғни қаржылық құқықтық нормаларымен реттелген мемлекеттік қаржылық қатынастарды айтамыз.

Қаржылық құқықтық нормалары мемлекеттің қаржылық қызметінің барысында туындайтын қоғамдық қатынастарға қатысушылардың жүріп- тұруы қағидаларын белгілейтін, сондай- ақ өздерінің мән- жайына байланысты материалдық және ұйымдастырушы болып бөлінетін құқықтық нормаларға жатады. Материалдық қаржылық құқықтық нормалар ақшалай қозғалысты білдіретін қаржылық қатынастарды реттейді.

Ал ұйымдастырушылық құқықтық нормалар қаржылық қызметінің жүрісін, нысандарын белгілейді және қаржылық құрылымдарын айқындайды.

Қаржылық қызмет түрлеріне қарай қаржылық құқықтық нормаларды мынадай түрлерге бөлеміз:

- 1 Бюджеттік құқықтық нормалар.
- 2 Валюталық құқықтық нормалар.

3 Қаржылық құқықтық нормалар.

4 Қаржылық шаруашылық нормалар.

5 Салықтық құқықтық нормалар.

Қаржылық құқықтық қатынастар: бюджеттік, қаржылық банктік, қаржылық сақтандыру, қаржылық шаруашылық құқықтық қатынастары, материалды қаржылық құқықтық қатынастар, ұйымдастырушы қаржылық құқықтық қатынастар, біржақты- өктем қаржылық құқықтық қатынастар, шартты қаржылық құқықтық қатынастар, қорғаушы қаржылық құқықтық қатынастар.

Қаржылық құқықтық қатынастардың субъектілеріне мемлекеттің біртұтас өзі, әкімшілік-аумақтық құрылымдар, мемлекеттің уәкілетті органдары, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, заңды тұлға, жеке тұлғалар жатады. Қаржылық құқықтық қатынастардың пайда болуының өзгеруінің және тоқтатылуының негізінде жататын, қаржылық заңдарда көзделген күзіретті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдардың заңд және жеке тұлғалардың саналы құқыққа сай іс- әрекеттерінің нәтижесінде, сондай –ақ адамның қоғамның еркінен тыс құбылыс оқиғалар ретінде көрініс табатын заңды фактілер (айғақтар) болып табылады

Қаржы құқығындағы заңды фактілер (айғақтар) мынадай қызметтерді атқарады:

1. Қаржылық құқықтық қатынастардың туындауын, өзгертілуін және тоқтатылуын қамтамасыз етеді.

2. Қаржылық құқықтық реттеу әдістерінің элименті атқарады.

3. Өте маңызды ақпараттық қызмет атқарады.

4. Мемлекеттің қаржылық қызметінің аясындағы заңдылықты кепілдендіреді.

5. Кейде ынталандыру қызметін атқарады. Қаржылық құқықтық қатынастың пайда болуының негізінде мынадай құқықтық қатынастар жүзеге асады.

1 Тиісті қаржылық органның жекеленген қаржылық актіні шығаруы.

2 Қаржылық шарт жасау.

3 Белгілі бір тұлғаның салық салуға жататын объектіні сатып алу, не болмаса қаржылық заңдардың ауқымына жататын өзге де іс- қимылдарды жүзеге асыруының нәтижесінде салық не басқа міндетті төлемді төлеуші мәртебесіне ие болуы сияқты заңды фактілер жатады. **Қаржылық бақылау** құрылымы жағынан күрделі жүйе болып табылады Ол төмендегідей элементтерден тұрады: бақылаудың субъектісі, объектісі, түрі, мақсаты және әдістері. Қаржылық бақылаудың субъектілері мемлекет атынан қызмет атқаратын, соған құзырлы мемлекеттік органдар. Объектісі – мемлекеттік, мемлекеттік емес заңды тұлғалар және азаматтар. Мақсаты қаржылы - құқық бұзушылықты табу, шара қолдану, оны болдырмау. Қаржылық бақылаудың әдістері: қаржылық жоспарларды тексеру, бухгалтерлік құжаттарды тексеру, ақша қаражатын, құнды материалдық игіліктерді инвентаризациялау, банктіктерден, басқа да ұйымдардан ресми сұраныспен құжаттар алып, оны тексеру т.б. Қаржылық бақылаудың тиімді формасының бірі- ревизия. Ревизиялар жоспарлы және жоспарсыз, толық және ішінара, құжатты және нақты болып бөлінеді. Ревизияның қорытындысы бойынша акті жасалады.

Мемлекет қаржылық қызметінің аясында бақылаудың төмендегідей түрлерін жүзеге асырады:

-ақша айналымын бақылау;

-валюталық бақылау;

-мемлекеттік банктік қызметті аясындағы бақылау;

-мемлекеттік сақтандыру аясындағы бақылау;

-мемлекеттік салық жүйесін бақылау;

-кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылық шаруашылық қызметтерін тексеру, ревизия жасау;

Қаржылық құқық бұзушылық деп қаржылық заңдардың нормалары мен белгіленген және олар ойдағыдай орындалмаған жағдайда заңды жауапкершілік түрлері көзделінген өздеріне тиісті қаржылық міндеттемелерін тиісінше орындамаған, қаржылық қатынасқа

қатысушылардың құқыққа қайшы іс- әрекеттері. Қаржылық құқық бұзушылық: құқыққа қайшы әрекет пен соның соның нәтижесінде туындаған залал- зардаптардың арасындағы себептік байланыс; жазаға тартылу сияқты белгілермен сипатталады. Қаржылық құқық бұзушылықтың түрлері :

1. Мемлекет пен қоғамның материалдық мүдделеріне қарсы қаржылық құқық бұзушылық.
2 Мемлекеттің қаржы жүйесінің айтарлықтай қызмет атқаруына кедергі жасайтын қарсы қаржылық құқық бұзушылық.

3 Қаржылық құқықтық қатынастарға қатысушы тараптардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қарсы бағытталған қарсы қаржылық құқық бұзушылар.

4. Мемлекеттің мамандандырылған қаржылық органдарының қызметтерін жүзеге асырушыларына кедергі келтіретін қарсы қаржылық құқық бұзушылық. **Қаржылық құқықтық жауапкершілік** дегеніміз- қаржылық құқықтық нормалардың әмірлі талаптарын атқаруға байланысты өздеріне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін, қаржылық құқықтық қатынастарға қатысушы тұлғаларға қолданылатын, материалдық, мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары болып саналады. Мемлекетке қарсы қаржылық құқық бұзушылықтар үшін мынадай жауапкершіліктің түрі қолданылады:

1. Қаржылық құқықтық жауапкершілік.

2 Әкімшілік құқықтық жауапкершілік.

3 Қылмыстық құқықтық жауапкершілік.

Әкімшілік құқықтық жауапкершілік бойынша айыппұл салу шарасы қолданылады. Қылмыстық құқықтық жауапкершілік шаралары айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығынан айыру, мүлкін тәркілеу сияқты шаралар арқылы жүзеге асырылады.

3.Бюджет құқығы және мемлекеттік бюджет

Бюджеттік құқық мемлекеттік бюджетті қалыптастыру, бөлу, сондай- ақ бюджеттік ресурстарды пайдалануды ұйымдастыру барысында туындайтын қатынастар бюджеттік қатынастарға жатады. Бұл қатынастарға мынадай белгілер тән:

1.Бұл қатынастар республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығыстарын қалыптастыруға байланысты жүзеге асырылатын мемлекеттің бюджеттік қызметінің барысында туындайды.

2.Бұл қатынастар әрқашанда бөлу және қайта бөлу сипатында көрініс табатын ақшалай қатынастар болып табылады.

3.Бұл қатынастар әрдайым республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттердің кірістеріне түсетін ақша сипатындағы құнның және сол бюджеттердің шығыстарынан біржақты қозғалыстарын білдіреді.

Бұл қатынастар орталықтандырылған мемлекеттің ақша қоры және жергілікті әкімшілік-аумақтар құрылымдар көлемінде орталықтандырылған ақша қорлары арқылы қалыптастырылатын және бөлінетін бюджеттік ресурстар нысанындағы ақша қаражаттарының ағымын көрсететін базистік қатынастарына жатады. Бюджет құқығы да екі бөлімнен тұрады. Олар жалпы және ерекше бөлімдер. Бюджетті қалыптастыру әдістері:

1. Салықтар белгілеу.

2. Алымдарды, баждарды, төлемақыларды белгілеу.

3. Ұлттық банктің кірістерінен қаражат алу.

4. Бюджеттік – банктік несиелер алу.

5. Алынған ресмитрансферттерді пайдалану.

6. Республикалық бюджеттен берілген сауда үшін төленген қаражаттарды пайдалану.

Мемлекеттік бюджетті республикалық бюджеттен және жергілікті бюджеттерден құралады. Бюджеттік жоспарлау келесі сатылардан тұрады:

1. Бюджет жобасын дайындау;

2. Бюджет жобасын қарау;

3. Бюджетті бекіту;

4. Бюджетті атқару және атқаруды бақылау;

5. Бюджетті жабу (бюджетті атқару туралы есепті дайындау және бекіту). Бюджеттік кезең бюджеттік жоспарлаудың барлық сатыларын қосатын кезең, ол бюджет жобасын дайындаудан басталып, бюджетті жабу мен аяқталады. Бюджеттік жыл – бюджеттің атқарылу сатысы. Қазақстан Республикасында бюджеттік жыл күнтізбелік жылмен сәйкес келеді, яғни 1- ші қаңтардан басталып, 31- ші желтоқсанда бітеді. Республикалық бюджеттің ҚР Үкіметті дайындайды. Республикалық бюджетті қарап бекітетін оргон – ҚР парламенті. ҚР Үкіметі республикалық бюджет туралы заң жобасын Парламентке 15- ші қыркүйекке дейін ұсынылуы тиіс. Республикалық бюджет туралы заң жобасы 1- ші Мәжілісте, содан Сенатта қаралады. Республикалық бюджет палаталардың бірлескен отырысында, кемінде екі оқытылыммен 15- ші желтоқсанға дейін бекітіледі. Егер республикалық бюджет қабылданбаса, Президент « Алдағы қаржылық жылдың бірінші тоқсанында қаржылық жоспар туралы) Жарлықты қабылдайды. Бұл Жарлық республикалық бюджет қабылданғанша күшінде болады. Республикалық бюджеттің атқарылуы үшін ҚР Үкіметі жауапты. Бюджеттік жоспарлаудың соңғы сатысы – бюджетті жабу. Бұл саты барысында Парлментке екі есеп дайындалады. Оның біріншісін – ҚР Қаржы министірлігі дайындайды, ал екіншісін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті дайындайды. Жергілікті атқарушы органдар бірінші қыркүйекке дейінгі бюджет жобаларын ҚР Қаржы министірлігіне ұсынылуы тиіс. Республикалық бюджет қабылданғаннан кейін екі апта мерзімінде облыстық және Алматы, Астана қалаларының бюджеттері жергілікті атқарушы органдармен тиісті маслихаттарға ұсынылуы тиіс. Облыстық бюджет қабылданғаннан кейін екі апталық мерзімде аудандық атқарушы органдар аудандық бюджеттерді сәйкес маслихаттарға ұсынып, бюджет қабылдануы тиіс. Жергілікті бюджеттердің атқарылуын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің атқару оргондары қамтамасыз етеді. Жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылайтын орган- мәслихаттар құрған ревизиялық комиссия.

Мемлекеттік несие (кредит) негізінен бюджеттік тапшылықты жою мақсатында қосымша қаржылық ресурстарды қалыптастыру жөнінде мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын қызмет болып табылады. Мемлекеттік несие екі түрге бөлінеді: а) ішкі мемлекеттік заемдар; б) сыртқы мемлекеттік заемдар.

Ішкі мемлекеттік заемдарды ерікті, қайтарымды және ақылы түрде жеке және занды тұлғалардан алу кезінде мемлекет борышқор, ал тұлғалар қарыз берушілер болып есептелінеді.

Сыртқы мемлекеттік заемдар барысында мемлекет қарыз алушы немесе қарыз беруші ретінде болуы мүмкін. Мемлекеттік несиенің тағы бір өзіне тән ерекшелігі, оның бір уақытта тиісті бюджеттің кірісі және шығысы түрінде көрініс табуы. Мемлекеттік несиені екі тұрғыдан, яғни экономикалық және құқықтық категориялар ретінде қарастыруға болады. Экономикалық категория ретінде мемлекеттік несие деп, мемлекеттің занды және жеке тұлғалардың ақша қаражаттарын уақытша пайдалану үшін оларды ерікті, ақылы түрде және қайтарымды негізде бюджет тартуына байланысты туындайтын экономикалық қатынастардың жүйесін айтамыз. Ал құқықтық категория ретінде, мемлекеттік несие дегеніміз, бюджетті қалыптастыру, бюджеттік тапшылықтарды жою және ақша айналымын реттеу мақсатында, ерікті, ақылы, қайтарымды, мерзімді негізде мемлекеттің занды және жеке тұлғалардың уақытша бос ақша қаражаттарын бюджетке жұмылдыру барысындағы құқықтық қатынастар. Ішкі мемлекеттік заемдар облигация, қазынашылық бондар немесе қазынашылық вексельдер нысанында болады.Енді банктік несие немесе мемлекеттік кредиттеу туралы. Мемлекетімізде бірінші деңгейдегі Ұлттық Банктен басқа екінші деңгейдегі мемлекеттік банктер де (өзге банктер де) бар екенін білеміз. Осы мемлекеттік банктердің негізгі атқаратын қызметтерінің ішіндегі ең бастысы несиелеу, яғни банктік ссуда беру болып табылады. Мемлекеттік банктер мемлекеттің қаржылық-несиелік органдары болғандықтан өз қызметтерін жүзеге асыру барысында мемлекет мүддесін көздейді, ал табатын табыстары мемлекеттік орталықтандырылған ссудалық қорын қалыптастырады.Сонымен банктік несие (кредиттеу) деп, несие беруші банктің (кредитор) қарыз алушы тұлғаға (клиентке) озінін ссу-далық қорынан акша қаражаттарын белгілі мерзімге, акылы түрде және қайтарымды негізде

уақытша пайдалануға беруін айтамыз. Банктік несие беру тек кредиттік шарттың негізінде жүзеге асырылады. Кредиттік шарт дегеніміз, банктік ссуда беру жөнінде қарыз беруші банк (кредитор) пен қарыз алушы - клиенттің арасында жасалған келісім.

Банктік несие беру кезінде мына келесі бірнеше қағидалар басшышыққа алынады: жоспарлық, мақсаттылық, материалдық.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. Алматы, 2007ж.
- 2.Қазақстан Республикасының авторлық құқықты қорғау туралы заңы. Алматы, 2005ж.
- 3.Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері,. Алматы 2005
- 4.Баққұлов С.Д. Құқық негіздері., Алматы 2005
- 5.Оспанов К.И. Құық негіздері, Алматы 2007
- 6.Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
- 7.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы:оқулықАлматы 2005

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

1. Республикалық бюджетті бекітетін кім:

- А. парламент;
- В. президент;
- С. үкімет;
- Д. қаржы министрі;
- Е. премьер- министр;

2.Ақша реформаларын жүргізу әдістері:

- А. аталғандардың барлығы дұрыс;
- В. нуллификация;
- С. деноминация;
- Д. девальвация;
- Е. ревальвация;

3.Қаржы құқығының ерекше бөлімінің институтын атаңыз:

- А. аталғандардың барлығы дұрыс;
- В. бюджеттік құқық;
- С. қаржылық-шаруашылық;
- Д. қаржылық-банктік;
- Е. қаржылық сақтандыру;

4. Мемлекеттік қаржылық бақылау объектісін көрсетіңіз ?

- А. аталғандардың барлығы дұрыс;
- В. мемлекеттік органдар;
- С. мемлекеттік заңды тұлғалар;
- Д. мемлекеттік емес заңды тұлғалар;
- Е. азаматтар;

5. Бюджет түрлерін атаңыз ?

- А. аталғандардың барлығы дұрыс;
- В. бекітілген;
- С. нақтыланған;
- Д. мемлекеттік;

Е. жергілікті;

Дәріс 12. Қазақстан Республикасының салық құқығының негіздері

Дәрістің мақсаты: Қазақстан Республикасының салық құқығының жалпы ережелерін сипаттау. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, салық салудың негізгі принциптері мәселелерін саралау. Салық қызметінің органдары, олардың уәкілеттігі. Салық міндеттемелерін орындау. Мерзімінде орындалмаған салық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету тәсілдері. Салық қарыздарын еріксіз өндіріп алу шаралары. Салық кодексі. Азаматтық құқық қоғамдық қатнастарды реттейтін, мемлекеттің басқару қызметін жүзеге асыруға қажет, оның бірізділік жұмысын қамтамасыз ететін құқық саласын меңгеру.

Дәріс жоспары:

1. Салықтық құқық, оның әдістері
2. Салықтық міндеттеме, оны орындау
3. Салықтық бақылау, оның түрлері
4. Инвестициялық қызметті құқықтық реттеу

1. Салықтық құқық, оның әдістері

Салық құқығы - заңды және жеке тұлғаларыдан заң жүзінде белгіленген салықтар және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдерді алу кезінде туындайтын қатынастарды реттейді. Еліміздегі салықтық қатнастар «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексімен» (2009ж) реттеледі.

Салық құқығы нормалары мемлекеттің салық жүйесін белгілейді, мемлекеттік салық қызметі органдарының құрылымын айқындап, олардың салық салу аясындағы құзыреттерін белгілейді, сондай-ақ салықтарды белгілеу, алу және осы процестің заңды негізде жүзеге асырылуына салықтық бақылау жүргізу қағидаларын айқындайды. Мемлекеттің салықтық қызметінің негізгі бағыттары: 1) салықтар мөлшерін белгілеу; 2) мемлекеттің салықтық құрылымын айқындап, оның қалыпты қызметін қамтамасыз ету; 3) салықтық міндеттемелердің орындалуын бақылау; 4) салықтың төленуін қамтамасыз ету, төленбеген жағдайда күш қолдану; 5) салық заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту негіздерін белгілеу; Салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеу мен өтеудің негізгі принциптері:

- 1) Салықтар мен басқа да төлемдердің жалпыға міндеттілігі;
- 2) Салықтар, міндетті төлемдердің мөлшерінің нақтылық принципі;
- 3) Салықтық міндеттемелерді белгілеудің әділеттілік принципі, салықтар мен басқа да төлемдерді белгілеу мен өтеуде ешкімге жеңілдіктер қарастырылмайтындығынан және берілмейтінінен көрінеді;
- 4) ҚР салық жүйесінің біртұтсатығы принципі, белгіленген салықтар мен міндетті төлемдер бүкіл Қазақстан территориясында жалпыға бірдейлігі;
- 5) Салықтардың жариялылық принципі, салықтар мен басқа да төлемдер туралы заңдар міндетті түрде баспасөз беттерінде жариялануы;

Салық құқығының әдістеріне императивтік (өктем-әмірлі) және диспозитивтік әдістер жатады. Осы жерде, салық салу аясында мемлекет тарапынан баса қолданылатын әдіс императивтік әдіс болып табылады.

Салықтар – жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында заң негізінде және заңда белгіленген мөлшерде және уақытта заңды немесе жеке тұлғалардан алынатын қайтарымсыз, ақысыз, міндетті төлем. Салықтар экономикалық категориялардың бірі болғандықтан мына қызметтер оларға тән болады:

- фискальдық қызметі;
- қайта бөлу қызметі;
- реттеуші қызметі;
- бақылау қызметі.

Қазіргі кезде Қазақстан аумағында алынатын салықтардың түрлеріне:

- 1.карпорациялық табыс салығы;
- 2.жеке табыс салығы,
- 3.қосылған құн салығы;
- 4.акциздер;
- 5.жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары;
- 6.әлеуметтік салық;
- 7.жер салығы;
- 8.көлік құралдары салығы;
9. мүлік салығы жатады.

Жеке салықтар – салық төлеушінің табыстарына салынатын салықтар. Салық субъектісіне қарай салықтар: жеке тұлғаларға салынатын салықтар және заңды тұлғаларға салынатын салықтар болып бөлінеді. Аумақтық деңгейіне байланысты салықтар: жалпы мемлекеттік және жергілікті болып бөлінеді. Жалпы мемлекеттік салықтар республикалық бюджетке, ал жергілікті салықтар жергілікті бюджетке кіреді. Реттеуші салықтар бюджеттерді реттеу мақсаты мен жыл сайын әр түрлі бюджеттерге ауысып отырады. Пайдалану сипатына қарай салықтар: жалпы және мақсатты салықтар болып бөлінеді. Жалпы салықтар бюджетке төленгеннен кейін барлық бюджеттік кірістермен араласып пайдаланғанда нақты іс- шараларға қатыссыз жұмсалады. Мақсатты салықтар нақты іс – шараларға жұмсалады. Мақсатты салыққа мысал - әлеуметтік салық . Сонымен, Салықтар мен өзге деміндетті төлемдердің арасындағы ерекшелік салықтар баламасыз болса, алымдар мен баждар және төлемдер біршама - баламалы (қызмет көрсетілгені немесе құқық берілгені үшін) болып табылады.Қазақстан Республикасында салықтардан басқа міндетті төлемдер: алымдар, баждар, төлемақылар алынады.

Алымдар-мемлекеттік құзырлы органдар тарапынан өтінуші-келуші тұлғаларға көрсетілген тиісті қызметтер мен берілген құқықтар ,рұқсаттар үшін сол заңды немесе жеке тұлғалардан алынатын мақсатты-бағдарлы, біршама-баламалы, міндетті ақшалай төлемдер.Алымдарға,заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алым тағы басқалар жатады.

Баждар- арнайы мамандандырылған құзырлы органдар тарапынан өздеріне өтінуші – келуші тұлғаларға қатысты жасалған заңи маңызы бар белгілі бір іс – қимылдар және берілген ресми құжаттар үшін сол заңды немесе жеке тұлғалардан алынатын біршама – эквивалентті, міндетті ақшалай төлемдер. Мемлекеттік баждар төмендегідей бөлінеді: маусымдық; демпинкке қарсы; өтемдік; кедендік баждар.

Төлемақылар–мемлекеттік құзырлы органдар тарапынан өздерінен өтінішпен келуші тұлғаларға көбінесе материалдық көрініс табатын, айрықша сипатта пайдалынатын белгілі бір объектілерді, немесе соларға байланысты рұхсаттарды, құқықтарды бергені үшін сол заңды немесе жеке тұлғалардан алынатын біршама – баламалы, міндетті ақшалай төлем. Қазақстан Республикасындағы төлемақылардың түрлері: жер учаскілерін пайдаланғаны үшін төлемақы; қоршаған ортаның ластанғаны үшін төлем ақы; су-ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы; орманды пайдаланғаны үшін төлемақы;

сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақылар тағы сол сияқтылар. **Салық төлеушінің құқықтары:**

- 1) салықтар және басқа да төлемдер туралы ақпарат алуға;
- 2) өз өкілі немесе салық консультанты арқылы өз мүддесін қорғауға;
- 3) салықтық тексерудің қортындыларымен танысуға;
- 4) бюджетке төленген салықтары туралы есептің көшірмесін алуға;
- 5) салықтық орган қызметкерлерінің қызметіне және салықтық тексерудің нәтижесіне наразылық білдіруге;
- 6) салықтық құпияны сақтауды талап етуге ;
- 7) салық мөлшерін белгіленуге және оны төлеуге қатысы жоқ құжаттарды көсетпеуге құқы бар.

Салық төлеушінің міндеттері:

- 1) салықтар және басқа да міндетті төлемдерді заңда көрсетілген мөлшерде және уақытында төлеуге;
- 2) салық органдары қызметкерлерінің заңды талаптарын орындауға,
- 3) Салық салу объектісі болып табылатын мүлікті салық қызметкерлерінің талабы сай көсету, құжаттарын тексертуге;
- 4) салық кодексінде көрсетілген талаптарға сай салық төлегені туралы есеп беруге;
- 5) сауда мен қызмет көсету кезінде тұтынушылармен есеп айырсауда кассалық аппаратпен чектер беру арқылы жұмыс істеуге міндетті.

Салық агентінің міндеттері: 1) заңда көрсетілген мөлшерде және уақытында салық мөлшерін анықтау; 2) төленген салықты бюджетке аудару; 3) әрбір салық төлеуші және оның төлеген салығы туралы есеп жүргізу; 4) салық органдарына өз жұмысы туралы есеп беріп отыру;

Салық агентінің міндеттері: 1) заңда көрсетілген мөлшерде және уақытында салық мөлшерін анықтау; 2) төленген салықты бюджетке аудару; 3) әрбір салық төлеуші және оның төлеген салығы туралы есеп жүргізу; 4) салық органдарына өз жұмысы туралы есеп беріп отыру;

2. Салықтық міндеттеме, оны орындау

Салықтық міндеттеме дегеніміз салық заңдарына сәйкес салық төлеушінің мелекет алдындағы салықтар мен басқа да төлемдерді төлеу міндеттемесі. Салықтық міндеттемені орындау үшін салық төлеуші:

- 1) салық органдарына; 3) салық объектілеріне, заңда белгіленген салық ставкаларына сәйкес тіркеледі;
- 2) Салық объектілерін есептейді салық және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлейді; 4) салық органдарына төлеген салықтары туралы есеп береді; 5) белгіленген салық ты дұрыс төлемеген жағдайда пенялар мен айыппұлды төлейді. 6) Салық төлеуші салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді мерзімінен бұрын төлеуге құқы бар

3. Салықтық бақылау, оның түрлері

Заңдылықтың сақталуын бақылау және қамтамасыз ету мемлекеттің басты қызметінің бірі. Салықтық тексеру мемлекеттік бақылаудың мамандандырылған, арнайы түріне жатады. Салықтық бақылау сипаты жағынан күрделі ұйымдастырушылық жүйе болып табылады Ол бірнеше элементтерден тұрады: 1) бақылау субъектісі; 2) объектісі; 3) салық салынатын мүлік немесе қызмет; 4) бақылаудың мақсаты; 5) бақылау әдістері мен тәсілдері; Салықтық тексерудің субъектісі мемлекеттік салық органдары мен оның қызметкерлері. Объектісі салық төлеуші жеке және заңды тұлғалар. Салықтық бақылаудың мақсаты:

- 1) Салықтар мен басқа да төлемдерді заңда көрсетілген мөлшерде және уақытта төленуін бақылау, салық заңдарын бұзушылықты анықтау; 2) кінәлілірді жауапқа тарту; 3) дұрыс төленбеген төлемдерді қайтартып мемлекеттің мүддесін қорғау; 4) Салық заңдарын бұзуға жол бермеу;

Жүргізілу түріне қарай салықтық тексеру екі түрге бөленеді: тікелей тексеру, салықтық тексеру салық объектісін тікелей тексеріп, салықтың мөлшерінің дұрыс белгіленгенін

анықтайды; 2) Салықтық құжаттарды тексеру арқылы жүргізілетін тексеру, онда салықтың объектісі мен субъектісі тікелей байланысқа түспей-ақ жүргізіледі.

4. Инвестициялық қызметті құқықтық реттеу

Инвестициялық әрекетті негізінен Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» заңы реттейді. (08.01.2003 ж.). Инвестициялар деп – кәсіпкерлік немесе басқа да қызмет объектілеріне салынатын, табыс табу немесе белгілі бір әлеуметтік нәтижеге қол жеткізу бағытталған материалдық және интеллектуалды құндылықтарды айтамыз. Инвестициялар: тұтыну, экономикалық , қаржылық және интеллектуалды инвестициялар болып бөлінеді. Тұтыну инвестициялары деп жылжымайтын мүлікті немесе ұзақ пайдаланатын тауарларды сатып алуды айтамыз. Ұзақ пайдалану тауарларына келешекте табыс әкелетін мүлктік құндылықтарды жатқызуға болады. Экономикалық инвестициялар – табыс табу мақсаты мен тауарлар шығару немесе қызмет көрсетумен байланысты реалды активтерге қаражат салу. Қаржылық, инвестициялар – табыс табу мақсаты мен бағалы қағаздараға қаражат салу. Интеллектуалды инвестициялар – мамандарды дайындауға олардың біліктілігін арттыруға, тәжірибемен алмасуға салынатын қаражаттар. Меншік нысанына қарай инвестициялар: мемлекеттік және жеке меншік инвестициялар болып бөлінеді.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының Салық кодексі. Алматы, 2007ж
- 2.Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері,. Алматы 2005
- 3.Баққұлов С.Д. Құқық негіздері., Алматы 2005
- 4.Оспанов К.И. Құқық негіздері, Алматы 2007
- 5.Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
- 6.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы:оқулықАлматы 2005

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

1.Салықтардың экономикалық категория ретіндегі қызметі:

- А. аталғандардың барлығы дұрыс;
- В. фискальдық;
- С. қайта бөлу;
- Д. реттеушілік;
- Е. бақылау;

2.Әлеуметтік салықты төлеушілер кімдер ?

- А. аталғандардың барлығы дұрыс;
- В. дара кәсіпкерлер;
- С. жекеше нотариустар,адвокаттар;
- Д. ҚР резидент заңды тұлғалары;
- Е. резидент емес тұлғалар;

3.Салық дегеніміз не:

- А. міндетті қайтарымсыз төлем;
- В. меншікті мүлкін алу;
- С. әртүрлі ақшалай төлемдер;
- Д. мақсатты түскен төлем;
- Е. мемлекеттік қарыз;

4. Мамандар дайындау мен біліктілік дәрежесін көтеруге салынатын төлем түрі қалай аталады:

- А. зияткерлік инвестиция;

- В. мемлекеттік;
- С. экономикалық;
- Д. ғылыми;
- Е. квалификациялық;

Дәріс 13. Қазақстан Республикасының экология құқығының жалпы ережелері.

Дәрістің мақсаты: Қазақстан Республикасы экологиялық құқығының жалпы ережелерін айқындау. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне жалпы сипаттама. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудың негізгі принциптерін меңгеру. Қоршаған ортаны қорғаудың экологиялық, құқықтық және экономикалық механизмін түсіндіру. Табиғатты пайдалану құқығына, табиғи ресурстарға, меншік құқығына жалпы сипаттама. Экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті міндеттеу.

Дәріс жоспары:

1. Экология ұғымы және экология құқығы.
2. Табиғатты пайдалану құқығы
3. Экологиялық құқық бұзушылық пен экологиялық жауаптылық

1. Экология ұғымы және экология құқығы.

Ғылым ертінде экология - тірі организмдер мен олардың өмір сүруінің қоршаған табиғи ортамен қарым-қатнасты туралы ілім. Экология терминін ғылымға алғаш рет неміс биологы Эрнст Геккель Экология құқығы ұғымын үш түрлі мағынада қарастыруға болады. 1) құқық саласы ретінде; 2) оқу пәні ретінде; 3) ғылым саласы ертінде.

Экологиялық құқық – табиғат пен қоғам арасындағы қоғамдық қатнастарды, табиғи ресурстарды пайдалану және оны қорғау саласындағы қоғамдық қатнастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

Экология құқығының пәніне:

- 1) қоршаған табиғи ортаны қорғау;
 - 2) табиғи ресурстарды тиімді пайдалану;
 - 3) жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің экологиялық құқықтары мен мүдделерін қорғау мен қамтамасыз етуде туындайтын қатнастар; жатады.
- Экологиялық құқық кешенді құқық саласы болып саналады себебі ол әрқайсы дербес жер құқығы, су құқығы, орман құқығы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін пайдалану құқығы т.б. сияқты бірнеше құқық салаларынан құралуымен қатар, ондағы экологиялық қатнастар конституциялық құқық, әкімшілік, азаматтық, қаржылық, қылмыстық, кәсіпкерлік т.б. құқық салаларының нормаларымен реттеледі.

Экология құқығының әдістері : императивті және диспозитивті әдістер. Императивті әдіс бір тараптың екінші тарапқа басымдылығын білдіреді. Диспозитивтік әдіс тараптардың теңдігін білдіреді, бұл әдіс экология саласында шарттық қатнастарды жүзеге асыруда пайдаланылады.

Қоршаған ортаны қорғау мемлекеттің экологиялық қызметі болып табылады. Осының негізінде табиғи ортаны қорғауға бағытталған заңдар мен қаулылар басқа да нормативтік актілер қабылданған. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды дұрыс, тиімді пайдалану еліміздің экологиялық дамуын жетілдірудің алғы шарты ертінде. ҚР конституциясында да қарастырылған. ҚР Конституциясының 6-бабы 3-тармағында: «Жер

және жер қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесібасқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер сондай-ақзанда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте болуы да мүмкін» Конституцияның 31-бабы 1-тармағында: «Мемлекет адам өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» делінсе, 38-бабы 1- тармағы: «Қазақстан азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарын ұқыпты иайдалануға міндетті» деп атап көрсетілген. ҚР 1991-2005 жылдар аралығында 20 халқаралық шарттарға қосылды. Қоршаған ортаны қорғау заңнамасының негізі қаланды. Қазіргі кезде қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негізін белгілейтін заң ҚР «Экологиялық кодексі», «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық тұжырымдамасы» (03.12.2003 ж.) 2003 жылы қабылданған «Жер кодексі», «Орман кодексі», «Су кодексі» т.б. заңдар мен нормативтік актілер жатады. болып табылады. енгізген. Экологиялық мәселелердің шиеленісуі экологиялық қауіпсіздікті сақтауды талап етеді. Экологиялық қауіпсіздік дегеніміз жеке адамның, қоғамның маңызды құқықтыры мен мүдделерін қоршаған ортаға антропогендік және табиғи ықпал ету нәтижесіндетуындайтын қатерден қорғаудың жағдайы. ЭК 3-бабында: «Экологиялық құқықтық қатнастарға қатысушылар жеке және заңды тұлғалар, мелекет және қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалануды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар» делінген.

ЭК 5-бабында Экология құқығының негізгі принциптері белгіленген:

1. Қазақстан Республикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
2. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
3. Экожүйелік әдіспен экологиялық қатнастарды реттеу; (Экожүйе дегеніміз тірі организмдердің өзі өмір сүріп отырған ортасымен біртұтастығы негізінде ғана өмір сүруі және дамуы жүзеге асатын жүйе)
4. Қоршаған ортаны қорғау мелекеттік реттеу мен табиғи ресурстарды пайдалануды мемлекеттік басқару;
5. Қоршаған ортаны ластағаны үшін жауапкершілік және оған келтірілген зиянды толтыру шараларын қолданудың міндеттілігі;
6. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершіліктің ымырасыздығы;
7. Қоршаған ортаға келтірілген зиянның орынын толтырудың міндеттілігі;
8. Қоршаған орта рұхсат алу арқылы және ақылы пайдалану;
9. Табиғи ресурстарды пайдалануда экологиялық таза, ресурстарды үнемдейтін технологияларды пайдалану
10. Қоршаған ортаны қорғауда мемлекеттік органдардың үлесімді және жариялық сипатта жұмыс істеу принципі;
11. Қоршаған ортаны ластау деңгейін төмендету, қалдықтарды азайту мақсатында табиғататы пайдаланушыларды ынталандыру шараларын қолдану;
12. Экологиялық ақпараттың қол жетімділігі;
13. Табиғатты пайдалануда ұлттық мүдделернің басымдылығы;
14. Қазақстан Республикасының экологиялық заңдарының халқаралық құқықтық қағидаттар және нормалармен үйлесімділігі;
15. Жоспарланған шаруашылық жүргізуде қоршаған ортаны пайдаланудың қауіпсіздігінің презумпциясы;

ЭК- те азаматтардың қоршаған ортаны қорғау барысында құқықтарымен қатар міндеттері айқындалған Міндеттері:

- 1) әрбір азамат қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарға құыпты қарауға;
- 2) қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды орындауға;
- 3) өзінің экологиялық білім деңгейін арттыруға және жеткіншек ұрпаққа экологиялық тәрбие беруге жәрдемдесуге міндетті.

2. Табиғатты пайдалану құқығы

Табиғатты пайдалану дегеніміз қоршаған ортаның пайдалы ресурстарын күнделікті өмірде және шаруашылық мақсаттарға пайдалану. Табиғатты пайдалану жалпы және арнайы болып екі түрге бөлінеді. Табиғатты жалпы пайдалануда адамдар күнделікті тіршілікке қажеттілікті жер, су, ауа т.б. тегін және ұдайы пайдаланады. Табиғатты арнайы пайдалану жеке және заңды тұлғалар ақылы негізде арнайы рұқсатпен шаруашылық мақсаттарда пайдаланғанда жүзеге асады. Табиғатты пайдаланудың түрлері табиғат пайдалану құқығын нысанына қарай мынадай түрлерге бөлеміз:

1. Жер пайдалану құқығы.
2. Су пайдалану іс құқығы.
3. Орман пайдалану құқығы.
4. Жануар әлемін пайдалану құқығы.
5. Өсімдіктер әлемін пайдалану
6. Атмосфералық ауаны пайдалану құқығы.
7. Пайдалы қазбаларды пайдалану

Табиғатты пайдалану құқығының қағидалары: ғылыми дәлелденген, сипаттамалы, мақсаты, тиімді, кешендік, лицензиялау, квоталау және лимиттер т.б. жатады. Табиғатты пайдалануды лицензиялау – табиғатты пайдалануға рұқсат беруден тұратын, қоршаған табиғи ортаны мемлекет арқылы реттеумен бақылауды жүзеге асырудың тәсілдері болып табылады.

Лицензия табиғат пайдалануға берілетін қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты. Ол нормалары, ерекшеліктері және қолданылатын технологиясы көрсетілген құқығын куәләндіратын құжат болып табылады. Лимит табиғат пайдаланушыларға берілетін қоршаған ортаны ластайтын заттарды шығару мен тастауға өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырудың мөлшер және уақыты анықталған табиғат пайдаландың нақты мерзімі мен көлемі.

Квота- белгілі бір уақытқа берілген табиғатты пайдаланудың, қоршаған ортаға тасталатын қалдықтардың мөлшері нормаланған лимиттің бір бөлігі.

3. Экологиялық құқық бұзушылық пен экологиялық жауаптылық

Жалпы экология мәселесі бұл - мемлекеттің, адамның, қоғамның болашақ ұрпақ және табиғат пайдаланушының жауапкершілігі. Жалпы экологиялық жауапкершілік дегеніміз мемлекеттің, адамның, қоғамның, болашақ ұрпақ және табиғат, пайдаланушы алдындағы жауапкершілігі.

Экологиялық құқық бұзушылық дегеніміз – кінәлі, құқыққа қарсы әрекет немесе әрекетсіздік, мемлекеттің жеке және заңды тұлғалардың экологиялық құқықтар мен заңды мүдделеріне және қоршаған ортаға келтірілген зиян келтіру немесе осындай зиянның туындауына нақты қауіп төндіру болып табылады. Экологиялық құқық бұзушылықтарды бірнеше топқа бөлуге болады. Олар:

1. Табиғи ресурстарды тоздыру, ластау (243, 250 баптар).
2. Табиғи ресурстарды жою және оған зардап келтіру (283, 287 баптар).
3. Экологиялық талаптарды орындау барысындағы құқық бұзушылықтар. (240, 245, 246, 247 және тағы басқа баптар).
4. Экологиялық талаптарды орындамау (249, 261, 270 баптар).
5. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтармен басқа да табиғи ортаға байланысты тәртіптерді бұзу (295, 297, 299 баптар).
6. Табиғатты пайдаланушының ережелерін бұзу (241, 254, 271, 272 баптар).
7. Табиғатты қорғаумен байланысты шараларды орындамау (244, 251, 252, 253 баптар).
8. Экологиялық ақпаратты жасыру немесе бұрмалау (242, 257, 258, 260, 268 баптар).

Экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға төмендегідей әкімшілік жазалау шаралары қолданылады:

- 1) ескерту,
- 2) әкімшілік айыппұл салу,
- 3) әкімшілік бұзушылық жасаған құралдарын алып қою,

- 4)бұл құралдарды тәркілеу,
 - 5)арнайы құқықтан айыру, л
 - 6)лицензиядан айыру,
 - 7)арнайы рұқсаттан айыру,
 - 8)зардапты қызметке тыйым салу немесе оны уақытша тоқтату.
- Экологиялық жауапкершілікті қоршаған ортаны қорғауға байланысты үш түрге бөлеміз: әкімшілік жауапкершілік, қылмыстық жауапкершілік, азаматтық-құқықтық жауапкершілік.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі 23.01.2007ж алматы 2007
- 2.Қазақстан Республикасының Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы 2004-2015жылдарға 12.03. Егемен Қазақстан 10.12.2005ж
- 3.Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері,. Алматы 2005
- 4.Бакқұлов С.Д. Құқық негіздері,. Алматы 2005
- 5.Оспанов К.И. Құық негіздері, Алматы 2007
- 6.Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
- 7.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы:оқулықАлматы 2005

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

- 1.Экологиялық құқық дегеніміз?
А.табиғат пен қоғам арасындығы қатнастар
В.қоғамдық қатнастар
С.құқықтық нормалар жиынтығы.
Д.экологиялық талаптар
Е.экологиялық қатнастарды реттеу;
- 2.Жаһандық экологиялық мәселелер:
А. аталғандардың барлығы дұрыс;
В. климаттың өзгеруі;
С. озон қабатының бұзылуы;
Д. биоәртүрлілікті сақтау;
С. жердің шөлейттенуі және тозуы;
3. Табиғатты пайдалану құқығына қандай құқық жатпайды:
А. ғылыми қызмет өнімдерін пайдалану құқығы;
В. жерді пайдалану құқығы;
С. жер асты байлықтары құқығы;
Д. суды пайдалану құқығы;
Е. атмосфералық ауаны пайдалану құқығы;
- 4.Экологиялық құқық бұзушылық дегеніміз ?
А.кінәлі, құқыққа қарсы әрекет
В.заңды тұлғаларды тәркілеу
С.экологиялық құқықтар
Д.пайдаланушы алдындағы жауапкершілігі.
Е.мемлекет арқылы реттеу

5.Экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға төмендегідей әкімшілік жазалау шаралары қолданылады:

А.аталғандардың барлығы дұрыс;

В.ескерту,әкімшілік айыппұл салу,

С.тәркілеу, құқықтан айыру

Д.лицензиядан айыру,

С.арнайы рұқсаттан айыру,

Е.зардапты қызметке тыйым салу немесе оны уақытша тоқтату.

Дәріс 14. Қазақстан Республикасының жер құқығының жалпы ережелері.

Дәрістің мақсаты: Жерқұқығыныңпәніжәне жүйесінің мәнін түсіндіру.

Жерқұқығыныңпринциптеріменәдістері талқылау. Жерқұқыққатынастарын, жергеменшікқұқығы, жерпайдалануқұқығыжәнежергеөзгедезаттыққұқықтарды меңгеріп, маңызын ашу. Жерресурстарынбасқару. Жердауларыншешу. Жерзаңдарынбұзғаныүшін жауапкершілік мәселерін талқылау.

Дәріс жоспары:

1.Жер құқығы түсінігі, әдістері, жүйесі

2.Жерге жеке меншік және жер пайдалану құқығы

1.Жер құқығы түсінігі, әдістері, жүйесі.

Жер қатнастарын реттеуде Қазақстан Республикасының «Жер кодексі» ғана емес, сонымен қатар азаматтық заңның, табиғи ресурстар туралы заңдардың, экологиялық заңдардың, әкімшілік және қаржы заңдарының нормалары қолданылады. Осы нормалардың жиынтығы жер заңдылығын құрап,жер құқығының кешенді саласын қалыптастырады.

Жер құқығының пәніне объектісі жер болып табылатын, және жерді пайдалану, жер ресурстарын қорғаумен, жер учаскелерін жеке меншікке беріп жер пайдалану құқығымен және жерге байланысты басқа да құқықтарды жүзеге асырумен байланысты қалыптасатын қоғамдық қатнастар.

Жер құқығының жүйесі екі бөлімнен: жалпы және ерекше бөлімнен тұрады.

Жалпы бөлімінде жерге қатысты барлық қатнастардың түрлерінің басым көпшілігін қамтылып, жер құқығының негізгі принциптері айқындалған.Оған: жерге жеке меншік құқығы, жерді пайдалану құқығы, жер ресурстарын мемлекеттік басқару, жерге жеке меншік құқығы басқа ды құқықтарды қорғау, жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік т.б. жатады. Ал ерекше бөлімге: жердің жекеленген категорияларын пайдалану режимін анықтайтын институттардан тұрады.

Пайдалану мақсаттарына қарай жердің бірнеше категориялары анықталған. Олар: ауыл шаруашылығына арналған жерлер, мекен жай жерлері,өндіріс, транспорт, байланыс, қорғаныс жұмыстарын жүргізуге арналған жерлер, ерекше қорғалатын жерлер (қорықтар ұлттық парктер),орман қоры, су қорлары, запастағы жерлер. Жер туралы заңның ерекше бөлімінде аталған жер категорияларын басқару мен пайдалануға байланысты құқықтық қатнастарды реттеледі.

Жер құқығының әдістері жерге қатысты құқықтық қатнастарды, жерді пайдалану режимін құқықтық реттеуде қолданылатын әдістер Иперативті және диспозитивті әдістар қолданылады.

ҚР ЖК 4- бабында Жер құқығының принциптері айқындалған:

- 1) Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы, қол сұғылмаушылығы және бөлінбейтіндігі;
- 2) жерді табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметінің негізі ретінде сақтау;
- 3) жерді қорғау және ұтымды пайдалану;
- 4) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 5) жерді нысаналы пайдалану
- 6) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің басымдығы;
- 7) жердің жай-күйі және оған қолжетімділік туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;
- 8) жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік қолдау;
- 9) жерге залал келуін болдырмау немесе оның зардаптарын жою;
- 10) жерді ақылы пайдалану;

2. Жерге жеке меншік және жер пайдалану құқығы

Қазақстан Республикасында жерге мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. (ЖК 20-бап). Меншік құқығының субъектілері - азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар. Бұл ретте, азаматтар деп Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ұғынылады.

Меншік иесінің өзіне тиесілі жер учаскесін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқығы бар. Жердің меншік иесі ретіндегі мемлекеттің құқықтарын Жер кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген өз құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Жер учаскесіне меншік құқығы:

- 1) мемлекеттік органдар актілерінің;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде (сату сатып алу);
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздерде туындайды. (ҚР ЖК 22-бап) Жер учаскесінің меншік иесі мемлекеттік органдардың қандай да бір рұқсатын алмай, жер учаскесін өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асырады. Меншік иесі өзінің жер учаскесіне қатысты оның нысаналы мақсатын өзгертпей, Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген мәмілелерді жасасуға құқылы ҚР ЖК (25-бап).

Жер пайдалану құқығы заттық құқық болып табылады. Осы Кодекске немесе заттық құқықтың мәніне қайшы келмейтіндіктен, жер пайдалану құқығына меншік құқығы туралы нормалар қолданылады. (ҚР ЖК 28-бап) Жер пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, өтеулі немесе өтеусіз алынатын болуы мүмкін. Заңда белгіленген негіздерден басқа реттерде ешкімді де жер пайдалану құқығынан айыруға болмайды.

Жер пайдалану құқығының субъектілері:

- 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес;
- 2) ұлттық және шетелдік;
- 3) жеке және заңды тұлғалар;
- 4) тұрақты және уақытша;
- 5) бастапқы және кейінгі болып бөлінеді.

Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге мүдделі жеке және заңды тұлғалар жер учаскесі орналасқан жердегі округтің әкіміне өтініш береді. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтініш келіп түскен кезден бастап күнтізбелік отыз күнге дейінгі мерзімде қаралады. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім осы Кодекстің 43-бабының 2-тармағына сәйкес құрылатын комиссия қорытындысының негізінде қабылданады. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуден бас тарту дәлелді болуға тиіс. Жер учаскелері Қазақстан азаматтарына жеке меншікке мынадай мөлшерде тегін беріледі:

- 1) ауылдық жерлерде өзіндік қосалқы шаруашылық (үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда) жүргізу үшін - суарылмайтын жерде 0,25 гектар және суармалы жерде 0,15 гектар;

- 2) жеке тұрғын үй құрылысы үшін - 0,10 гектар;
3) бағбандық, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін - 0,12 гектар. Жер учаскелерінің аталған мақсаттар үшін қайталап тегін беруге жол берілмейді.
Жер қорларын мемлекеттік басқару мемлекеттің негізгі қызметінің бірі болып табылады. Мемлекет арнайы органдары арқылы жерге пайдалану мен қорғауда ұйымдастарушылық, атқарушылық және бөлушілік қызмет атқарып жер заңдарының орындалуын бақылайды.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 5.Оспанов К.И. Құқық негіздері, Алматы 2007
6.Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Заң әдебиеті-2008ж 105бет.
7.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы:оқулықАлматы 2005

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

1. Табиғатты пайдалану құқығына қандай құқық жатпайды:
А. ғылыми қызмет өнімдерін пайдалану құқығы;
В. жерді пайдалану құқығы;
С. жер асты байлықтары құқығы;
Д.суды пайдалану құқығы;
Е. атмосфералық ауаны пайдалану құқығы;
- 2.Жаһандық экологиялық мәселелер:
А. аталғандардың барлығы дұрыс;
В. климаттың өзгеруі;
С. озон қабатының бұзылуы;
Д. биоәртүрлілікті сақтау;
Е. жердің шөлейттенуі және тозуы;

Дәріс15.Халықаралық құқық негіздері

Дәрістің мақсаты:Қазіргі кезеңдегі халықаралық құқықтың жалпы сипаттамасы мен ұғымының ерекшелігін түсіндіру.Халықаралық құқықтың салалары, қағидаларын, субъектілерін айқындау. Халықаралық жария және халықаралық жеке құқықтың, халықаралық құқықтың актілерін, түрлерін,нормаларының арақатынасын түсіндіру.Халықаралық құқықтың қызметтерін анықтау, мазмұнын ашып көрсету.

Дәріс жоспары:

- 1.Халықаралық құқық түсінігі, пәні, салалары, қызметтері және қайнар көздері
- 2.Халықаралық құқықтағы субъектілер, ерекшеліктері
- 3.Халықаралық жария және халықаралық жеке құқық.
- 4.Халықаралық құқықтың актілері, түрлері, нормалары
- 5.Халықаралық құқықтың қағидалар

1.Халықаралық құқық түсінігі, пәні, салалары және қайнар көздері

Халықаралық құқық - бұл халықаралық құқықтың субъектілері туындататын және халықаралық құқықтың субъектілері (мемлекеттер, өз тәуелсіздігі үшін күресуші халықтар, халықаралық ұйымдар арасындағы, сонымен қатар кейбір жағдайларда, жеке

және заңды тұлғалар қатысатын) арасындағы қатынастарды реттейтін халықаралық-құқықтық қағидалар мен нормалардың жиынтығы.

Халықаралық құқықтың да өз реттеу пәні бар. Халықаралық – құқықтық реттеудің пәні болып табылатын қатынастарды екіге бөлуге болады:

а) мемлекеттер арасындағы қатынастар;

б) мемлекеттер мен өз тәуелсіздігі үшін күресуші ұлттар арасындағы қатынастар. Халықаралық құқықтың нормалары, ең бастысы, халықаралық қатынастардың негізгі субъектілері – мемлекеттер арасындағы қатынастарды белгілеуге бағытталған. Бастапқыда халықаралық құқық мемлекеттер арасындағы құқық ретінде қалыптасқан болатын. Бірақта, халықаралық құқық мемлекеттер арасындағы емес сипаттағы қатынастарды да, яғни қатысушыларының біреуі мемлекет болып немесе мемлекет мүлде қатыспайтын қатынастарды да реттеді. Қазіргі уақытта, халықаралық келісімге қатысушылардың ауқымы кеңейіп келеді және мемлекеттің ішкі құзырлығына кіретін көптеген қатынастар мемлекеттердің ортақ мүдделерінің сферасына көшті.

Мемлекеттер арасындағы емес халықаралық қатынастар:

а) мемлекет пен халықаралық ұйымдар арасындағы;

б) халықаралық ұйымдар арасындағы;

в) бір жағынан мемлекеттер, халықаралық ұйымдар, екінші жағынан жеке және заңды тұлғалар арасындағы;

г) жеке және заңды тұлғалар арасындағы.

Халықаралық бұқаралық құқық және халықаралық жеке құқық бар.

Халықаралық бұқаралық құқық – халықаралық құқықтың субъектілері арасындағы саяси сұрақтар бойынша туындаған қатынастарды реттейді.

Халықаралық жеке құқық – мемлекеттер арасындағы, заңды тұлғалар (ұйымдар мен мекемелер) мен жеке тұлғалар (азаматтар) арасындағы халықаралық жобадағы жеке сұрақтар (авторлық құқық, мұрагерлік құқық, отбасы-неке сұрақтары) бойынша туындаған қатынастарды реттейді.

Халықаралық құқық – бұл ерекше құқық жүйесі болып табылады. Ғылым және оқу пәні болып табылады.

Халықаралық құқық құқық жүйесі ретінде барлық мемлекеттердің, барлық адамзаттың игілігі болып табылады, ол барлығына біреу. Бірақ та халықаралық құқық ғылымы барлық мемлекеттерге бірдей бола алмайды. Әрбір мемлекетте өзінің халықаралық құқық ғылымы болады, мысалы, халықаралық құқықтың қазақстандық ғылымы.

Халықаралық құқық, кез келген мемлекеттің ұлттық құқығы сияқты салаларға бөлінеді. Халықаралық құқықтың салалары халықаралық қатынастардың белгілі бір тобын реттейді және халықаралық – құқықтық институттар мен нормалардың жиынтығы болып табылады. Мысалы, Халықаралық қауіпсіздік құқық саласы халықаралық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қатынастарды реттейді; Халықаралық ұйымдар құқығы халықаралық ұйымдарды құру мен қызмет ету тәртібін реттейді.

Халықаралық құқықта мынадай салалар қалыптасқан:

- 1) Халықаралық құқық субъектілік құқық;
- 2) Халықаралық ұйымдар құқығы;
- 3) Халықаралық гуманитарлық құқық;
- 4) Халықаралық теңіз құқығы;
- 5) Халықаралық әуе құқығы;
- 6) Халықаралық ғарыш құқығы;
- 7) Халықаралық атом құқығы;
- 8) Халықаралық экономикалық құқық;
- 9) Халықаралық қылмыспен күрес құқығы;
- 10) Халықаралық келісімшарт құқығы;
- 11) Халықаралық қоршаған ортаны қорғау құқығы;

12) Халықаралық қауіпсіздік құқығы.

Халықаралық құқық Халықаралық қатынастарында үйлестіруші, реттеуші және қорғаушы қызмет атқарады.

Үйлестіруші қызметінің мазмұны – мемлекет өзі үшін әртүрлі сфераларда белгілі бір мінез-құлық стандарттарын белгілейді.

Реттеуші қызмет – белгіленген ережелер мен стандарттарды мемлекеттің қабылдауында және сақтауында көрінеді.

Қорғаушы қызмет – мемлекеттің мүддесін қорғауға бағытталған нормалар.

Халықаралық құқықтың дипломатиядан, мемлекеттің сыртқы саясатынан айырмашылығы бар.

Халықаралық құқық – мемлекеттер арасындағы қатынастарда өзін қалай ұстау керек екендігі жөніндегі келісімшарт нормаларының жиынтығы болса, дипломатия – сыртқы саясатты жүргізу амал-тәсілдердің жиынтығы, ал сыртқы саясат – бұл өзінің мүдделерін қанағаттандыру үшін халықаралық аренада оның жүргізетін негізгі бағыттары.

Халықаралық құқықтың қайнар көздері – бұл халықаралық -құқықтық нормаларды көрсететін формалар.

Оның 4 түрі бар:

- 1) Халықаралық келісімшарт;
- 2) Халықаралық – құқықтық әдет – ғұрыптар;
- 3) Халықаралық конференциялар мен мәжілістердің Қорытынды Актілері;
- 4) Халықаралық ұйымдардың резолюциялары.

Халықаралық келісімшарт – оның субъектілерінің арасындағы құқық пен міндеттерді белгілейтін, солар үшін заңды міндетті халықаралық - құқықтық нормаларды тудыру туралы анық көрсетілген келісім. Халықаралық құқықтың субъектілерінің келісімдерінің 1-ші стадиясы – келісімшарттың мәтінін құрастыру және келісу; 2-ші стадиясы келісімшарттың мәтінінде көрсетілген ережелерді заңды міндетті түрде мақұлдау. Халықаралық келісімшарт (келісім, пакт, конвенция) халықаралық құқықтың ең негізгі қайнар көзі ретінде танылады. Келісімшарт, ереже бойынша, жазбаша формада болады. Оның мәтінінің астына қолдар қойылып оны мөрмен бекітеді.

Халықаралық әдет-ғұрып – ұзақ уақыт қолданудың нәтижесінде әдетке енген және мемлекеттердің санкциялауы нәтижесінде міндетті болып табылатын мінез құлық ережелері. Ол халықаралық құқықтың да, ұлттық құқықтың да қайнар көзі болып табылады.

2.Халықаралық құқықтағы субъектілері

Халықаралық құқықтың субъектісі–халықаралық құқықтың нормаларына немесе халықаралық-құқықтық актілердің ұйғарымдарына сәйкес туындайтын халықаралық құқық мен міндетті тасушы. Халықаралық құқықтың субъектісі- субъективті құқық пен міндет берілген халықаралық-құқықтық қатынастардың қатысушылары.

Халықаралық құқықтың субъектілерін 2 топқа бөлуге болады

1) Алғашқы (егеменді) субъектілер, оларға егемендігі бар мемлекеттер мен өз тәуелсіздігі үшін күресуші халықтар мен ұлттарды жатқызуға болады.

2)Туынды (егеменді емес) субъектілер халықаралық ұйымдар, мемлекет тәрізді құрылымдар.

Халықаралық құқықтың субъектілерінің ерекше тобы - жеке тұлғалар.

Ерекше құқықтық жүйесі ретінде халықаралық құқық ерекшелігі халықаралық құқықсубъектілік ерекшелігін айқындайды және сонында халықаралық субъектілерінің сапалы сипатында анықтайды.

Жалпы алғанда, халықаралық құқықсубъектілікті – тұлғаның халықаралық құқықтың субъектісі бола алатындай заңды қабілеттілігі ретінде анықтауға болады.

Халықаралық құқық субъектіліктің мазмұнын осындай субъектінің халықаралық-құқықтық нормалардан туындайтын негізгі құқықтары мен міндеттерін құрайды. Халықаралық құқық субъектілік өз табиғаты бойынша фактілі және заңды болып

бөлінеді, және де осыған сәйкес алғашқы және туынды халықаралық құқықтың субъектілері болады.

Халықаралық құқықтың алғашқы субъектілері (мемлекет, өз тәуелсіздігі үшін күресуші халықтар мен ұлттар) оларға тән мемлекеттік және ұлттық егемендікке-суверенность-іrsо fasto- байланысты халықаралық-құқықтық құқықтар мен міндеттерді тасушылар болып табылады.

Егемендік (мемлекеттік немесе ұлттық) оларды халықаралық құқықтың басқа субъектілерінен тәуелсіз етеді және олардың халықаралық қатынастарға жеке қатысу мүмкіндігін алдын-ала анықтайды. Халықаралық құқықтың алғашқы субъектілерінің құқықсубъектілігін белгілейтін нормалар жоқ, бірақ олардың құрылған сәттен бастап құқықсубъектілігінің болатынын бекітетін нормалар ғана бар.

Халықаралық құқықтың егеменді емес (туынды) субъектілерінің құқық субъектілігінің заңды қайнар көзі болып олардың - құрылтай құжаттары болып табылады. Бұндай құжаттар халықаралық келісімшарт түріндегі халықаралық құқықтың алғашқы субъектілері қабылдайтын және бекітетін олардың жарғылары болып табылады. Туынды халықаралық құқықтың субъектілерінің құқықсубъектілігі шектеулі, сондықтан да олардың құқықсубъектілігінің көлемі мен мазмұны халықаралық құқықтың алғашқы субъектілерінің ерік-жігеріне байланысты болады.

Халықаралық құқықтың субъектілерінің ішкі мемлекеттік құқықтың субъектілерінен ажырататын белгілері болады:

1) Халықаралық құқықтық нормалардан туындайтын құқықтар мен міндеттердің болуы;
2) Ұжымдық құрылым болып табылады [мемлекет билік және басқару аппарат; күресуші халық - ел ішінде және халықаралық қатынастарда оны білдіретін - саяси орган. Халықаралық ұйымдар - тұрақты әрекет ететін органдары; Биліктік өкілеттіліктерін жүзеге асыруда халықаралық- құқықтың субъектілері салыстырмалы түрде тәуелсіз және бір-біріне бағытынышты емес. Әрқайсысының өзінің халықаралық мәртебесі бар және халықаралық қатынастарға өз атынан қатысады].

3) Халықаралық нормаларды әзірлеуде және қабылдауда қатысатын қабілеттілігі бар. Келісімшарттың құқық-әрекет қабілеттілік халықаралық құқық субъектіліктің маңызды элементі. Халықаралық құқықтың субъектілері халықаралық-құқықтық нормалардың адресаттары ғана емес, сондай-ақ оларды шығаратын (тудыру, құрастыру) тұлғалар болып табылады. Халықаралық құқықтың субъектілері – сонымен бір уақытта халықаралық құқықтың саласы – халықаралық келісімшарт құқығының субъектілері болып табылады. Осы аталған үш элементтің болуы (халықаралық құқықтың нормалардан туындайтын құқықтар мен міндеттердің болуы, ұжымдық құрылым түрінде болуы, халықаралық құқықтық нормаларды құруда тікелей қатысуы) қандайда бір құрылымды халықаралық құқықтың субъектісі деп санауға болады.

Мемлекет халықаралық құқықтың негізгі субъектісі болып табылады. Халықаралық құқық субъектілік мемлекетке өзінің өмір сүру кезінен бастап тән.

Үкімет аралық емес халықаралық ұйымдар, (дүниежүзілік кәсіподақтар федерациясы), ереже бойынша, заңды және жеке тұлға қрылды және «шетелдік элементі бар» қоғамдық бірлестіктер болып табылады.

Халықаралық ұйымдрдың негізгі қатынастары:

1. Халықаралық нормаларды құруға қатысу құқығы;
2. Нақты биліктік өкілеттіктерді ұйым органдарының пайдалану құқығы; соның ішінде орындалуы міндетті шешім қабылдауға құқық;
3. Ұйымға және оның қызметкерлеріне берілген артықшылықтар менимунитеттерді пайдалану құқығы;
4. Қатысушылары арасындағы дауларды қарастыру құқығы;

1991ж. 14.06. «Қазақ КСР-дегі валюталық реттеу» Заң, Қазақ КСР Президентінің жарлықтарының, министірлер кабинетінің бірқатар жарғыларының шығарылуы.

Халықаралық құқықта субъектті объективті қасиеті болып:

1. Егемендік;
2. Дербес келісім-шарттық тәжірибе;
3. Шет мемлекеттермен дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасуы;
4. Егеменді мемлекеттің халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуы;

Осындай қасиеттер Қазақ КСР да

болды, ортақ халықаралық құқықтық субъектілікте көрінді. Тек 1991 ж.

бастап егеменді Қазақстан тікелей құқықтық субъектілікке ие болады. Ал бұл ҚР-

сына дербес халықаралық мәртебе, халықаралық құқық

негізінде құқықтық шығармашылықтың қатысушысы болуға мүмкіндік берді.

ҚР халықаралық құқықтық субъектілігі үшін егемендік қажет болды. Егемендік -

мемлекетке ішкі және сыртқы қатынастарда тәуелсіз сәт ұйым болуға мүмкіндік берді:

Халықаралық құқықтың субъектілерінің ерекшеліктері.

Мемлекеттер – халықаралық құқықтың негізгі субъектілері. Мемлекет өз тәуелсіздігінің күші бойынша құқық субъектілікке *ipso-facto*-ға ие, яғни өзінің өмір сүру фактісінің нәтижесінде ие болады. Халықаралық құқық субъектілік кез-келген тәуелсіз мемлекетке тән және өзінің шығу тегі мен сипатына қарай *алғашқы* және *негізгі* болып табылады.

Құқық субъектілік халықаралық құқықтық қатынастарға қатысудың алғышарты болады, ал мемлекеттер құқықтық мәртебені өзара айқындайды, құқықтар мен міндеттерді нақтылайды.

Өз тәуелсіздіктері үшін күресуші халықтар мен ұлттардың халықаралық құқық субъектілігі. Бұл бастапқы субъектінің болуы халықаралық құқықтың негізгі қағидалары – халықтардың теңдігі мен өз тағдырын өзі шешу қағидаларының мазмұнына байланысты. Азат етілген мемлекеттегі тәуелсіздік алған халықтың өзінің саяси мәртебесін өзгертуге құқығы бар.

Халықаралық ұйымдардың құқық субъектілігі. 1986 ж. Вена конвенциясының 3-бабына сәйкес, халықаралық ұйымдар халықаралық құқықтың субъектілері болып табылады.

Халықаралық ұйымдарда құқық субъектілік XX ғасырдың 20-жылдарында пайда болды.

Мемлекет көлемінің құзыреті қандай да бір халықаралық ұйым құрамындағы мемлекеттің құзыретінен әлдеқайда кең болатын атап өткен жөн.

Мемлекет тәрізді құрылымдардың халықаралық құқық субъектілігі. Ерекше саяси-аумақтық құрылымдарға «Еркін қалалар», Батыс Берлин мен қазіргі

кезде Ватикан жатқызылып жүр. Халықаралық құқықтың аталмыш субъектілері көптеген халықаралық конференцияларға қатысады, көп тарапты конвенциялардың қатысушысы болып табылады.

Жеке тұлғалардың халықаралық құқық субъектілігі. Көпке дейін халықаралық-құқықтық әдебиеттерде индивидтің құқық субъектілігі жоққа шығарылып келді. XX ғ. 80-

жылдарының аяғында индивидтің халықаралық құқық субъектілігінің жеке элементтерін мойындайтын еңбектер алғаш рет жариялана бастады. Жеке тұлға құқықтарының орындалуын бақылау мақсатында БҰҰ шеңберінде қосымша институттар құрылды.

Сөйтіп, жеке тұлғаның халықаралық құқық субъектілігін үзілді-кесілді жоққа шығару қазіргі кезде ескірді деуге болады. Бүгінгі таңдағы халықаралық қатынастарда жеке тұлғалардың халықаралық құқық субъектілерінің көлемі кеңеюде.

3. Халықаралық жария құқық - бұл құқық субъектілерінің еріктерін үйлестіру жолымен жасалатын, әрі заңдық тұрғыдан міндетті деп танылатын және қажетті жағдайларда мәжбүрлеу жолымен қамтамасыз етілетін заң нормаларының жүйесі және мемлекеттер арасындағы әр түрлі саяси, экономикалық және өзге де қатынастарды, сондай-ақ халықаралық қатынастарға қатысушы басқа да құрылымдарды реттейтін құқықтың бір бөлімі. *Халықаралық жария құқық* негізінен мемлекетаралық қатынастарды реттейді. Осы заманғы халықаралық құқық халықаралық жария және халықаралық жеке құқық болып екіге бөлінеді. *Халықаралық жария құқықтың* қызмет етуі үшін мынадай мәселелер өзекті болып табылады:

- Халықаралық құқық мемлекеттің көпшілік таныған нормалары мен қағидаларын сақтауын міндеттей келе, олардың сыртқы саясаты мен дипломатиясын шектеп отырады;
- Халықаралық құқық сонымен бірге сыртқы саясат пен дипломатияның дамуы үшін негіз бола алады;
- Халықаралық құқық сыртқы саясат пен дипломатиялық қатынастарға қатысушы органдардың қызметін реттейді;

Мәселен, халықаралық жария құқық өзінің жүйесінде дипломатиялық және елшілік құқық салаларын зеттейді. Оған халықаралық болсын, сондай-ақ ішкі мемлекеттік сипатта болсын, жетерліктей нормативтік база бар, мәселен 1961 жылғы дипломатиялық қатынас туралы Вена конвенциясы, 1963 жылғы елшілік қатынас туралы Вена конвенциясы, 2002 жылғы Дипломатиялық қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңы.

Халықаралық жария құқықтың қызмет етуінің оңды жақтарымен қатар, халықаралық ынтымақтастықтың, халықаралық бірлестік субъектілерінің уақыт өткізбей назарын аударатын шараларды да айта кету керек. Олар:

- Қарусыздандыру мәселелері, оның ішінде, ядролық қарусыздандыру;
 - Экоцид проблемалары – қоршаған ортаны қорғау;
 - Халықаралық қылмыстық құқық мәселелері;
 - Жауапкершілік институтының жүйеленуі;
 - Есірткі саудасымен күрес проблемалары;
 - Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық-құқықтық мәселелері.
- Халықаралық құқық дамуының аталған бағыттары мұнымен шектелмейді.

Халықаралық жария құқығының субъектілері

Халықаралық жария құқық субъектілері екі топқа бөлінеді: *алғашқы және туынды*.

Алғашқы топқа тәуелсіздігі бар мемлекеттер, өз тәуелсіздіктері үшін күресуші халықтар мен ұлттар кіреді. Соңғылары өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығын жүзеге асырады. Субъектінің бұл екі тобы алғашқы топқа жалпы белгілері – тәуелсіздігі арқылы біріккен. Мемлекетте ол белгі – мемлекеттік болса, өз тәуелсіздігі үшін күресуші ұлттар мен халықтарда – ұлттық белгі болады.

Екінші топқа халықаралық ұйымдар мен мемлекет тәріздес құрылымдар кіреді. Жеке тұлғалар халықаралық құқық субъектілерінің ерекше тобын құрайды.

4.Адам құқықтарын реттейтін халықаралық актілер мен шарттар. ХХІ ғасыр адамның құқықтары мен бостандығын бірінші орынға қойды. Әрбір демократиялық мемлекет адам құқықтарын құрметтеуге, оларды қамтамасыз етуге және бұзбауға міндеттенеді. 1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын қабылдады, онда адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу барлық мемлекеттер мен қоғамның аса маңызды міндеті екендігі жария етілді. Бұл Декларацияда өмір сүру құқығы, барлық адамдардың теңдігі, бостандық пен жеке басқа қолсұғылмаушылық құқығы, тұрғын үйді қорғау құқығы, азаматтық және саяси құқықтар алғаш рет айқындалды. Оның үлкен халықаралық маңызы да осында. Бұл Декларация 30 баптан тұрады. Олардың кейбіреулеріне жеке-жеке тоқталып өтейік. 1-бап. Барлық адам өзінің абыройы мен құқығы жөнінен бір-бірімен тең әрі азат болып туады. Оларға ақыл-ой мен ар-ождан берілген, ендеше бір-бірімен бауырмалдық рухында ғана қарым-қатынас жасауға тиісті. 3-бап. Әрбір адамның өмір сүруге, еркіндікке және қолсұғылмайтын дербестікке құқығы бар. 7-бап. Барлық адам заң алдында тең және ешқандай айырмасыз заңды түрде теңдей қорғалуға құқылы. 29-бап. Әрбір адам өзінің еркін әрі толық кемелденуіне мүмкіндік бере алатын қоғам алдында борышты. Өкінішке орай, жалпыға бірдей Декларацияда халықтар мен ұлттардың өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығы, соғысты насихаттауға тыйым салу көрініс таппаған. Декларацияда жарияланған адам құқықтары мен бостандықтарын

мемлекеттердің сақтау міндеттеріне нұсқау берілмеген, кепілдіктер көрсетілмеген, жарияланған адам құқықтарын жүзеге асыру жолдары мен құралдары айтылмаған. Алайда әлемдік қауымдастық эркашан әлемдегі соғыс пен зорлыққа тыйым салуға ұмтылады. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясынан басқа адам құқықтары туралы халықаралық пактілер бар. Олар — экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті, 1966 жылғы 19 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті. Оларда мынадай ережелер мазмұндалған: халықтар мен ұлттардың өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығы, еңбек ету құқығы, кәсіподақтық бірлестіктер құру құқығы, білім алу, ерлер мен әйелдердің теңдігі туралы жалпылама тең және құпия дауыс беру туралы құқықтар және т.б.

Халықаралық құқықтың негізгі қағидаларжүйесі.1. БҰҰ-ы Жарғысының алатын орны. 1970 жылғы Хельсинкидегі Кеңестің қорытынды актісінің маңызы. Қазақстанның осы актілерге қосылуы. Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары және мемлекеттің негізгі құқықтары мен міндеттері.

2) Мемлекеттердің егемендігінің теңдік қағидасы, оның мазмұны.

3) Күш қолданбау және қорқытпау қағидасы, осы қағиданың қалыптасуы. 1928 жылғы Париж Пактісі. Күш қолданбау және күшпен қорқытпау қағидасының мазмұны. Баса көктеудің ұғымын анықтау. Соғысты насихаттауға тыйым салу. Күш қолданбау қағидасы және мемлекеттердің өзін өзі қорғау құқығы.

4) Шекаралардың мызғымастығы қағидасы. Оның күш қолданбау және күшпен қорқытпау қағидасының органикалық байланысы.

5) Мемлекеттердің аумақтық тұтастық қағидасы. Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы, оның мазмұны және оның қолдану әдістері.

6) Басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидасы «мәні бойынша мемлекеттің ішкі құзіретіне кіретін істер» ұғымы. БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің шешімі бойынша қолданылатын шаралар және ішкі істерге араласпау қағидасы.

7) Халықтардың өзін-өзі анықтау және тең құқылық қағидасы, осы қағиданың қалыптасуы. Оның мазмұны. Халықтардың өз тағдырын шешу және өзін өзі билеу құқығы.

Халықтардың өзін-өзі анықтау және ұлттық егемендігі қағидасы. Мемлекеттердің ынтымақтастығы қағидасы.

8) Ынтымақтастық қағидасының мазмұны. Адамдардың құқықтарын қорғау қағидасы. Осы аталған қағиданың сақталуын қамтамасыз ету және араласпау қағидасына қатысты мемлекеттердің ынтымақтастығы.

9) Халықаралық міндеттемелерді адал орындау қағидасы. Қазіргі халықаралық құқықтағы осы аталған қағиданың дамуы және оның мазмұны

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Халықаралық құқық. Дәрістер курсы./Г.Б.Хан және т.б. редак. –Алматы: ҚазГЗУ, 2003.-472 б.
2. Кулжабаева Ж.О. Международное публичное право.- Алматы,2002.-467 с.
3. Сарсенбаев М.А. Международное право. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996.
4. Досжанова Г.С. Халықаралық құқық бойынша терминдердің түсіндірме сөздігі.- Алматы: Заң әдебиеті, 2003.-67 б.
5. Садыканова Ж.Е. Халықаралық бұқаралық құқық. Электрондық оқулық. - Өскемен, 2008.

Өзіндік бақылауға арналған тест сұрақтары:

1.Халықаралық құқық ұғымы

А.мемлекет аралық қатынастарды реттейді

В.тең құқылық қағидасы

С.мемлекеттердің егемендігі

Д.мемлекеттердің ішкі істеріне

Е.халықаралық құқық субъектілері

2.Халықаралық жария құқық дегеніміз?

А.негізінен мемлекетаралық қатынастарды реттейді

В.нормалары мен қағидаларын.

С.мемлекеттік құрылысын

Д.құқытың негізгі қағидалары

Е.міндеттемелерді ерікті түрде орындау

3.Халықаралық бұқаралық құқық дегеніміз?

А.халықаралық құқықтың субъектілері арасындағы саяси сұрақтар бойынша туындаған қатынастарды реттейді.

В.нормалары мен қағидаларын

С.елшілік құқық салалары

Д.мызғымастығы қағидасы

Е.мемлекеттің негізгі құқықтары мен міндеттері.

4.Халықаралық құқық салалары

А.Халықаралық құқық субъектілік құқық, халықаралық келісімшарт құқығы;

В.Халықаралық ұйымдар құқығы,қылмыспен күрес құқығы;

С.Халықаралық гуманитарлық,экономикалық құқық

Д.Халықаралық теңіз, ғарыш құқығы,қауіпсіздік құқығы

Е.Халықаралық әуе,атом құқығы;